

ТҰТЫНУШЫЛАРДЫ ҚОРҒАУ

МАЗМҰНЫ

Кіріспе

Қаржы қызметтерін тұтынушы деген кім?	4
Қаржы қызметтерін тұтынушыларды қорғаудың маңыздылығы	7
Халықаралық тәжірибе: шолу, негізгі үрдістер	10

Қаржы қызметтерінің тұтынушыларын қорғаудағы мемлекеттің рөлі

Құқықтық сауаттылықтың негізі	18
Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі	18
«Банктер және банктік қызмет туралы» Заң	20
Сақтандыру туралы заңдар	24
«Бағалы қағаздар нарығы туралы» заң	27
«Зейнетақымен қамсыздандыру туралы» заң	34
«Акционерлік қоғамдар туралы» заң	36

Мемлекеттік кепілдіктер

Халық салымдарын сақтандыру	40
Жинақтаушы зейнетақы жүйесі	42
Сақтандыру төлемдерін кепілдендіру	44

Қаржы нарығын реттеушілердің қызметіне шолу

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі	45
Қазақстан Республикасының Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау агенттігі (ҚҚА)	46
Қазақстан Республикасы Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығының қызметін реттеу агенттігі (АӨҚО)	49

Сот жүйесі

Жазбаша өтінішке қойылатын талаптар	54
Сотқа шағымдану	55
Сот қарауы кезіндегі шығындар	57
Моральдық зиянды анықтау	58

Несиелік бюро

Анықтамасы	62
Несиелік бюроньң жұмыс істеу схемасы	64
Несиелік есеп	66

Тұтынушалар үшін Қазақстан республикасындағы қаржылық қызметтерге шолу жасау

Банктік қаржы қызметтері	68
Банктік шот не үшін қажет	70
Банктік шотты қалай ашу керек	72
Төлем карталары	72
Банк депозиттері	78
Несиелер	83
Интернет-банкинг	96
Сейфтік сақтау	98
Салым құпиясы	103

Несие төлемейтін қарызгерлер қатысындағы банктің құқықтары

Коллекторлық агенттіктер	105
Кепілге салынған мүлікті сату	116

Қаржы нарығындағы алаяқтық

Тарихқа шолу	119
Қаржы пирамидалары	120
Пластикалық карталармен байланысты алаяқтық	129
Интернеттегі алаяқтық	136
Несиелермен байланысты алаяқтықтар	146
Жылжымайтын мүлік нарығындағы алаяқтық	151

Қосымша	155
----------------------	-----

КІРІСПЕ

Қаржы қызметтерін тұтынушы деген кім?



Тұтынушы – өзінің жеке өнімін қоса алғанда, кез келген өндірген өнімді, кез келгеннің қызметін пайдаланатын тұлға немесе ұйым.

Б. Райзберг, Л. Лозовский, Е. Стародубцева. Современный экономический словарь

Біз күнделікті нан, сүт, картоп сатып аламыз, шаштаразға барамыз, ұялы байланысты қолданамыз, басқаша айтқанда – тауарлар мен қызметтерді пайдаланамыз. Бұл үшін ақы төлейміз, сондықтан оның орнына бізді қанағаттандыратын сапалы өнім алуға құқылымыз. Дамыған елдерде тұтынушының құқығы сенімді түрде заңнамамен бекітілген және атқарушылық деңгейде қорғалған. Қазақстанда тұтынушылардың құқықтарын қорғау кепілдігін 1991 жылғы «Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы» заң қамтамасыз етеді. Бұл заңның бүгінгі күні өзекті болып саналатын мәселелерді қамтитын жаңа редакциясы 2009 жылы күшіне енеді.

Тұтынушылардың тағы бір санаты – қаржы қызметтерінің тұтынушылары. Бүгінгі күні, біздің өмірімізді жеңілдететін қаржы жүйесі және жоғарғы технологиялар қарқынды дамыған кезде, барлығымыз қандай да бір дәрежеде қаржы қызметтерінің тұтынушыларына айналдық. Бұл қалайша? Біз өз жинақтарымызды банктік депозитте сақтаймыз, несиелер аламыз, пластикалық карталарды пайдаланамыз, интернет-банкинг жүйесінің көмегімен шоттарды төлейміз, өз мүлкімізді сақтандырамыз, зейнетақы қорымызға – біздің қалтамызға, тіпті материалды амандығымызға тікелей әсер ететін осы барлық қаржы қызметтерін саламыз.

Сондықтан қаржы өнімдерінің секторы біздің өмірімізде, күнделікті тауарлар мен қызметтерге қарағанда, маңызды роль атқарады. Қаржыға қатысты кез келген шешімдер біздің тағдырымызға әсер ететін көзге көрінер, салыстырмалы нәтижелер бермек. Егер сіз ақшаңызды сауатты жұмсайтын болсаңыз, онда сіздің ертеңгі қаржы негізіңіз берік қаланады әрі өзіңіздің армандарыңызға қол жеткізе аласыз. Егер жұмсай алмасаңыз... Келісіңіз, болашақ зейнетақыңыз байланысты болатын, зейнетақы қорын таңдауда қателесуіңіз мүмкін, сізге бұл ашыған қаймақ сатып алу емес.

Сондықтан қаржы қызметтерін тұтынушы – банктердің, инвестициялық компаниялардың және сақтандыру фирмаларының қарапайым клиенті ғана емес, сондай-ақ, өзінің капиталын басқаратын және өзінің материалдық болашағын құратын инвестор да.

«Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы» заң азаматтардың қаржы ұйымдарымен өзара қарым-қатынастарын қарастырмайды, себебі бұл жерде барлық тәуекелдері бар инвестициялық жасаушы әрекет етеді. Ал, егер сен инвестор болсаң, онда салымдармен байланысты барлық тәуекелдерді өзің көтеруің керек.

Дегенмен, мемлекет басқа заңдар арқылы, соның ішінде Азаматтық кодекс және нақты салаларды реттейтін нормативтік актілер арқылы қаржы қызметтерінің тұтынушыларын қорғауды қамтамасыз етеді.

Көптеген азаматтар барлық мүмкін қаржы қызметтерін пайдалану кезінде жедел несиені алудан бастап қор нарығындағы инвестициялауға дейін әртүрлі қорқыныштарды сезінуі тиіс. Ал, маған рұқсат бермесе? Қаржы проблемалары туындауы мүмкін бе? Ал, егер мені «алдап кетсе ше»? Мен ақшаларымды жоғалтып алмаймын ба? Менің сауатым жеткілікті ме?

Қаржы қызметтерін тұтынушылардың сұрақтары көп. Осы қорқыныштар мен күмәндардан арылу үшін қаржы секторы жайында пайдалы ақпараттарды меңгеріп, алғашқы қолдардан мәлімет алу қажет. Барлық аталған сұрақтарға жауаптарды «Тұтынушыларды қорғау» кітапшасынан табуға болады. Бұл кітапша Елбасының бастамасымен Қазақстан Республикасының Үкіметімен қабылданған Қазақстан Республикасы халқының инвестициялық мәдениеті мен қаржылық сауаттылығын арттырудың 2007–2011 жылдарға арналған бағдарламасы аясында жарияланып отыр. 2008 жылғы қыркүйектен бастап Бағдарламаның іске асырылуына Қазақстан Республикасы Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығының қызметін реттеу агенттігі жауап береді.

Осы мәселедегі Агенттіктің маңызды стратегиясы барлық қолданыстағы қаржы құралдары жайында толық ақпарат беруге бағытталған. Соның ішінде, «Мен – инвестормын», «Отбасылық бюджетті басқару негіздері», «Алаңсыз қарттық», «Менің алғашқы капиталым», «Қарызға өмір сүру» сияқты басылымдар жарияланды. Сондай-ақ, білім беру теледидарлық бағдарламалар циклін іске қосу және басылымдар серияларын тарату жобалануда.

«Тұтынушыларды қорғау» тақырыбына жазылған қаржы-

лық сауаттылық жайындағы осы материалда біз қаржы қызметтерін пайдаланушы деген кім және оның мүдделерін қорғаудың тиімді жүйесін құрудың соншалықты маңыздылығы неде, бұл қаржылық нарығы дамыған батыс елдерінде қалай екендігі жайында толығырақ әңгімелейміз. Сонымен бірге, Қазақстанда қаржы қызметтерін пайдаланушылардың құқықтарын іске асыру тетігі қандай: заңнама (келесі секторларды құқықтық реттеу: банктер, сақтандыру компаниялары, бағалы қағаздар нарығы, зейнетақы жүйесі), мемлекеттік кепілдендіру (халық салымдарын сақтандыру, жинақтау зейнетақы жүйесі, сақтандыру төлемдерін кепілдендіру) мен реттеу жүйелері (Ұлттық Банк, ҚҚА, АӨҚО), сот жүйесі арқылы және т.б. Несие бюросы мен банктік сектор қалай жұмыс істейді – соның ішінде банк қызметтерінің мәні мен ерекшеліктері: банктік шоттар, аудару операциялары, төлем карталары, депозиттер, несиелер, интернет-банкинг және т.б. Сондай-ақ, қаржы нарығында алаяқтық қызметтерінің түрлерін және алаяқтардың әрекеттерінен қорғау тәсілдерін қарастырамыз.

Осы ақпарат әрекет етуші және болашақ қаржы қызметтерінің тұтынушылары үшін пайдалы, ең алдымен, қаржы және инвестициялық өнімдер мен қызметтерді тиімді пайдалану, соның ішінде өзінің жинақтарын қауіпсіздендіру мақсатында алған білімдерін жемісті пайдалану үшін қажет.

Қаржы қызметтерін тұтынушыларды қорғаудың маңыздылығы

Қаржы қызметтерін пайдаланатын азаматтар мемлекеттің қорғауын қажет ететіндігі жайында айту қажет пе? Біріншіден, қаржы нарығы қоғамдық өмірдің басқа саласы секілді, тәртіп болу үшін билікпен реттелетіндігі табиғи нәрсе. Екіншіден, көптеген адамдардың қаржы саласы бойынша білім-

дері төмен, ал белгілі бір түсінігі барлар осы нарықта болып жатқан өзгерістер жайында біле бермейді. Ал, егер бүкіл халықтың қаржылық сауаттылығы болмаса, оның жетіспеушілігі нақты адам ғана емес, сондай-ақ бүкіл ел болып қиын жағдайға ұшырауы мүмкін.

Қаржы қызметтерінің тұтынушыларын тиімді қорғау халықтың қаржылық секторына сенімді болуы және осы нарыққа үміт артуы үшін, сонымен қатар қаржы қызметтерін пайдалану кезінде азаматтардың мүмкін тәуекелдерін ба-рынша төмендету үшін қажет. Сондай-ақ, тұтынушылардың қаржы процестеріне қатысуы қазіргі заман экономикасының сұраныстарына сәйкес қаржылық делдалдық көрсетуде жүйенің өтімділігін және оның мүмкіндігін арттырып, қаржы жүйесіне пайда әкеледі. Халықты қаржы нарығына тарту және барлық азаматтар үшін қаржы нарығының түрлі құралдарына кеңінен қол жеткізу қаржылық тұтынушыларды қорғау бойынша кез келген бағдарламаның маңызды мақсаттары болып табылады.

Қаржы нарықтарының тұтынушыларын жүйелік қорғау нарықтағы кейбір қаржы нарықтарының әділетсіз мінез-құлықтарынан, мысалы, бөлек компания клиенттердің сауатсыздығын жеке мақсаттарда пайдаланудан қорғауды қамтамасыз ете алады. Қаржы ұйымдарын қадағалау осындай этикалық емес қылықтарды жою үшін қажет.

Тұтынушыларды қорғаудың күшті режимі қаржы мекемелерінің қызметтері туралы толық әрі таза ақпаратты алуға заңды құқық ұсынып, азаматтарға көмек көрсете алады, сонымен қатар, егер қаржы мекемесі заңсыз және алаяқтық әрекеттерге қатысатын болса, тиісті шараларды қабылдау мүмкіндігін ұсынады.

Өнеркәсібі дамыған елдерде қаржы саласындағы реттеу органдары тұтынушылардың төлемдері, соның ішінде не-

сие карталары және ұжымдық инвестициялық қор туралы ақпаратты дәл, әрі толық жария ету туралы ережені әзірледі. Мысалы, АҚШ-та жүргізілген зерттеу, чек бойынша қолма-қол ақша алу орталықтары сияқты, қаржы қызметтерінің баламалы жеткізушілерді пайдаланатын тұтынушылардың 58 % чектік немесе жинақтау шотына ие болған, бірақ оларды пайдалануды қажет етпейтін. Кірісі төмен осындай тұтынушылардың негізгі проблемасы банктік төлемдер туралы таза ақпаратты ұсынбайтын жүйеге сене алмайтындығы, сонымен қатар қаржы мәселелерінде олардың құрылу деңгейінің төмендігі. Олай болса, қаржылық сауаттылық және тұтынушылардың мүдделерін қорғау мәселесі, басқа елді айтпағанда, әлемдегі экономикасы дамыған елдерде де өзекті болып табылады.

Тұтынушыларды қорғау мәселесі жеке тұтынушылар арасында қатынастар мен өзара әрекеттеріне қатысты, яғни қатардағы азаматтарға және қаржы мекемелеріне де қатысты екендігін атап өту керек. Кез келген ұйымның қаржы қызметтерін пайдаланатын заңды тұлға (фирма, банк, кәсіпорын), қорғауды қажет ететін қаржы қызметтерінің тұтынушылар санатына кірмейді. Өйткені, мысалы, инвесткомпания – бұл тәжірибесі жоқ жеке тұтынушымен салыстырғанда, өзінің мүддесін қорғай алатын жоғары білікті кәсіби клиент.

Тұтынушылардың мүдделерін қорғау үшін араласу қажеттілігі қаржы қызметтерінің нарығы жеке тұтынушыларды қорғай алмаған жағдайда туындайды. Академиялық әдебиетте жеке тұтынушылардың мүдделерін шектейтін нарықта алты әлеуетті қиындықтар бөліп көрсетілген:

1) **Тұтынушыларға сай келмейтін ақпараттар.** Ақпарат кейбір тұтынушылар үшін қымбат немесе оған қол жеткізу қиын болуы мүмкін.

2) **Тұтынушылардың қаржы өнімдерінің сапасын бағалай алмауы.** Күрделі қаржы өнімдеріне қатысты барлық

тиісті ақпарат ашылғанымен, оны бағалау қиынға соғуы мүмкін.

3) **Сапасыздық проблемасы.** Тұтынушылар, қаржы мекемелері өз өнімдерін тұтынушылардан жақсы білетінін мойындайды. Кейбір тұтынушылар сапасыз өнімдерден қауіптеніп нарықтан шығуы мүмкін.

4) **Шоттарды басқарудағы тәуекелге әр түрлі бейімділік.** Инвесторлардың қорларын басқаратын қаржы мекемесі басым тәуекелді қабылдай алады, өйткені, инвестор төмендету тәуекеліне қатысады, ал қаржы мекемесі арттыру мүмкіндігін пайдаланады.

5) **Мүдделердің даулары.** Қаржы мекемесі инвестордың активтерін мекемеге пайда және инвесторға шығын әкелетін инвестицияларға орнықтыруға ықпал етеді.

6) **Жеткізушілерді бақылау қажеттілігі.** Егер қадағалау органдары белсенді болмаса, онда тұтынушылардың тобы жұртшылыққа ұсынылатын қаржы қызметтерінің сапасын бақылауы тиіс.

Халықаралық тәжірибе: шолу, негізгі үрдістер

Әлемде қаржылық сауатсыздықты жоюмен соңғы бес жылда белсенді айналысып келеді. Шетел мемлекеттерінің үкіметтері жалғыз экономикалық даму, ЖІӨ қарқынды түрде өсуі және қаржы жүйесіне инновацияны ендіру аз екендігін түсінді. Дамыған елдердегі халықтың негізгі бөлігі қаржы өмірінен тыс қалып, болып жатқан экономикалық оқиғалар мен құбылыстарды түсіне алмайтын. Сондықтан, жаңа маңызды мәселе қаржылық және инвестициялық процестерге халықтың белсенді қатысуын қамтамасыз ету болды. Нәтижесінде адамдардың қаржылық сауаттылығын арттыруға қатысты түрлі бағдарламалар іске қосылды.

АҚШ

Сарапшылардың пікірінше, қаржылық білім негізін тарату тиімділігі бойынша АҚШ-ның тәжірибесі мол, олар бұл проблемаға 80-90 жылдары ерекше назар аударған. Қазіргі уақытта АҚШ халқының қаржылық сауаттылығын арттыру нысаны әртүрлі. Бұл федералды және жергілікті бағдарламалар, сонымен қатар қоғамдық ұйымдардың, қауымдастықтардың және әріптестердің бастамасы бойынша өткізілетін бағдарламалар болып табылады.

«АҚШ-тағы қаржылық сауаттылық» федералды бағдарламасы көпшілікке танымал. Оның мақсаты «американдықтарға бүкіл өмірлеріне құзыретті шешімдерді қабылдау үшін тәжірибе мен дағдылар алуға көмектесетін қаржы тақырыптары бойынша білім алу бағдарламасына қол жеткізуін қамтамасыз ету болып табылады. Құзыретті шешімдерді қабылдау маңызды мәнге ие салаларына негізгі жинақтар, несиелерді басқару, мүлікті иемдену және зейнетақылық жоспарлау жатады.

Федералды биліктер осы бағдарламаны біріктіріп, бизнеспен қатар осы бағдарламаның іске асырылуын қаржыландырады. Оны іске асыру қорытындылары бойынша алынған нәтижелер ұлттық стратегияда есептеледі. Бағдарлама аясында белгілі шараларды өткізу үшін еріктілерді ұсына отырып, сарапшылық білімдерімен және тәжірибелерімен бөлісіп қана қоймай, сонымен қатар қаржыландыруға белсенді қатысатын банктер тартылған.

Жергілікті биліктердің бастамалары қатардағы американдықтардың қаржылық сауаттылығының деңгейін арттыруда үлкен қызмет атқарды. Мысалы, Делавэр штатының қазынашылығы қарамағында «Қалтадан активтердің портфеліне дейін» атты бағдарламамен айналысатын бастапқы

құрамы әйелдер болған мектеп әрекет етеді. Семинарларды кәсіпкерлік саласындағы мамандардың арасынан еріктілер өткізді, қаржыландырудың негізгі көзі кәсіпкерлер болды. Осы мектептің озық тәжірибесі басқа штаттарға да таратылды.

Қаржылық білім беру саласындағы көптеген бастамалар назар аударарлық объектілері қаржылық сауаттылығының жергілікті орталықтары, Интернет және қаржылық білім беру мәселелері бойынша кеңес алуға болатын басқа да технологиялық ресурстар болып табылатын ірі инвестициялық компаниялар тарапынан ұсынылады. Сондай-ақ, жеке бизнес тұтынушылар несиелерінің кеңес беру қызметтерін, табыс салығын онтайландыру бағдарламаларын, тиісті мамандықтағы оқытушылар мен нұсқау берушілерді даярлау семинарларын қолдауға, сонымен қатар мақсатты бағдарламаны іске асыру болып табылатын қайырымдылық гранттарын және қаржылық білім беру бастамаларын қолдауға мол қаражат бөледі.

Қаржы сауаттылығының америкалық жүйесін меңгеру мәселесін тиімді шешу үшін, біріншіден, олардың әрқайсысы күштерін өзінің әрекет ету саласында біріктіретін әртүрлі ұйымдардың арасында күштерді біріктіру қажет екендігін қорытындылауға мүмкіндік береді. Екіншіден, барлық қолданыстағы коммуникациялық құралдарды – Интернет, телефон, поштаны, жарнама алаңдарын іске қосу қажет. Егер бірнеше рет және әр түрлі арналар арқылы қайталайтын болса, ақпараттық жариялым тиімдірек екендігін тәжірибе көрсетіп отыр. Үшіншіден, ұсынылатын қызметтер барынша «тұрақты» болуы тиіс, яғни алған білімдерін кейін емес, оқуды аяқтай сала қолдану мүмкіндігімен аудитория тарапынан болатын қызығушылыққа себепші болу керек. Ол үшін оқу материалдарын және әдістемелік құралдарды дұрыс тұспалдап, жетістіктің сенімді критерийлерін өңдеу және нақты тақырыптарға назар бөлу қажет.

Еуроодақ

ХВҚ бас экономисті Николас Бланшер, батыс Еуропада азаматтардың қаржы сауаттылығымен байланысты проблемалардың бар екендігін атап айтты. Оның пікірінше, жинақтың маңыздылығын бағаламайтын Ескі әлем халқының қаржылық сауаттылығын арттыру қаржы жүйесінің тұрақтануына алып келеді.

Нидерландта адамдардың 65% зейнетақы жоспарларын білмейді. Ұлыбританияда халықтың 44% мән-жайын түсінбестен, автоматты түрде белгілі бер зейнетақы жоспарына жазылады. Францияда адамдар зейнетақы жоспарын, медициналық сақтандыру механизмдерін таңдайды. Сондықтан үкімет тұтынушыларға қажетті ақпаратты сауатты түрде ұсынуы тиіс.

Қаржылық сауаттылықты арттыру жұмысының мақсаты – бір амалды ұсыну емес, халыққа дербес ойлануына, өзіне-өзі сұрақ қоюына себепші болу керек – деп санайды Николас Бланшер.

Сарапшы атап көрсеткендей, адамдардың қаржылық сауаттылығын мектеп табалдырығынан қалыптастыру, ұзақ мерзімді жоспарлау ерекшеліктерін түсіндіруден бастау керек. Сондай-ақ, осындай ақпаратты қажет ететін халық тобын анықтап алу қажет. Ұлыбританияда барлық мүдделі тараптардың күштерін және қаржы сауаттылығын арттыру механизмдерін Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы (ЭЫДҰ) реттейді. Құқылы ортаны және түрлі қаржы өнімдерін құру үшін салық сауаттылығын арттырып, халықты процеске тартудың әртүрлі нұсқаларын ұсыну талап етіледі.

Еуроодақта халықаралық-құқықтық реттеудің негізгі бағыттарының бірі қаржы қызметтерін тұтынушылардың құқықтарын қорғау болып табылады. Бұл қаржы нарығының

кәсіби емес қатысушылары, яғни қатардағы азаматтар, әдетте коммерциялық ұйымдар әрекет ететін нарықтың кәсіби қатысушыларымен салыстырғанда әлсіз тарап болып саналады.

ЕО қаржы қызметтерін тұтынушылардың құқықтарын заңмен қорғау жеке құқық қағидаттарына сәйкес шаруашылық қатысында тараптардың теңдігін қамтамасыз етуге бағытталған. Ол үшін Одақта келесі нормалар бекітілген:

1. Тұтынушылар және нарықтың кәсіби қатысушылары қатысында әділетсіз шарттарға тиым салу:

а) тұтынушылар шарттарындағы әділетсіз шарттарға тиым салу;

б) әділетсіз коммерциялық тәжірибеге тиым салу.

2. Кәсіби қатысушылардың және қаржы қызметтері нарығының кәсіби емес қатысушыларының өзгешелі құқықтарының (мысалы, бір жақты шартты бұзу құқығы) ба-сым жауапкершілігі.

Әділетсіз шарттарды белгілеуге тыйым салу нарық қатысушыларының шарттық сияқты, шарттан тыс қатынастарын да қамтиды. Тұтынушымен жеке талқыланбаған және шарттың қатысушы тараптарының құқықтары мен міндеттерінің маңызды сәйкес келмеуін тудыратын, тұтынушыға зиян келтіретін шарттар ЕО әділетсіз шарттар деп танылады.

Коммерциялық тәжірибе деп шартты жасау бойынша шаруашылық субъектілері арасында туындайтын құқықтық қатынастарды, сонымен қатар «клиенттерді тартуға», олармен шарттарды келісуге бағытталған және т.б. қаржы мекемелерінің әрекеттерін айтады. Әділетсіз коммерциялық тәжірибе нарықтың кәсіби қатысушысының әрекеті немесе әрекетсіздігі түрінде көрінетін «жаңылуға алып келетін тәжірибеге», сондай-ақ, тұтынушының белгілі бір шешім қабылдауына мәжбүрлеу мақсатында оған қысым жасайтын «агрессиялық тәжірибеге» бөлінеді.

ЕО құқығы шарттың және коммерциялық тәжірибенің әділетсіз шарттарының критерийлерін тудырады. Шындығында, бұл критерийлер заңнамада анық көрсетілмеген, сондықтан туындайтын даулар көбінесе сотта шешіледі.

Ресей

Ресейде бүгінгі күні бизнеспен терең ықпалдасқан халықтың қаржылық сауаттылығын арттыратын мемлекеттік жобалар жоқ. Халықаралық ұйымдардың – Дүниежүзілік банктің, ЕҚДБ, ХВҚ, ТАСИС жобалары бар, министрліктер мен ведомстволардың жеке жобалары (федералды ұлттық бағдарламалар және басқалар) және нарық қатысушыларының – компаниялардың, банктердің, түрлі қорлардың жекелеген жобалары бар. Дегенмен, алғашқы екі жағдайда халықты қаржылық ағарту қосымша қызмет атқарады, кейде, тіпті қағаз жүзінде қалады. Бизнеспен қаржыландыратын жобалар болса әрекет ететін және әлеуетті клиенттерге шамаланған және сатуды көбейтуді ғана көздейді. Сондай-ақ, олардың мақсаттары мен мәселелері ортақ емес, тек қатар әрекет етеді.

Дүниежүзілік банкпен және басқа халықаралық ұйымдармен жүргізілген зерттеулер, ресейліктердің басым бөлігінің базалық қаржылық білімі бар екендігін дәлелдейді. Бұл азаматтардың өздерінің қаржылық амандығын қамтамасыз ету үшін дұрыс шешімдерді қабылдау мүмкіндігін шектейді. Олар оп-оңай түрлі теріс пайдаланудың құрбаны болады. Сондай-ақ, халықтың маңызды бөлігіне: тұрмысы нашар, шалғай аудандардың тұрғындары және маргиналды бөліктерінің өкілдері үшін - қаржы қызметтерін пайдалану шектелген. Бұл факторлар елдің экономикалық дамуын тежейді.

Visa компаниясының Бас директорының орынбасары Татьяна Смирнова атап көрсеткендей, Ресей халқының «55% бан-

ктік қызметтерді мүлдем пайдаланбайды. Адамдар көбінесе тұтынушы несиелері жайында біледі, ал инвестициялық портфельдер және несие карталары жайында хабарлары жоқ».

«Русславбанк» АҚБ Президенті және Басқарма төрағасы Николай Гусман өзінің пікірін дәлірек былай деді: «Ресейде банктік қызметтер сұранысқа ие: халықтың 16% ақшаларын депозиттерде сақтайды, 14% несие алғандар. Ақша аударымдарын кем дегенде адамдардың 30% пайдаланады. Аударым көлемі жылына шамамен 60% артып жатыр. Жоғары жалақылар біздің елге арзан еңбек ресурстарын тартады. Ешқандай қаржы институттарына және делдалдарға сенбейтін бұл адамдарды дамытып, олардың сауатын ашу керек».

Осы мәселелерді орындайтындардың қатарына Ұлттық қаржылық сауаттылыққа ықпал ету қорының атқарушы директоры Ирина Куновская кіреді. «Біздің қордың негізгі мәселелерінің бірі елдің әлеуметтік-экономикалық жағдайының ерекшеліктерін және жинақталған ресейлік және халықаралық тәжірибені ескере отырып, ресей азаматтарының қаржылық сауаттылығын арттыруға бағытталған мақсатты бағдарламалар мен жобаларды құру, қолдау және іске асыру болып табылады. Қордың негізгі құрамы – бүгінгі күні қаржы саласына тәуелді жастар. Өйткені қаржы нарығын объективті дамыту қаржы өнімдерінің күрделенуі мен дифференциациясына, сонымен қатар қаржы нарығындағы қиындықтың және «бағаны» таңдаудың артуына алып келеді. Сондай-ақ, процесс бәсекелестіктің күшеюімен, жарнаманың артуымен және несие өнімдеріне барынша қол жетімділікпен жалғасады».

Дегенмен, бұған қарамастан, Ресей жастарының қаржы сауаттылығының деңгейі жоғары емес. Білім беру жүйесінде жеке қаржылық жоспарлау негіздері оқытылмайды, ал қаржы нарығында алған ата-аналарының тәжірибесі көп-

теген жағдайларда шектеулі әрі теріс. Олай болса, келесі артықшылықтарды бөліп қарауға болады: қоғамның халыққа қаржылық білім беру маңыздылығын тануы, жастардың қаржылық сауаттылығын арттыру саласы бойынша басқа елдердің тәжірибесін және осы саладағы мемлекет ролінің белсенділігін меңгеру. Сәйкесінше, бүгінгі күні алда жаңа мәселелер тұр:

- қаржылық білім беру деңгейін кеңейту;
- оқу материалдарын әзірлеу және бейімдеу;
- білім беру бағдарламаларының тиімділігін арттыру;
- оқу процесіне ендірудің тиімді түрлерін таңдау;
- оқытушыларды даярлау;
- ғылыми зерттеулерді тереңдету.

Ресейде тұтынушыларды қорғау институттары Батыстағыдай дамымаған. Сондықтан шетелдік және ресейлік әріптестер арасында дауларды болдырмау мақсатында, сонымен қатар отандық тұтынушылардың мүдделерін шектемеу мақсатында еуропалық стандарт деңгейінде Ресейде нарықтың кәсіби емес қатысушыларының қорғалуын қамтамасыз ету қажет.

Үндістан

Үндістан үкіметінің өкілі Гиан Бушан көрсеткендей, Үндістан азаматтары жинақтарының үлесі ЖІӨ 29% құрайды. Бірақ жинақтың негізгі бөлігі алтынмен сақталады, дегенмен соңғы 25 жылда алтын 54 есеге өсті, ал акциялар нарығы – 129 есе өскен.

Үндістан азаматтарының қаржылық сауаттылығын арттыру жұмысы жергілікті халықтың жаңа және ескі қаржы құралдарында ешқандай жинақтарының жоқтығын көрсетті, олардың 55,4% ақшаларын білімге, 36,6% – балаларының

үйлену тойына және 31,5% – қарттыққа салады. Бұл жағдайда респонденттердің шамамен 72% ешкімнен кеңес алмайды, 58% ақшаларын жинақтаушы банкте сақтайды, 6% – бекітілген депозитке ие болса, сұрауға қатысқандардың 11% мерзімді депозиттерді пайдаланғанды жөн көреді.

ҚАРЖЫ ҚЫЗМЕТТЕРІНІҢ ТҰТЫНУШЫЛАРЫН ҚОРҒАУДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІҢ РӨЛІ

Құқықтық сауаттылықтың негізі

Қаржы жүйесінің барлық жұмысы негізделетін заңнамалық ережелерді білу өте маңызды. Қаржы мекемелерінің көптеген клиенттері маңызды қателер жіберген және құқықтық сауатсыздығынан және жасалатын шарттарға немқұрайлы қарауынан маңызды материалдық зиян келтірген. Тиісті заңдарды біле отырып, қаржылық қарым-қатынастардың жүйелерін жақсы түсіне аласыз, сондай-ақ, қаржы ұйымдарымен жұмыс істегенде өзіңіздің мүдделеріңізді қорғай аласыз.

Қазақстанда қаржы қызметтерін тұтынушылардың құқықтарын қорғау мәселелері Азаматтық кодекспен және қаржы нарығының түрлі секторларын, мысалы, банктік, зейнетақы, сақтандыру, бағалы қағаздар нарығының жүйесін және т.б. реттейтін заңнамалық актілермен реттеледі.

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі

Азаматтық кодекске сәйкес әрбір тұтынушы алған қаржы қызметтеріне қанағаттануына құқылы. Соның ішінде:

- тауарларды сатып алу, жұмыстар мен қызметтерді пайдалану шарттарын еркін жасау;
- тиісті сапа және тауарлардың (жұмыстардың, қызметтердің) қауіпсіздігі;
- тұтынушылардың қоғамдық ұйымдарына бірігуі.

Азаматтар және заңды тұлғалар өзінің қалауы бойынша оларға тиесілі азаматтық құқықтарды, соның ішінде оларды қорғау құқығын иемденеді. Өзінің азаматтық құқықтарын сот, төрелік сот немесе аралық сот арқылы қорғай алады және өзінің құқықтарын тануға; құқықтың бұзылуына дейінгі қолданылатын ережелерді қалпына келтіруге; құқықты бұзатын немесе оны бұзуға қауіп төндіретін әрекеттерді қолдануға; міндеттемелердің табиғи түрде орындалуын кесіп айтуға; зияндарды, тұрақсыздық айыптарын өндіріп алуға; мәмілені жарамсыз деп тануға; моральдық зиянды өндіріп алуға; құқықтық қатынасты тоқтатуға немесе өзгертуге; мемлекеттік басқару органының немесе жергілікті өкілеттік немесе атқарушы органның актісін жарамсыз деп тануға немесе заңнамаға сәйкессіздігін анықтауға; құқықты алып қою немесе іске асыру кезінде азаматқа немесе заңды тұлғаға кедергі болу үшін мемлекеттік органның немесе лауазымды тұлғадан айыппұлды өндіріп алуға құқылы.

Азаматтық кодекс азаматтардың негізгі құқықтары бойынша қаржы қызметтерінің тұтынушылары және қаржы мекемелері арасындағы қатынастарды реттейді. Тиісті заңнамалық актілер қаржы нарығында өзара әрекеттерді бақылайтын басты құқықтық негіз болып табылады.

Қаржы қызметтерінің тұтынушыларының құқықтарын қорғауды құқықтық қорғау ерекшеліктері:

- банктік секторда;
- сақтандыру секторында;
- бағалы қағаздар нарығының секторында;
- зейнетақы қызметтерінің секторында.

«Банктер және банктік қызмет туралы» заң.

Заң клиент алдында таза болуын бұйырады, яғни алғашқы талап еткен сәттен бастап қаржы операцияларын жүргізу ережелеріне және тиісті тәуекелдерге қатысты барлық ақпараттарды ұсынады.

32-бап. Банктік операцияларды жүргізудің жалпы шарттарын ашу міндеттілігі

2-тармақ. Банктер клиенттің бірінші талап етуі бойынша банк операцияларын жүргізудің жалпы шарттар туралы ережесін беруге міндетті.

3-тармақ. Банктердің клиентке банк операциясын жүргізуге байланысты ықтимал тәуекелдері туралы ақпарат беруден бас тартуға құқығы жоқ.

Көп жағдайда азматтардың банктермен өзара әрекет ету шарттары олардың арасында жасалатын шарттарда көрсетіледі. Бұл жағдайда әрбір тараптың құқықтары мен міндеттері келісім-шартта мазмұндалады. Банк клиенттері қағаздарға қол қоймас бұрын, банктер ұсынатын шарттардың талаптарымен толық танысуы тиіс.

33-бап. Банк пен клиент арасындағы қатынастардың шарттық сипаты

1-тармақ. Банктер арасындағы, сондай-ақ банктер мен

олардың клиенттері арасындағы қатынастар, егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, шарттар негізінде жүзеге асырылады.

2-тармақ. Банк клиенттері, егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, кредитор-банкті хабардар ете отырып, басқа банктерде банктік шоттар ашуға құқылы.

Сонымен қатар, заң азаматтарға өзіне материалды зиян келтірмей (әрине, банк комиссияларын есептемегенде), төлемдер жүргізу және банктер арқылы ақша аудару құқықтарын қамтамасыз етеді, ал осы операцияларды жүргізудің шарттарын клиент өзі дербес таңдайды.

38-бап. Төлемдер және ақшалай қаражаттар аударуды жүзеге асыру

2-тармақ. Ақша және төлемдер аудару тиісті дәрежеде жүзеге асырылмаған ретте банк Қазақстан Республикасының заңдарына және клиентпен (депозитормен) жасасқан шартқа сәйкес жауапты болады.

Ең маңыздысы. Заң банктерге және басқа несие мекемелеріне клиент еркіне қарсы несие сыйақыларын – пайыздық мөлшерлеме немесе кез келген басқа комиссиялар немесе шығындар болсын, дербес ұлғайтуға тиым салады. Қаржы мекемелері өзінің клиенттеріне жылдық тиімді мөлшерлемені (соның ішінде жариялауға), яғни негізгі пайыздық мөлшерлемеден басқа, жүргізілетін қызметтердің барлық комиссияларын қамтитын сыйақының дәл мөлшерін хабарлауға міндетті.

39-бап. Мөлшерлемелер мен тарифтер

1-1-тармақ Екінші деңгейдегі банктер, банк опе-

рацияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар жеке тұлғалармен жасалатын банктік қарыз шарттарында, оның ішінде ипотекалық қарыз шарттарында сыйақының тіркелген не құбылмалы мөлшерлемесін белгілейді.

2-тармақ. Банктер, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар тәртібін уәкілетті орган белгілейтін шынайы, жылдық, тиімді, салыстырмалы есептелетін сыйақы мөлшерлемелерін клиенттермен жасалған шарттарда, сондай-ақ қаржылық қызмет бойынша сыйақының шамалары туралы ақпаратты тарату, оның ішінде оны жариялау кезінде көрсетуге міндетті.

Заң банктерге клиенттер және олардың қаржылық операциялары туралы ақпаратты құпияда ұстауын бұйырады, сондықтан адамдар бұл мәліметтердің бөтен адамдардың қолына түседі деп мазасызданбауларына болады.

50-бап. Банк құпиясы

1-тармақ. Банк құпиясына банк депозиторлары, клиенттері мен корреспонденттері банк шоттарының бар-жоғы, олардың иелері мен нөмірлері туралы, сол шоттар мен банкінің өз шоттарындағы ақшаның қалдығы мен қозғалысы туралы, банк операциялары туралы (банк операцияларын жүргізудің жалпы шарттарынан басқа), сондай-ақ банктің сейф жәшіктерінде, шкафтары мен үй-жайларында сақтаулы жатқан клиенттер мүліктерінің бар-жоғы, олардың иелері, сипаты мен құны туралы мәліметтер кіреді.

2-тармақ. Банктер өз депозиторларының, клиенттері мен корреспонденттерінің операциялары мен депозиттері жөніндегі құпияға, сондай-ақ банктердің сейф жәшіктерінде,

шкафтары мен үй-жайларында сақтаулы жатқан мүліктердің құпиясына кепілдік береді.

4-тармақ. Банк құпиясы шоттың (мүліктің) иесіне ғана, шот (мүлік) иесінің жеке өзі банкте болған кезде берген жазбаша келісімі негізінде кез келген үшінші адамға, Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес берілген қарыздар бойынша несиелік бюроға ашылуы мүмкін.

Ешкім соттың тиісті шешімінсіз банкте жатқан (депозиттерге, ағымдағы шоттағы ақшалар, сейфте жатқан заттар және т.б.) азаматтардың мүлкіне арест салуға немесе өтеуге құқысыз.

51-бап. Банкте жатқан ақша мен мүлікке арест салу және олардан өндіріп алу

2-тармақ. Заңды тұлға мен жеке тұлғаның банкте жатқан жинақтаушы зейнетақы қорларының зейнетақы активтерінен басқа, ақшасы мен өзге де мүлкін тәркілеу заңды күшіне енген сот шешімі (үкімі) негізінде ғана жүргізілуі мүмкін.

Заң коммерциялық банкті мәжбүрлі таратқан жағдайда барлық салымшы-жеке тұлғаның Қазақстанның депозиттерді кепілдендіру қорынан салым мөлшерінде, бірақ 5 миллион теңгеден артық емес мөлшерде өтемақы алатындығына кепілдік береді. Егер банк депозиттерді ашуға, жеке тұлғалардың банктік шоттарын ашуға және жүргізуге лицензиясы болса, ол автоматты түрде Қазақстан Республикасының жеке тұлғалар салымдарының (депозиттерінің) міндетті ұжымдық кепілдендіру (сақтандыру) жүйесінің қатысушысы болады.

52-бап. Депозиттерге міндетті кепілдік беру

1-тармақ. Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі

банктерінің депозиторларының мүдделерін қорғау мақсатында депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесі құрылады.

2-тармақ. Депозиттер қабылдауға, жеке тұлғалардың банктік шоттарын ашуға және жүргізуге лицензиялары бар барлық екінші деңгейлі банктер үшін депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесіне қатысу міндетті болып табылады.

Сақтандыру туралы заңдар

Сақтандыру саласындағы заңнама азаматтарға сақтандыруды қамтамасыз ететін қоғамдық өмірдің барлық саласын қамтитын әртүрлі нормативтік актілермен ұсынылған. Бұл заңдар:

«Сақтандыру қызметі туралы», «Сақтандыру төлемдерін кепілдендіру қоры туралы», «Қызметкер еңбек (қызмет) міндеттерін атқарған кезде оның өмірі мен денсаулығына зиян келтіргені үшін жұмыс берушінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті түрде сақтандыру туралы», «Тасымалдаушының жолаушылар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы», «Көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы», «Туроператордың және турагенттерінің азаматтық-құқықтық жауапкершіліктерін міндетті сақтандыру туралы», «Өзара сақтандыру туралы», «Өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыру туралы»...

«Сақтандыру қызметі туралы» заң – бұл сақтандыру секторының қатысушыларына және кәсіби терминдерге анықтама беретін біріктірілген нормативтік акт, сақтандыру түрлерін ұсынады, сондай-ақ, толығымен сақтандыру қызметінің тетіктерін сипаттайды.

«Сақтандыру төлемдерін кепілдендіру қоры туралы»

заң аталмыш мемлекеттік мекеменің жұмыстарын реттейді. Қордың негізгі мәселесі сақтандыру ұйымын мәжбүрлі таратқан жағдайда сақтанушылардың мүліктік мүдделерін қорғау болып табылады. Қор көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін; тасымалдаушының жолаушылар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігін және туроператор мен турагенттердің азаматтық-құқықтық жауапкершіліктерін міндетті сақтандыру бойынша сақтандыру төлемдеріне кепілдік береді. Сонымен қатар Қор зәбірленушінің өмірі мен денсаулығына келтірген зиянды және (немесе) жерлеу шығындарын өтеу бойынша өтемақы төлейді. Кепілдендіру жүйесіне 32 сақтандыру ұйымы қатысады.

«Қызметкер еңбек (қызмет) міндеттерін атқарған кезде оның өмірі мен денсаулығына зиян келтіргені үшін жұмыс берушінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті түрде сақтандыру туралы» заңы. Атауының өзі айтып тұр. Егер жалданушы жұмыскер жұмыста жүріп дене (немесе психологиялық) жарақатын алса, немесе өмірімен қоштасса, оған (немесе оның жанұясына) материалды сыйақы төленеді.

«Тасымалдаушының жолаушылар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы» заңы қоғамдық көлікті пайдаланатын азаматтарды, олардың өміріне, денсаулығына немесе жеке мүлігіне зиян келтіретін ойластырылмаған оқиғалардан қорғауды қамтамасыз етеді.

«Көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы» заңы жол-көлік апатынан зақымданған адамдарды қорғайды. Күнделікті

жағдай: жүргізуші жол қозғалысы ережелерін бұзып, басқа автокөлікпен соқтығысты. Зәбірленген автокөлік иесіне осы апаттың салдарынан келтірілген зиян кінәлі тараптың сақтандыру компаниясымен өтеледі.

«Туроператордың және турагенттерінің азаматтық-құқықтық жауапкершіліктерін міндетті сақтандыру туралы» заңы туристік компаниямен ұйымдастырылған жол жүру кезінде туристердің мүліктік және басқа да мүдделерін қорғайды.

«Өзара сақтандыру туралы» заңы. Бұл құжаттың мақсаты – халықтың, кәсіпкердің сақтандырудағы сұраныстарын қанағаттандыру, сақтандыруды қамтамасыз ету үшін өзінің әлеуетін пайдалану, сақтандыру қызметі нарығында бәсекелестік деңгейін арттыру, коммерциялық сақтандыруға ұқсас, өзара сақтандыру қоғамының иелері бір уақытта оның клиенттері болатын сақтандыруды құру, өзара сақтандыру қоғам мүшелерінің сұраныстарын қанағаттандыратын өнімдерді ұсыну.

«Өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыру туралы» заң астық болмаған жағдайда мүмкін тәуекелдерден ауыл шаруашылық тауар өндірушілерін қаржылай қорғауға бағытталған.

Міндетті сақтандырудан басқа, ерікті сақтандыру да бар. Адам өзінің қалауы бойынша белгілі бір мерзімге мүлкін ықтимал анықталмаған күштерден сақтандыра алады.

Әлде, өмірін жинақтау түрінде сақтандыра алады – ол да ерікті сақтандырылады. Егер сақтандыру компаниясының клиентіне қандай да бір жағдай болса (мысалы, оның өміріне зиян келсе немесе өмірінен айырылса), оған немесе оның от-

басына шартта қарастырылған материалды өтемақы төленеді. Бұл жағдайда сақтандыру компаниясына үздіксіз енгізілетін ақшалар сақтандырушының балансында қалмай, инвестицияланады және ұлғайтылады, кейін клиент зейнетке шыққан кезде біртіндеп зейнетақы ретінде төленеді.

Дегенмен, ерікті сақтандыру негізіндегі азаматтардың сақтандыру компанияларымен қарым-қатынасы заңмен реттелмейді. Тараптардың барлық шарттары, құқықтары мен міндеттері шартта көрсетіледі, сондықтан қол қоймас бұрын, құжаттың әрбір тармағымен танысу қажет.

«Бағалы қағаздар нарығы туралы» заң

«Бағалы қағаздар нарығы туралы» заң қор нарығының жұмысын реттейді, осы жүйенің қауіпсіз, ашық және тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз ету, инвесторлар мен бағалы қағаздарды ұстаушылардың құқықтарын қорғау және қор нарығының әділ бәсекелестігін қамтамасыз ету үшін бағалы қағаздар нарығын реттеу және қадағалау тәртібін анықтайды.

Заң облигация ұстаушыларының (эмитентпен жасалған шарт негізінде облигация ұстаушыларының мүдделері үшін әрекет ететін ұйым) өкілдерінің қызметін - өзінің бағынушыларының, яғни облигация ұстаушыларының мүдделерін қалай қорғайтындығын сипаттайды.

2-бап. Өкілдің қызметі және міндеттері

2-тармақ. Өкіл облигацияларды ұстаушылардың құқықтары мен мүдделерін қорғау мақсатында:

1) облигацияларды ұстаушылардың құқықтары мен мүдделерін бұзуға әкеп соғуы мүмкін мән-жайларды анық-

тауға және көрсетілген мән-жайлар туралы оларға күнтізбелік үш күн ішінде хабарлауға;

2) эмитенттің облигацияларды ұстаушылардың алдындағы міндеттемелерін орындауды қамтамасыз ету болып табылатын мүлікке кепіл құқығын ресімдеуге және тіркеуге байланысты құқықтық қатынастарда облигацияларды ұстаушылардың мүдделерін білдіруге;

3) Қазақстан Республикасының заң актілерімен белгіленген тәртіппен эмитенттің облигацияларды ұстаушылар алдындағы міндеттемелерін орындауды қамтамасыз ету болып табылатын мүліктің жай-күйіне бақылауды жүзеге асыруға;

4) облигациялар бойынша сыйақының уақытылы төленуін бақылауды жүзеге асыруға;

5) уәкілетті орган мен облигацияларды ұстаушыларға эмитенттің облигацияларды ұстаушылар алдындағы міндеттемелерін орындауды қамтамасыз ету болып табылатын мүліктің жай-күйі туралы хабарлауға;

6) уәкілетті орган мен облигацияларды ұстаушыларға эмитентпен шартты бұзған күннен бастап күнтізбелік үш күн ішінде өзінің өкіл ретіндегі өкілеттіктерінің тоқтатылғаны туралы хабарлауға;

7) уәкілетті орган мен облигацияларды ұстаушыларға олардың сұратуы бойынша өзінің өкіл ретіндегі қызметіне қатысты ақпарат пен құжаттарды беруге;

8) қызметтік, коммерциялық және заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын мәліметтерді жария етпеуге;

9) эмитент облигацияларды ұстаушылар алдындағы өз міндеттемелерін орындамаған жағдайда Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес кепілге салынған мүлікті өткізуге міндетті.

Нормативтік акт эмиссиялық багалы қағаздар шығару

процесі инвесторлар үшін барынша таза болуды бұйырады және соңғылардың алғашқы талабы бойынша ақпараттар алуын қамтамасыз етеді.

21-бап. Инвесторлардың эмиссиялық бағалы қағаздар шығару туралы ақпарат алуға құқығы.

1-тармақ. Эмиссиялық бағалы қағаздарды орналастыру кезінде эмитент (андеррайтер, эмиссиялық консорциум) инвестордың бірінші талап етуі бойынша оған танысу үшін эмиссиялық бағалы қағаздарды шығару проспектісін немесе оның көшірмесін беруге міндетті.

3-тармақ. Инвестор эмиссиялық бағалы қағаздар шығару проспектісі көшірмесінің уәкілетті органдағы проспектісіне сәйкес келуін тексеру туралы, осы мақсатта мұндай көшірмені уәкілетті органға бере отырып, уәкілетті органға өтініш жасауға құқылы.

Заңда бағалы қағаздар бойынша кіріс алуға ұстаушының құқығы көрсетілген, эмитентті кірістерді уақытында төлеуді (ұстаушы бағалы қағаздарын иемденетін ұйым) міндеттейді және төлемдерді кешіктірген жағдайда жауапкершілікке тартады.

31-бап. Бағалы қағаздар бойынша кіріс төлеу. Төлем агенті.

1-тармақ. Бағалы қағаздардың екінші айналымдық нарығындағы эмиссиялық бағалы қағаздар айналысы кезеңінде эмитент Қазақстан Республикасының заңдарында және эмиссиялық бағалы қағаздар шығару проспектісінде белгіленген бағалы қағаздар бойынша кіріс төлеу тәртібін сақтауға міндетті.

8-тармақ. Эмиссиялық бағалы қағаздар бойынша кіріс және облигациялардың нақтылы құны оларды өтеу кезінде

эмитенттің кінәсімен төленбеген, сондай-ақ толық төленбеген жағдайда эмитент бағалы қағаздарды ұстаушыларға негізгі міндеттеменің сомасын және мерзімі өткен әр күн үшін ақшалай міндеттемені немесе оның тиісті бөлігін орындау күніндегі Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қайта қаржыландырудың ресми мөлшерлемесін негізге ала отырып есептелген өсімпұл төлеуге міндетті.

Заңда бағалы қағаздарға қаражат бөлу тетігі немесе электронды операция арқылы (бүгінгі күні – бағалы қағаздар реестріндегі виртуалды ақпаратпен ұсынылған) күнделікті акцияларды сату (олардың қағаз түріндегі көшірмелері болашаққа сақталған), бағалы қағаз ұстаушыларының рөлі мен функциялары толығымен сипатталған.

57-бап. Бағалы қағаздарды нақтылы ұстауды жүзеге асыру тәртібі

3-тармақ. Нақтылы ұстау ретінде клиенттердің шоттарын жүргізу құқығы бар кастодиан және брокер және (немесе) дилер клиентпен нақтылы ұстау туралы шарт жасағаннан кейін күнтізбелік үш күн ішінде клиентке нақтылы ұстауды есепке алу жүйесінде жеке шот және клиенттің қосалқы шот ашу үшін қажет барлық деректемелерін ашып көрсете отырып, орталық депозитарийдің есепке алу жүйесіндегі клиенттің қосалқы шотын ашуға міндетті.

Бағалы қағаздар ұстаушылардың тізілімі жүйесінде нақтылы ұстауға берілген мемлекеттік емес бағалы қағаздарды есепке алу орталық депозитарийдің жеке шоты бойынша жүзеге асырылады, оны ашуды орталық депозитарийдің бұйрығы негізінде тіркеуші жүргізеді.

Жеке инвестордың (бағалы қағаздармен мәміле жасайтын) брокерлік компаниямен ынтымақтастығы әр-

бір тараптың құқықтары мен міндеттері толығымен сипатталған шартпен бекітіледі.

60-бап. Нақтылы ұстау туралы шарт

1-тармақ. Нақтылы ұстаушы мен оның клиенті арасындағы құқықтық қатынастар олардың арасында жасалған нақтылы ұстау туралы шартпен реттеледі. Нақтылы ұстау туралы шартқа Қазақстан Республикасының азаматтық заңдарына сәйкес тапсырма шартының нормалары қолданылады.

Заң брокер арқылы мәмілелерді жасау тәртібін реттейді, бұл жағдайда тұтынушы үшін маңызды нәрсе – брокер клиенттің мүдделерін өзінің мүдделерінен жоғары бағалау керек.

64-бап. Брокер және (немесе) дилердің мәмілелер жасауы

1-тармақ. Брокер және (немесе) дилер клиенттің бұйрығына сәйкес қаржы құралдарымен мәмілелер жасайды. Клиенттердің бұйрықтарының түрлері, олардың мазмұны және рәсімделуі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерімен және брокер және (немесе) дилердің ішкі құжаттарымен белгіленеді.

2-тармақ. Клиенттің бұйрығын орындауды брокер және (немесе) дилер сол бұйрықта көрсетілген мәміле жасау талаптарын сақтай отырып жүзеге асырады. Егер мәміле жасау кезінде мәміленің талаптарын өзгерту қажет болса, брокер және (немесе) дилер өз іс-әрекетін клиентпен келісіп алуға міндетті.

Мүдделер қақтығысы туындаған жағдайда брокер және (немесе) дилер мәмілені өз мүддесінен клиенттің мүддесі басымы екендігін негізге ала отырып жасауға міндетті.

Заң Орталық депозитариймен өзінің депоненттерінің

(біздің жағдайда – брокерлік компанияның) және оның клиенттерінің (яғни, жеке инвесторлардың, бағалы қағаз ұстаушыларының) мүдделерін шектеуге, тиісті бұйрықтарсыз мәмілелерді тіркеуге, құпиялы ақпаратты жария етуге және т.б. тиым салады.

82-бап. Орталық депозитарийдің қызметін шектеу

1-тармақ. Орталық депозитарий:

1) Қазақстан Республикасының заңдарына және орталық депозитарийдің ережелер жинағына сәйкес өз функцияларын орындауды басқа да тұлғаларға беруге;

2) өз депоненттерінің, сауда-саттықты ұйымдастырушының тиісті бұйрықтары немесе уәкілетті органның тиісті шешімі болмаса да қаржы құралдарымен мәмілелерді тіркеуді жүзеге асыруға;

3) депонент (оның клиенті) туралы, депоненттің (оның клиентінің) жеке шотында (қосалқы шотында) ескерілетін қаржы құралдары туралы коммерциялық құпияны, қызметтік құпияны жария етуге;

4) депоненттер мен олардың клиенттерінің құқықтарын және мүдделерін бұзатын іс-әрекеттер жасауға құқылы емес.

Жеке инвесторлардың – брокерлік компания клиенттерінің мүдделері - өзін-өзі реттейтін ұйыммен (өзін-өзі реттейтін ұйым – бағалы қағаздар нарығында олардың қызметінің ортақ ережелері мен стандарттарын белгілеу үшін қауымдастық түрінде бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушыларымен құрылған заңды тұлға) қорғалады.

100-бап. Өзін-өзі реттейтін ұйым мүшелері клиенттерінің құқықтары мен мүдделерін қорғау

1-тармақ. Өзін-өзі реттейтін ұйым өз мүшелері клиенттерінің құқықтары мен мүдделерін қорғауды олардың өтініштерін қарау арқылы жүзеге асырады. Өзін-өзі реттейтін ұйым клиенттердің өтініштерін қарау қорытындылары бойынша және негіздемелер болған жағдайда өзін-өзі реттейтін ұйым мүшесіне қатысты ықпал ету шараларын қолданады.

2-тармақ. Өтінішті қараудан заңсыз бас тарту жағдайында өзін-өзі реттейтін ұйым мүшесінің клиенті уәкілетті органға шағым жасай алады.

Заң жеке инвестор бағалы қағаздармен мәмілелер жасайтын брокерлік компанияны өзінің клиенттері үшін бәрінша адал, таза болуын және олардың құқықтары мен мүдделеріне қатысты барлық ақпаратты ұсынуды міндеттейді.

103-бап. Лицензиаттың ақпаратты ашып көрсетуі

Лицензиат:

1) шартқа сәйкес өз клиентінің алдында оның құқықтары мен мүдделері қозғалатын ақпаратты ашып көрсетуге;

2) бағалы қағаздармен мәмілелер жасау жөніндегі бұйрықты қабылдау кезінде клиенттің бағалы қағаздар және олардың эмитенті туралы қолда бар барлық ақпаратпен (бағалы қағаздар нарығындағы коммерциялық және қызметтік кұпияны құрайтын ақпараттарды қоспағанда) танысуына мүмкіндік беруге;

3) өзінің клиентін осы клиенттің бұйрығы бойынша қаржы құралдарымен мәмілелер жасасу процесінде мүдделер қақтығысының туындау мүмкіндіктері және фактілері туралы хабардар етуге;

4) өзінің клиентін қаржы құралдарымен жасалады деп жорамалданып отырған мәмілелерге қатысты Қазақстан

Республикасының заңдарында белгіленген шектеулер мен ерекше талаптар туралы хабардар етуге;

5) өзінің клиентіне оның бұйрығын орындаудан бас тарту себептерін түсіндіруге;

6) уәкілетті органға Қазақстан Республикасының заңдарында ашып көрсету міндетті болып белгіленген қаржы құралдарымен жасалған мәмілелер туралы ақпаратты, сондай-ақ өз бұйрықтары бойынша осындай мәмілелер жасалған клиенттер туралы ақпаратты табыс етуге;

7) эмитенттерден алынған және таратуға арналған ақпаратты клиенттердің назарына жеткізуге;

8) клиенттердің алдында лицензиат қызметіне қатысты ақпаратты уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген көлем мен тәртіпке сәйкес ашып көрсетуге;

9) лицензияны алу кезінде табыс етілетін құжаттарға өзгерістер мен толықтыруларды уәкілетті органның назарына жеткізуге міндетті.

«Зейнетақымен қамсыздандыру туралы» заң

Осы Заң Қазақстан Республикасында азаматтарды зейнетақымен қамсыздандырудың құқықтық және әлеуметтік негіздерін белгілейді, мемлекеттік органдардың, меншік нысандарына қарамастан, жеке және заңды тұлғалардың азаматтардың зейнетақымен қамсыздандырылуға конституциялық құқығын іске асыруға қатысуын реттейді.

Осы құжатта жинақтаушы зейнетақы қор салымшыларының және еліміздің қазіргі зейнеткерлерінің мүдделерін қорғау тетігі толық мазмұндалған, сонымен қатар көптеген азаматтар күмәнданбайтын тәжірибелік мүмкіндіктер бекітілген.

7-бап. Орталықтан зейнетақы төлемдерін алу құқығы

Азаматтарға осы Заңда белгіленген жағдайлар туған ретте Орталықтан зейнетақы төлемдерін алу құқығына кепілдік берілген.

16-бап. Орталықтан зейнетақы төлемдерін тағайындауға арналған құжаттарды қарау мерзімдері

3-тармақ. Орталықтан зейнетақы төлемдерін тағайындаудан бас тартылған жағдайда зейнетақы төлемдерін тағайындаушы орган бас тартудың себептерін жазбаша түрде негіздеп, табыс етілген құжаттарды арыз берушіге қайтаруға міндетті.

19-бап. Орталықтан зейнетақы төлемдерін төлеу тәртібі

2-тармақ. Жұмыс істейтін зейнеткерлердің зейнетақыны толық мөлшерінде алуға құқығы бар.

27-бап. Міндетті зейнетақы жарналары салымшыларының, жинақтаушы зейнетақы қорларының алушылары мен агенттердің құқықтары мен міндеттері

1-тармақ. Міндетті зейнетақы жарналарының салымшылары мен жинақтаушы зейнетақы қорлары алушыларының:

1) міндетті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарт жасасу үшін жинақтаушы зейнетақы қорын таңдауға;

2) жинақтаушы зейнетақы қорының акционерлері, зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйым мен кастодиан банк туралы уәкілетті орган анықтайтын көлемде ақпарат алуға;

3) жинақталған зейнетақы қаражатының жай-күйі туралы ақпарат алуға;

4) жинақтаушы зейнетақы қорының іс-әрекетіне сот тәртібімен шағым жасауға;

5) төлемдерді жүзеге асыру кезінде жинақтаушы зейнетақы қорынан Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен зейнетақы төлемдерін алуға;

6) өзінің жинақталған зейнетақы қаражатын бір жинақтаушы зейнетақы қорынан екіншісіне, бірақ жылына екі реттен асырмай, уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген тәртіппен аударуға;

7) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес өзінің жинақталған зейнетақы қаражатына өсиетхат қалдыруға;

8) Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге тұрғылықты тұруға кеткен кезде Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жинақталған зейнетақы қаражатын алуға;

9) жинақталған зейнетақы қаражатын жинақтаушы зейнетақы қорынан сақтандыру ұйымына аударуға;

10) міндетті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шартқа және Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес өзге де құқықтарды жүзеге асыруға құқығы бар.

«Акционерлік қоғамдар туралы» заң

Осы Заң акционерлік қоғамның құқықтық жағдайын, құрылуы, қызметі, қайта ұйымдастырылуы мен таратылу тәртібін; акционерлердің құқықтары мен міндеттерін, сондай-ақ олардың құқықтары мен мүдделерін қорғау жөніндегі шараларды; акционерлік қоғам органдарының құзыретін, құрылу және жұмыс істеу тәртібін; оның лауазымды адамдарының өкілеттігін, сайлану тәртібін және жауапкершілігін белгілейді.

Бұл контексте қаржы қызметтері тұтынушыларына, яғни акционерлерге, осы заң компанияның (олар бағалы қағаздарын иемденетін) қызметі туралы объективті,

толық ақпарат алу, дивиденд алу, ұйымды басқаруға қатысу, компаниямен қабылданған шешімдерді даулау және тағы басқа құқықтар береді. Акционердің барлық құқықтары сол не өзге нюанстарға, соның ішінде инвестор иеленетін бағалы қағаздың пайызына байланысты. Пайыз көп болған сайын, өкілеттілік те арта түседі.

14-бап. Қоғам акционерлерінің құқықтары

1. Қоғам акционерінің:

1) осы Заңда және қоғамның жарғысында көзделген тәртіппен қоғамды басқаруға қатысуға;

2) дивидендтер алуға;

3) қоғамның қызметі туралы ақпарат алуға, оның ішінде акционерлердің жалпы жиналысында немесе қоғамның жарғысында белгіленген тәртіппен қоғамның қаржы есептілігімен танысуға;

4) қоғамның тіркеушісінен немесе нақтылы ұстаушыдан оның бағалы қағаздарға меншік құқығын растайтын үзінді көшірмелер алуға;

5) қоғам акционерлерінің жалпы жиналысына қоғамның директорлар кеңесіне сайлау үшін кандидатура ұсынуға;

6) қоғамның органдары қабылдаған шешімге сот тәртібімен дауласуға;

7) қоғамға оның қызметі туралы жазбаша сауал салуға және қоғамға сауал келіп түскен күннен бастап отыз күн ішінде дәлелді жауаптар алуға;

8) қоғам таратылған кезде мүліктің бір бөлігіне;

9) заңнамалық актілерде көзделген жағдайларды қоспағанда, осы Заңда белгіленген тәртіппен өз акцияларына айырбасталатын қоғамның акцияларын немесе басқа да бағалы қағаздарын артықшылықпен сатып алуға құқығы бар.

2. Ірі акционердің, сондай-ақ:

1) акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыруды талап етуге немесе директорлар кеңесі акционерлердің жалпы жиналысын шақырудан бас тартқан жағдайда оны шақыру туралы талап-арызбен сотқа жүгінуге;

2) директорлар кеңесіне осы Заңға сәйкес акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіне қосымша мәселелер енгізуді ұсынуға;

3) директорлар кеңесінің отырысын шақыруды талап етуге;

4) өз есебінен аудиторлық ұйымның қоғам аудитін жүргізуін талап етуге құқығы бар.

3. Акционерлердің осы баптың 1 және 2-тармақтарында белгіленген құқықтарын шектеуге жол берілмейді.

Қоғамның жарғысында акционерлердің өзге де құқықтары көзделуі мүмкін.

Заң акционерлерге акционерлік қоғам орналастыратын немесе сататын бағалы қағаздарды бірінші болып сатып алуға құқық береді.

16-бап. Қоғамның бағалы қағаздарын басымдықпен сатып алу құқығы

1. Жарияланған акцияларды немесе қоғамның жай акцияларына айырбасталатын басқа да бағалы қағаздарды орналастыру, сондай-ақ бұрын сатып алынған осы бағалы қағаздарды сату ниеті бар қоғам осы туралы шешім қабылдаған күннен бастап он күн ішінде өз акционерлеріне жазбаша хабарлама жіберу немесе бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау арқылы өздерінде бар акциялар санына барабар бағалы қағаздарды тең жағдайларда орналастыру (өткізу) туралы шешім қабылдаған қоғамның органы белгілеген орналастыру (өткізу) бағасы бойынша оларды сатып алуды ұсынуға міндетті. Акционер қоғам акцияларын орналастыру (өткізу) ту-

ралы хабарланған күннен бастап отыз күн ішінде акцияларды не қоғамның акцияларына айырбасталатын өзге де бағалы қағаздарды басымдықпен сатып алу құқығына сәйкес сатып алуға өтінім беруге құқылы.

Бұл орайда қоғамның жай акцияларын иеленетін акционердің жай акцияларды немесе қоғамның жай акцияларына айырбасталатын басқа да бағалы қағаздарды басымдықпен сатып алу құқығы бар, ал қоғамның артықшылықты акцияларын иеленуші акционердің қоғамның артықшылықты акцияларын басымдықпен сатып алу құқығы бар.

2. Қоғам акционерлерінің бағалы қағаздарды басымдықпен сатып алу құқығын іске асыру тәртібін уәкілетті орган белгілейді.

МЕМЛЕКЕТТІК КЕПІЛДІКТЕР

Қаржы нарығы – өзгеше нарық. Негізінен бұл инвестициялар, ал кез келген инвестициялар белгілі тәуекелдерге тәуелді екені белгілі. Тәуекел деңгейі инвестордың (біруақытта қаржы қызметтерінің тұтынушысы бола алатын) стратегиясына байланысты. Барлық елдерде – соның ішінде Қазақстанда да – қаржы бөлумен айналысатын адамдар өзінің инвестициялық шешімдеріне дербес жауап береді, яғни өзінің ақшаларын өзінің қапері мен тәуекелі үшін басқарады.

Дегенмен үкімет қаржы нарығында тәртіп болу, эксцесстер және еліміздің экономикасына кері әсер ететін, мемлекет мүддесіне зиян келтіретін азаматтардың құқықтарын шектейтін өзге де оқиғалар болмау үшін жауап береді.

Өкімет қаржы нарығының қызметін реттейді, сонымен

бірге осы сектордағы қызметтерді пайдаланушыларға сапалы деңгейде және заң аясында қызмет көрсетілуін қадағалайды. Негізгі реттеуші Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау агенттігі (ҚҚА) болып табылады

Мемлекет қаржы ұйымдары сыйақы төлеу міндеттемелерін қабылдайтын және азаматтарды қаржылық тарту міндетті болып табылатын нарық сегменттерінде, яғни банктік жүйеде, жинақтаушы зейнетақы қорында және сақтандыру компанияларында халық салымдарының сақталуына кепілдік беруді қамтамасыз етеді.

Халық салымдарын сақтандыру

Банктерді тарату тәжірибесі көрсетіп отырғандай, олардың кредиторлары, соның ішінде жеке тұлға-салымшылар бұл жағдайда кімге бару және қалай әрекет ету керектігін біле бермейді. Банк ерікті немесе мәжбүрлі түрде таратылуы мүмкін. Ерікті түрде – банк уәкілетті органның рұқсатымен оның акционерлерінің шешімі бойынша таратылады. Ал, мәжбүрлі таратуда – шешімді сот қабылдайды.

Салымшылар, банк ерікті түрде тарату туралы шешім қабылдаған жағдайда, ҚҚА банкке оның кредиторларының талаптарын толығымен қанағаттандырған жағдайда және рұқсат беру туралы өтінішке қоса берілетін, баланстық есеппен расталатын салымшылардың талаптарын толық көлемде қанағаттандырған жағдайда ғана рұқсат беретіндігін білуі тиіс. Сондықтан банкті ерікті таратқан жағдайда салымшылар негізгі қарызды және есептелген пайыздарды толық көлемде алады.

Мәжбүрлі тарату кезінде банкті таратудың басталуы сот шешімінің заңды күшке енуі болып табылады. Қазақстанда депозиторлардың мүдделерін қорғау мақсатында 1999 жыл-

дан бастап банктің – жүйе қатысушысының мәжбүрлі таратуында жеке тұлғалардың депозиттерін міндетті кепілдендіру жүйесі әрекет етеді. Кепіл беруші ретінде «Қазақстанның депозиттерді кепілдендіру қоры» АҚ қызмет етеді. Қор сыйақыны есептемейді, бірақ бес миллион теңгеден артық емес, депозит сомасы мөлшерінде өтемақы төлейді.

Егер таратылатын банкте салымшының түрлері және валютасы бойынша бірнеше депозиттері болса, қор олар бойынша бес миллион теңгеден аспайтын сомада жиынтықты өтемақы төлейді.

Банкті мәжбүрлі тарату туралы соттың шешімі күшіне енген күннен бастап он төрт күннің ішінде Қор салымшыларға БАҚ арқылы мемлекеттік және орыс тілдерінде агент-банктің атауын, төлем жүргізетін кезенді және орынды көрсетіп, өтемақылардың төлене бастағандығы жайында хабарлайды. Салымшы кепілді өтемақының төленетіндігі туралы хабарлама шыққан күннен бастап алты ай ішінде агент-банкке өтемақыны төлеу туралы жазбаша өтініш бере алады.

Осы мерзім аяқталғаннан кейін ол өтемақы алу үшін тікелей Қорға хабарласа алады. Бұл жағдайда Қор Әділет органдарында банктің таратылуын тіркеген күннен бастап бір жыл ішінде, бірақ қатысушы-банкті мәжбүрлі тарату туралы соттың шешімі заңды күшке енген күннен бастап бес жылдан ерте емес мерзімде кепілді өтемақыны төлеу тоқтайды.

Банкті мәжбүрлі тарату ҚҚА тағайындайтын тарату комиссиясымен жүзеге асырылады. Тарату процедураларында тарату комиссиясы таратылатын банктің атынан әрекет етеді және оның істерін аяқтау, соның ішінде кредиторлармен және акционерлермен есеп-айырысуды қамтамасыз ету шараларын қабылдайды.

Егер кепілді өтемақы төлемдері салымшының талаптарын толық қанағаттандыруға жеткіліксіз болса, оны Қор

төлегеннен кейін салымшы тарату комиссиясына талабын растайтын құжаттарымен қоса, жазбаша наразылық береді. Наразылықтарды ұсыну мерзімі банкті тарату туралы БАҚ жариялаған күннен бастап есептеледі және екі айдан кем болмау керек.

Егер салымшының талаптары наразылықтарды ұсыну мерзімі аяқталғаннан кейін, бірақ тарату балансын бекіткенге дейін ұсынылып, тарату комиссиясымен танылса, салымшымен есеп-айырысу банктің қалған мүліктері есебінен жүзеге асырылады.

Егер Банк пен салымшы арасында жасалған шартта өзгесі қарастырылмаса, тарату комиссиясы салымшының наразылығын екі апта мерзімі ішінде қарайды. Егер тарату комиссиясы салымшының талабын қанағаттандырудан немесе оларды қараудан бас тартса, ол банктің тарату балансын бекіткенге дейін сотқа тарату комиссиясы тарапына шағымдана алады. Талап-арызды қанағаттандырған жағдайда соттың шешімі бойынша салымшының талаптары банктің қалған мүліктері есебінен өтелуі мүмкін.

Жинақтаушы зейнетақы жүйесі

Мемлекет азаматтарға зейнетақы төлемдерін басталған кездегі инфляцияның деңгейіне байланысты міндетті зейнетақы жарналарының нақты мөлшерінде жинақтаушы зейнетақы қорларындағы (ЖЗҚ) міндетті зейнетақы жарналарының сақталатындығына кепілдік береді.

Зейнетақы құралдарын басқару процесін бақылау үшін үкімет зейнетақы жарналарын және зейнетақы төлемдерін тарату, зейнетақы активтерін инвестициялық басқару сияқты қызметтерді жүзеге асыруға, сонымен қатар коммерциялық банктердің кастодиалды қызметіне, яғни зейнетақы қорларына

инвестициялық құралдарды сатып алу бойынша басқару бұйрықтарын орындау қызметіне лицензия береді. Болашақ зейнеткерлердің ақшаларының қайда бөлінетіндігін Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі қатаң қадағалайды.

Үкіметтің қатаң шектеулеріне бағынатын қазақстандық ЖЗҚ инвестициялау стратегиясы біртекті. Зейнетақы қорларына қаражаттарды үлкен болмаса да, кепілді табыс әкелетін тұрақты әрі сенімді құралдарға салуды бұйырады. Олардың портфелінің құрылымы мына шамалас. Қордың 75–80% қаражаттары ҚР Қаржы министрлігінің бағалы қағаздарына және «көгілдір фишка» деп саналатын, негізгі қазақстандық кәсіпорындардың қағаздарына (ең басты, облигацияларына) инвестицияланады. Қалған 20–25% аз ғана мөлшерде отандық банктердің депозиттері, атқарушы органдардың бағалы қағаздары, шетел эмитенттерінің және халықаралық қаржы ұйымдарының облигациялары арасында бөлінген.

Жинақтаушы зейнетақы қоры таратылған жағдайда зейнетақы активтері үшін салымшы алаңдамаса да болады. Жинақтаушы зейнетақы қорынан лицензияны алып қойған жағдайда немесе оны ерікті таратқан жағдайда зейнетақы активтері басқа жинақтаушы зейнетақы қорына уақытша әкімшілікті немесе тарату комиссиясын тағайындаған күннен бастап 30 күнтізбелік күннің ішінде аударылады.

Таратылатын жинақтаушы зейнетақы қорының алушылары және салымшылары өзінің зейнетақы жинақтарын аудару үшін басқа қорды дербес таңдайды.

Салымшыдан (алушыдан) оның зейнетақы жинақтарын басқа жинақтаушы зейнетақы қорына аудару туралы өтініш түспеген жағдайда уақытша әкімшілік (тарату комиссиясымен) Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау агенттігінің келісімі бойынша осы салымшының зейнетақы жинақтарын

басқа жинақтаушы зейнетақы қорына аудару туралы шешім қабылдайды.

Сақтандыру төлемдерін кепілдендіру

Қазақстанда сақтандыру төлемдерін кепілдендіру жүйесі - қатысушы-сақтандырушы ұйымды мәжбүрлі таратқан кезде міндетті сақтандыру шарты бойынша сақтандыру жағдайы туындағанда сақтанушылардың (сақтандырылғандардың, пайда көрушілердің) құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға бағытталған ұйымдастыру-құқықтық шаралар кешені әрекет етеді. Сақтандыру төлемдерін кепілдендіру қоры акционерлерінің және қатысушыларының тізімінде Қазақстанның 30 астам сақтандыру ұйымдары тіркелген.

Кепілді төлемдерді алуға кім құқылы? Бұл міндетті сақтандыру шартын жасаған және сақтандыру жағдайы туындаған сақтанушылар, бірақ оларға мәжбүрлі таратылатын сақтандыру компаниясы өтемақыны төлеуден заңсыз бас тартқан (толығымен немесе ішінара) немесе сақтандыру сыйақысын толық көлемде төлемеген. Сонымен қатар осы сақтанушылар сақтандыру ұйымын мәжбүрлі тарату туралы соттың шешімі заңды күшке енгеннен кейін сақтандыру жағдайы туындап, бірақ полистің әрекет ету мерзімі аяқталмаған кезде. Шынында, бұл жағдайда сақтандыру жағдайы соттың қаулысы күшіне енгеннен кейін екі айдың ішінде туындауы тиіс.

Егер растайтын құжаттар болса, кредитор сақтандыру ұйымын мәжбүрлі түрде тарату туралы соттың шешімі заңды күшке енген күннен бастап екі айдың ішінде Сақтандыру төлемдерін кепілдендіру қорына тиісті жазбаша өтініш жазуға құқылы.

Егер растайтын құжаттар болмаса, кредитор мәжбүрлі таратылатын сақтандыру ұйымының тарату комиссиясына

сақтандыру төлемдерін төлеу туралы өтініш (наразылық) бере алады.

Қор үш міндетті сақтандырудың сақтандыру төлемдеріне кепілдік береді: көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін, тасымалдаушының жолаушылар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігін және туроператор мен турагенттердің азаматтық-құқықтық жауапкершіліктерін.

Қор қаражаттары Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің салымдарына (депозиттеріне), екінші деңгейлі банктердің мемлекеттік бағалы қағаздарына, агенттік облигацияларына, РЕПО (қор нарығында несие беру) операцияларына инвестицияланады.

ҚАРЖЫ НАРЫҒЫН РЕТТЕУШІЛЕРДІҢ ҚЫЗМЕТІНЕ ШОЛУ

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

Ұлттық Банк Қазақстанның орталық банкі болып табылады және отандық банктік жүйенің жоғарғы (бірінші) деңгейін иеленеді. Ұлттық Банкі қызметінің негізгі мақсаты елдегі тұрақтылықты қамтамасыз ету болып табылады. Сондықтан оның функцияларына мемлекеттің ақшалай-несие саясатын әзірлеу және жүргізу, төлем жүйелерінің жұмысын қамтамасыз ету, валюталық реттеуді жүзеге асыру және қаржы жүйесінің тұрақталығын қамтамасыз етуге көмек көрсету кіреді.

Сондай-ақ, Ұлттық Банк өзінің құзыреті шегінде орталық банктері және басқа елдердің банктері, халықаралық банктері және басқа қаржы-несиелік ұйымдар қатысында Қазақстан Республикасының мүдделерін ұсынады.

Көріп отырғандай, еліміздің бас банкі ауқымды жалпы мемлекеттік және халықаралық қаржы мәселелерін орындайды, ал қазақстандық қаржы қызметтері тұтынушыларының, жеке инвестордың мүдделерін қорғау мемлекеттік кепілдендіру қоры мен екінші деңгейлі банктерді лицензиялау және қадағалау арқылы жанама түрде жүзеге асырылады.

Дегенмен, айына бір рет арнайы белгіленген орында Ұлттық банк басшылары, Персоналмен жұмыс істеу департаментінің директорынан бастап Төрағамен аяқтап, келушілерді – қарапайым азаматтарды, ұйым өкілдерін қабылдайды – олардың сұрақтарына жауап береді.

Ұлттық Банк акционерлік қоғамның құрылтайшылары:

- «Қазақстанның депозиттерді кепілдендіру қоры»
- «Сақтандыру төлемдерін кепілдендіру қоры»
- «Қазақстанның ипотекалық несиелерді кепілдендіру қоры» болып табылады.

Сонымен қатар Ұлттық Банк «МЖЗҚ (Мемлекеттік жинақтаушы зейнетақы қоры) акционерлік қоғамы акционерлерінің бірі болып табылады.

2004 жылға дейін Ұлттық банк еліміздің қаржы нарығының негізгі реттеушісі болды. Орталық банкте реттеу және қадағалау функцияларының мұндай үйлесімі оны Ұлттық банктен бөлу арқылы дербес мемлекеттік қадағалау органын құруға аралық қадам болды.

2003 жылғы 31 желтоқсанда Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау агенттігі (ҚҚА) туралы ереже бекітілді.

Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі (ҚҚА)

Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын және

қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі – бұл қаржы нарығын және оның «ойыншыларын» реттейтін және қадағалайтын негізгі мемлекеттік орган. Реттеушінің негізгі мақсаттары: қаржы нарығының және қаржы ұйымдарының тұрақтылығын қамтамасыз ету, қаржы жүйесіне сенімді қолдау көрсету қаржы қызметтері тұтынушыларының мүдделерін тиісті деңгейде қамтамасыз ету, қаржы нарығында әділ бәсекелестікті қолдауға бағытталған қаржы ұйымдарының қызметі үшін тең құқылы жағдайлар жасау.

ҚҚА қаржы қызметтері тұтынушыларының құқықтарын және заңды мүдделерін бұзбау үшін шаралар қабылдайды, әділ бәсекелестік қағидатымен қаржы ұйымдары үшін тең жағдайлар жасайды және қаржы нарығының «ойыншылары» өз уақытында және толық көлемде олармен қабылданған міндеттемелердің орындалуын қадағалайды.

Агенттік қаржы ұйымдары қызметінің және олармен көрсетілетін қаржы қызметтерінің ашық болуына, қаржы қызметтері тұтынушылары үшін ақпараттың толық және объективті қолжетімділігіне ықпал етеді, жаңа қаржы құралдарының және жеке инвесторлар үшін қызметтердің дамуын қолдайды, қазіргі заманғы технологияларды ендіреді, шешімдерді қабылдау кезінде тәуекелдерді дәл өлшейтін қаржы ұйымдарын басқаруға ықпал етеді, қаржы жүйесінің тұрақтылығы сақталуы үшін қаржы ұйымдары мен қаржы нарығының мониторингін жүргізеді, қаржылық тұрақтылықты қолдау мақсатында тәуекелдерге жиі ұшырайтын қаржы нарығының салаларында қарқынды жұмыс істейді.

ҚҚА қаржы қызметтері тұтынушыларының құқықтарын және мүдделерін қорғау үшін не істейді? Агенттіктің www.afn.kz веб-сайтында өзінің қаражаттарын сауатты басқару, қаржы өнімдерін дұрыс қолдану және инвестициялық шешімдерді қабылдау үшін қазақстандықтарға қажетті барлық ақпарат ұсынылған.

Мұнда қаржы қызметтерінің тұтынушылары үшін нақты

заңнама да, әртүрлі жариялымдар да, арнайы мәліметтер де бар: қаржы ұйымдарымен ынтымақтастық шарттарын қамтитын қысқаша жадынамалар және нарықтағы өзекті, өмірдің ұсақ-түйегіне қажетті кеңестер; екінші деңгейлі банктердің сыйақыларының мөлшерлемелері туралы, таратылған «Валют-Транзит Банкі» айналасындағы жағдайлар, жарналық инвестициялық қорлардың қызметі, үлескерлер үшін сақтандыру, тіпті қаржы пирамидалары жайында түсіндірмелер бар.

Мұнда өзгешелі терминдерге түсінікті анықтамалар берілген қаржы сөздігі жарияланған. Несие, депозит бойынша пайыздың тиімді мөлшерлемесін, салым бойынша сыйақы көлемін, ал банкті таратқан жағдайда – депозит бойынша талап ету сомасын есептеуге болатын арнайы калькуляторлар ұсынылған.

Қаржы қызметтерінің тұтынушыларымен тікелей жұмыс үздіксіз жүргізіліп келеді. ҚҚА әрбір қаржы ұйымының атына келіп түскен шағымдарды тіркейді және әрбір жағдайды жеке қарастырады. Сайтта нақты қаржы ұйымдарының: банктердің, сақтандыру ұйымдарының, зейнетақы қорларының, бағалы қағаздар нарығы қатысушыларының атына әр айда келген шағымдардың саны туралы статистикалық ақпараттар, қаржы қызметтерімен байланысты өзекті, кеңінен таралған проблемалар туралы түйіндер, сонымен қатар қаржы қызметтері тұтынушыларының мүдделерін шектеу деректерін жою үшін қандай шаралардың қолданылу керектігі және процестің қай кезеңде екендігі жайында мәліметтер ұсынылған.

Азаматтар ҚҚА-мен аталмыш веб-сайт немесе сенім телефоны: (727) 278 81 00 және e-mail: afn@afn.kz арқылы хабарласады.

ҚҚА нөмірін термес бұрын, қаржы қызметтері тұтынушыларымен жиі қойылатын сұрақтары және олардың жауап-

тары жарияланған тарауды меңгеріп алу керек. Мұнда барлық қаржы нарығы ұсынылған: банк жүйесі, сақтандыру секторы, бағалы қағаздар нарығы, жинақтаушы зейнетақы жүйесі, сонымен қатар банктік операциялардың жеке түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар.

АГЕНТСТВО РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
по регулированию и надзору финансового рынка
и финансовых организаций

Новости | ОБ АН | Законодательство | Государственные символы | Публикации | Статистика | Обратная связь | Карта сайта | Поиск по сайту | Языки

Информация для субъектов финансового рынка

- Банковский сектор
- Страховой сектор
- Рынок ценных бумаг
- Накопительная пенсионная система
- Организации, осуществляющие отдельные виды банковских операций
- Земельный и эмиссионный контроль
- Консолидированный надзор
- Кредитный бирж

Тестовые вопросы

Информация для потребителей финансового рынка

- Что такое защита потребителя (банки)
- Кем вы можете обратиться
- Основы финансовой грамотности
- Финансовый словарь
- Жалобы потребителей (банки и статистика)
- Телефон доверия
- Часто задаваемые вопросы

Зачекивание и показание на сайте направляйте на адрес site@afn.kz

Агентство Республики Казахстан
ЭЛЕКТРОННЫЙ УЧЕТ

Система национальной качества Агентства была признана и Присвоена Аттестатом по сертификации Государственный Регистр соответствия стандарту ИСО 9001:2008 в отношении государственного регулирования финансового рынка и финансовых организаций.

Сертификат соответствия системы национальной качества №07282.026 от 13 февраля 2007 года.

Основные показатели	01.11.08	01.10.08
Активы БВУ (млрд. ₸)	12 073,4	12 500,3
Активы страховых организаций (млрд. ₸)	270,9	261,7
Сумма пенсионных накоплений (млрд. ₸)	1 943,7	1 382,0
Среднемесячная доходность МРБ за 5 лет (%)	37,60	42,19
Среднемесячная (интерпретированная) доходность МРБ за 5 лет (%)	32,23	37,48
Накопленный уровень инфляции за 5 лет (%)	64,82	65,73

индексы, принимаемых зарубежными регуляторами в текущей ситуации по состоянию на

Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығы (АӨҚО)

2005 жылы Қазақстан Республикасының Үкіметімен Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығын құру туралы шешім қабылданды. Ол отандық қаржы институттарының орталығы болып табылады. Бұл шешім ТМД-ның басқа елдерімен салыстырғанда, Қазақстанның қаржы секторының қарқынды дамуымен, жалпы ішкі өнімнің (2006 жылғы 1 қазанғы жағдай бойынша - 3,9%), ішкі жинақтардың құрамындағы қаржы қызметтерінің үлесінің тұрақты өсуімен, ТМД елдеріндегі

инвестициялаудың бастамасымен және қаржы саласында мамандар құрамын қалыптастырумен негізделген.

Республика Президенті 2006 жылғы 5 маусымда Қазақстан Республикасының «Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығы туралы» заңына қол қойды. Ол қаржы орталығы қатысушыларының және Қазақстанның қаржы нарығын дамытуға бағытталған мүдделі тұлғалардың өзара қарым-қатынастарын реттейтін құқықтық режимді қамтиды.

Қазіргі уақытта республикада әрекет ететін арнайы экономикалық аймақтардан ерекшелігі, АӨҚО өзінің дәл белгіленген аумағы болмайды. Аумақтық қағидаты Алматы қаласының аумағында кеңсесінің болуы туралы АӨҚО кәсіби қатысушыларына қойылатын талаптармен сақталған.

Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығы өзінің саясатын дамыту және ендіру бойынша белгілі мәселелерді қамтиды. Бұл мәселелердің іске асырылуы АӨҚО ұсынатын қаржы қызметтерінің бәсекеге қабілеттілігін арттыруға мүмкіндік береді және жалпы еліміздің қаржы нарығының қарқындылығына ықпал етеді.

«АӨҚО» АҚ өзінің миссиясы қазақстандық бағалы қағаздар нарығын халықаралық деңгейге дейін жетілдіру, қазақстандық бағалы қағаздар нарығын халықаралық капитал нарықтарымен ықпалдастыру, оның капиталы мен өтімділігін арттыру және Қазақстанның экономикасына инвестициялар тарту, соның ішінде бағалы қағаздар нарығының жұмысына қатардағы қазақстандық инвесторларды тарту үшін жағдай жасау деп санайды.

АӨҚО әлеуметтік маңызды жобаларының бірі – «Биржа» ұлттық ойыны. Оның мақсаты халықтың инвестициялық мәдениеті мен қаржылық сауаттылығын арттыру болып табылады. Бұл ойын халқымызға биржалық сауда қағидаттарымен және технологияларымен және қаржы нарығының қаржылық

құралдарымен танысуға мүмкіндік береді. Жобаның ұйымдастырушылары: Қазақстан Республикасы Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығының қызметін реттеу агенттігі, Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі, «Делойт» компаниясы, «Самұрық» мемлекеттік активтерін басқару жөніндегі Қазақстандық холдинг» АҚ болып табылады. Ойынның бірінші кезеңі екі айға созылып, жазда аяқталды.

Ойынның механизмі бойынша Интернетке кіруге мүмкіндігі бар кез келген қазақстандық арнайы құрылған сайтта тіркелуі тиіс. Содан кейін оның шотына 50 000 АҚШ доллары көлемінде виртуалды ақшалар түседі. Бұл қаражаттар Лондондық қор биржасында бағасы белгіленетін ТМД компанияларының, сонымен қатар арнайы листингтен өтпеген (бұл «Самұрық» мемлекеттік холдингіне кіретін 8 компания және Қазақстандық ипотекалық компания) тоғыз қазақстандық компаниялардың акцияларына инвестицияланды. Ойын басталғаннан кейін кездейсоқ таңдау арқылы акциялардың баға белгіленуіне әсер етуі мүмкін оқиғалар жарияланып отырды. Барлық оқиғаларға жетекші халықаралық және қазақстандық сарапшылар түсіндірмелер беріп отырды. Аталмыш кезеңде ең үлкен табыс әкелген акциялардан өзінің портфелін қалыптастырған жеңімпаздар 1, 2 және 3 орындар үшін сәйкесінше 25 000, 10 000 және 5 000 АҚШ доллары көлемінде нағыз сыйлықтар алған.

Жоба бірінші кезең іске асырылғаннан кейін-ақ кеңінен таралды. Ойынға 10 мыңнан астам, соның ішінде әлемнің 22 елінде тұратын Қазақстан азаматтары қатысуға ниет білдірген. Осы негізде 2008 жылдың күзінде «Биржа» ойынының екінші кезеңін жариялау туралы шешім қабылданды.

Тағы бір маңызды жоба – Президенттің бастамасымен Қазақстан Республикасының Үкіметімен қабылданған Қазақстан Республикасы халқының инвестициялық мәдениеті

мен қаржылық сауаттылығын арттырудың 2007—2011 жылдарға арналған бағдарламасы. Бағдарлама аясындағы негізгі мақсат – Қазақстан тұрғындары арасында инвестициялық мүмкіндіктерді және қаржы құралдарын үгіттеу және жариялау болып табылатын ақпараттық-білім беру сипатындағы бірнеше жобалар іске қосылды.

Бағдарлама республика халқының қаржы құралдары мен инвестициялау негіздері бойынша білімінің жоқтығы сияқты еліміздің өзекті проблемаларын шешу үшін Қазақстан Республикасының Үкіметімен 2007 жылы бекітілді. Осыған байланысты Бағдарлама жобалары қазақстандықтарды (ересектермен қатар, балаларды да) жеке басының әл-аухатын көтеру және нәтижесінде ұлттық экономикаға әсер ететін, өзінің бюджетін жоспарлау үшін қаржы мүмкіндіктерін сауатты пайдалану бойынша сауатты оқытуға бағытталған.

Бағдарламаның іске асырылуына Қазақстан Республикасы Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығының қызметін реттеу агенттігі (АӨҚО ҚРА) жауап береді.

Инвестициялауда өзінің алғашқы қадамдарын жасаған қазақстандықтар үшін АӨҚО сайтында пайдалы ақпараттар мазмұндалған. Мұнда қаржы құралдары бойынша мақалалар, жеке қаражаттарыңызды қалай басқаруға болады, тәуекелді нарықтарда шығынсыз қаржыны қалай бөлуге болады, журналар мен бағалы қағаздарды қалай сатып алуға болады деген сұрақтармен бастаушы инвесторларға кеңестер, сонымен қатар «бастамашыларға» арнап инвестиция бойынша материалдар жарияланған. Сондай-ақ, мұнда азаматтардың инвестициялау бойынша көп қойылатын 100 сұраққа АӨҚО тарапынан берілген жауаптарын табуға болады. Қаржы терминдері түсінікті анықтамалар берілген глоссарий бар.

АӨҚО мына байланыстар арқылы хабарласуға болады: телефон: +7 (727) 311-09-31, 311-09-33. Call center: 8 800 080 01 77 немесе e-mail бойынша: info@rfca.kz.

The screenshot shows the RFCA website interface. At the top, there is a navigation bar with links for 'КАЗ', 'РУС', 'БЕЛГ', 'КОНТАКТЫ', 'РЕГИСТРАЦИЯ', and 'Забудь пароль?'. The main header features the RFCA logo and the text 'REGIONAL FINANCIAL CENTRE OF ALMATY CITY'. Below this, there are several menu items: 'ФИНАНСОВЫЙ ЦЕНТР', 'ФОНДОВЫЙ РЫНОК', 'СОБЫТИЯ', 'ЭМИТЕНТАМ', 'ИНСТИТУЦИОНАЛЬНЫМ ИНВЕСТОРАМ', 'НАЧИНАЮЩИМ ИНВЕСТОРАМ', and 'УСЛУГИ'. The main content area is titled 'КАК КУПИТЬ ЦЕННЫЕ БУМАГИ И ПАИ' and contains three articles with dates: 19-11-2008, 18-11-2008, and 18-11-2008. The sidebar on the right includes a 'Курс валют' section with a table of exchange rates for USD, GBP, EUR, RUB, and CNY, and an 'Индикаторы рынка' section with a table of market indicators like KASE, NASDAQ, DJIA, S&P 500, and RTS. There is also a 'Главное - начать управлять своими деньгами!' banner and a search bar at the bottom.

СОТ ЖҮЙЕСІ

Кез келген қаржы институты олармен ұсынылатын қаржы қызметтерінің сапасына жауап береді. Дегенмен, қаржы нарығындағы кейбір мекемелердің әділетсіз әрекеттері жиі кездеседі. Бұл халықтың көпшілігінің қаржы туралы сауатсыздығынан болады.

Егер мұндай жағдай туындаса және қаржы ұйымының клиенті мекеменің әрекеттеріне қанағаттанбаса немесе оның тұтынушылар құқығы шектелсе, ол өзінің заңды мүдделерін қорғау бойынша шараларды батыл қабылдауға құқылы.

Соттарға шағымданбас бұрын қаржы ұйымының бас-

шылығына тиісті хат жіберу қажет. Егер бастапқы талабыңыз орындалмаса немесе қажетті нәтижеге алып келмесе, онда сотқа шағымдануға болады.

Неліктен тұтынушылардың құқықтарын қорғайтын ұйымға емес, бірден сотқа шағымдану қажет? Өйткені, қаржы қызметтерінің тұтынушысы тұтынушылардың жалпы қабылданған, дәстүрлі санатына жатпайды, себебі қаржы және инвестициялық нарық тәуекелдердің жауапкершілігін қаржы (инвестициялық) қызметтері тұтынушының өзі көтеретін тәуекелдің белгілі бір дәрежесін құрайды. Сондай-ақ, тұтынушы мен ұйымның өзара қарым-қатынастарының шарттары шартпен анықталады. Сондықтан қаржы қызметтері тұтынушылары өздерінің мүдделерін дәстүрлі тауарлар мен қызметтердің қарапайым тұтынушыларына арналған артықшылықтарды қарастырмайтын жалпы бастамамен қорғайды.

Бастапқы кезеңде қаржы ұйымына жазбаша өтінішті қалай жіберуге болады? Қазақстан Республикасының «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» заңының кейбір ережелерін қарастырайық. Олай болса ...

Жазбаша өтінішке қойылатын талаптар

Өтініш құзыретіне өтініште қойылған мәселелерді шешу кіретін тиісті лауазымды тұлғаға жіберілуі тиіс. Жеке тұлғаның өтінішінде оның тегі, аты, сондай-ақ қалауы бойынша әкесінің аты, почталық мекен-жайы, күні көрсетіледі. Шағым жасалған кезде іс-әрекетіне шағым жасалып отырған лауазымды тұлғалардың лауазымы, тегі және аты-жөні, өтініш жасау себептері мен талаптары көрсетіледі. Жазбаша өтініш жасаған арыз берушіге тіркелген күні мен уақыты, өтінішті қабылдаған адамның тегі мен аты-жөні көрсетілген талон беріледі.

Берілген өтініштер міндетті түрде қабылдануға, тіркелуге

және қаралуға тиіс. Өтінішті қабылдаудан бас тартуға тиым салынады.

Хаттарды қарау мерзімдері 15-30 күн аралығында қаралады. Егер жазбаша өтініштерде мазмұндалған мәселелерді шешу үшін ұзақ мерзім қажет болса, онда өтініш оның толық орындалуына дейін қосымша бақылауға алынады және үш күнтізбелік күннің ішінде бұл туралы өтініш берушіге хабарланады.

Өтініштерге берілетін жауаптар Қазақстан Республикасының заңнамасына сілтеме жасай отырып, мазмұны бойынша негізделген және дәлелді, арыз берушінің қабылданған шешімге шағым жасау құқықтарын түсіндіре отырып, оның дәлелін жоққа шығаратын немесе растайтын нақты деректерді қамтуға тиіс.

Егер қаржы ұйымына жазылған өтініш қажет нәтиже бермесе, тұтынушы тиісті арызбен сотқа шағымдануға құқылы.

Сотқа шағымдану

Ең алдымен талап-арызды аумағыңыз бойынша қандай сотқа шағымданатыңызды шешіп алу қажет. Біреулерге жағдай анық болуы мүмкін – үйіне жақын сотқа бару керектігін ойлайды. Дегенмен олай емес, Қазақстан Республикасының Азаматтық процессуалдық кодексіне сәйкес талап-арыз жауапкердің орналасқан жері бойынша қабылданады. Сотқа фирманың не ұйымның нақты орналасқан ауданы емес, ресми тіркелген жері бойынша шағымдану қажет. Заңды тұлғаның құрылтай құжатында көрсетілген атауы мен орналасқан жері туралы ақпаратты салық инспекциясынан білуге болады.

Фирманың немесе ұйымның филиалына немесе өкілдігіне қатысты талап-арыз сол филиалдың не өкілдіктің орналасқан жері бойынша ұсынылады. Олай болса, кез келген адам оның құқығы Астанадағы компанияның Алматы филиалымен

бұзылса, онда Астанаға бармай-ақ, Алматыдағы филиалын сотқа бере алады.

Енді, сотқа талап-арызды қалай жазу керектігі жайында. Талап-арыз жазбаша нысанда беріледі. Талап-арызда көрсетілетін мәліметтер тізімі:

- 1) талап-арыз берілетін соттың атауы;
- 2) талапкердің атауы, оның орналасқан жері, орналасқан жері бойынша тіркеу туралы мәліметтері және салық төлеушінің тіркелген нөмірі;
- 3) ұйымның атауы, оның нақты орналасқан жері немесе егер талапкерге Ортақ мемлекеттік регистрден мәліметтер белгілі болса, салық төлеушінің тіркелген нөмірі және банктік деректемелері;
- 4) талапкердің құқығының, еркінің немесе заңды мүдделерінің бұзылу мәні немесе қауіптері және оның талаптары;
- 5) талапкердің талаптары негізделетін жағдайлар, және осы жағдайларды растайтын дәлелдемелер;
- 6) егер талап-арыз бағаланатын болса, талап-арыздың құны;
- 8) талап-арызбен қоса тігілетін құжаттардың тізбесі.

Бұл жағдайда Салық кодексіне сәйкес мемлекеттік баж, жағдайларға және талап-арыздың мақсатына байланысты жеке тұлғалар үшін талап-арыз сомасының 1-ден 50 пайызға дейін.

Судья талап-арыз түскен күннен бастап бес күннің ішінде оны сот өндірісіне қабылдау туралы мәселені шешуге және азаматтық іс қозғау туралы анықтаманы қабылдауға міндетті.

Азаматтық істі қозғаған судья істі соттың қарауына дайындайды, яғни жағдайға байланысты оқиғаларды нақтылайды; тараптардың және басшылыққа алынатын заңның құқықтық қатынастарын; әрбір тарап өзінің бекітулерінің негіздемесі ретінде ұсынатын дәлелдемелерді анықтайды. Бұл дайындыққа талап-арызды қабылдағаннан кейін жеті күн беріледі, бірақ

бұл мерзім тиісті заңнамалық актілермен немесе күрделі істер бойынша ерекше жағдайларда ұзартылуы мүмкін.

Заң бойынша Азаматтық істер істі соттың қарауына дайындау аяқталған күннен бастап екі ай мерзіміне дейін қаралады және шешіледі. Бірақ бұл заңда «азаматтық істердің кейбір санаттары үшін заңмен өзге де мерзімдер белгіленуі мүмкін» деп айтылады.

Сот қарауы кезіндегі шығындар

Сот шығындары мемлекеттік баждардан және іс өндірісіне байланысты шығындардан құралады. Мемлекеттік баждың сомасы Қазақстан Республикасының «Салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» кодексі, яғни Салық кодексі негізінде белгіленеді. Ал, істің өндірісіне байланысты шығындар – бұл істі қарау және шешу, сондай-ақ, ол бойынша қабылданған шешімнің орындалуы кезінде мүдделі тұлғалар (талапкерлер) көтерген нақты шығындар.

Істің өндірісіне байланысты шығындар:

- 1) куәгерлерге, сарапшыларға және мамандарға төленетін сомалар;
- 2) орынның тексерілуін жүзеге асыру шығындары;
- 3) заттай дәлелдемелерді сақтаумен байланысты шығындар;
- 4) жауапты тұлғаны іздестіру бойынша шығындар;
- 5) іс бойынша жариялау және хабарлама шығындары;
- 6) тараптарды сотқа шақыру және хабарлама беру шығындары;
- 7) тараптардың және үшінші тұлғалардың жүру жолына қатысты және сотқа келу үшін бөлмелерді жалдау шығындары;
- 8) өкілдердің көмектерін төлеу шығындары;

9) сот шешімдерінің, үкімдерінің, анықтамалардың және қаулылардың орындалуымен байланысты шығындар;

10) сотпен қажетті деп танылған басқа да шығындар.

Шешім қабылданған тарапқа сот, оның осы шығындарды төлеуден босатылғанына қарамастан келесі тараптың көтерген барлық шығындарын жүктейді. Талапкер талап-арыздан бас тартқан жағдайда онымен жұмсалған шығындарды жауапкер қайтармайды. Егер талапкер өзінің талаптарынан бас тартса және осы талаптарды жауапкер өз еркімен қанағаттандырса, сот талапкердің сұрауы бойынша жауапкерден талапкер көтерген сот шығындарын және өкілдің көмегін төлеу шығындарын өндіріп алуға құқылы.

Егер талап-арыз ішінара қанағаттандырылса, сот талапкермен көтерген шығындарды сотпен қанағаттандырылған сот талаптарының мөлшеріне теңдей жүктейді, ал жауапкерге – талапкерге бас тартқан талап бөлігін жүктейді.

Ақша қаражаттарын өндіру кезінде Азаматтық кодекс Қазақстанның барлық аумағында қабылдануы міндетті заңды төлем құралы ретінде теңгені қолдануды бұйырады. Үздіксіз төлемдерді өндіру кезінде сот өтемақы алынатын кезеңді көрсетуге міндетті.

Егер ақшаны шетел валютасында өндіріп алу туралы талап-арыз берілсе, сот шешім шығарған күні ҚР Ұлттық банкімен бекітілген курс бойынша шетел валютасын теңгеге айналдырып есеп-айырысуға міндетті.

Моральдық зиянды анықтау

Қазақстан Республикасының заңнамасында моральдық зиянды өтеу институты пайда болғаннан бері соттармен моральдық зиянды өтеуге қатысты көптеген істер қаралды. Осы құқықтық институттың салыстырмалы жаңалығын ескере отырып, моральдық

зиянды өтеумен байланысты материалдық және процессуалдық құқықтардың бірнеше мәселелерін қарастырайық.

Моральдық зиянды өтеу бойынша міндеттеме келесі шарттармен бірауақытта туындайды:

1. моральдық зиянға шамадан тыс шыдап төзу;
2. зиян келтіретін тараптың заңсыз әрекеттері;
3. заңсыз әрекеттер мен моральды зиян арасындағы келтірілген байланыс;
4. зиян келтірушінің кінәсі.

Бастапқы шарт - моральды зиянның болуы, яғни физикалық және адамгершілік азабымен туындаған адам психикасындағы теріс өзгерістер.

«Заңсыз іс-әрекеттер (әрекет немесе әрекетсіз) жасалған кез келген жеке тұлға, егер іс-әрекет жасаушы басқаны дәлелдемесе, моральды зиянға шыдап төзген деп танылады. Бұл зардап шегушінің бағытын маңызды түрде оңайлатады. Бірақ мұны заңсыз іс-әрекет жасаушы теріске шығара алады. Мәселен, жалақор жәбірленушінің ол туралы мәліметтерді жария болуы сипатындағы масқаралауды дәлелдей алмау қабілетсіздігіне (мәселен, жарыместігі салдарынан) сілтеме жасауға құқылы және бұл жағдайды дәлелдеп, моральдық зиянның жауапкершілігінен босатылуы мүмкін.

Соттардың тәжірибесіне жасалған шолуға сәйкес, соттар моральдық зиянды есептейді, яғни заңсыз әрекеттің жасалғандығы дәлелденіп, моральдық зиян келтірілген болып есептелсе, одан әрі ақшалай өтемақы мөлшерін қарастырады.

Бұл жағдайды дәлелдеу үшін не қажет? Азаматтық процессуалдық кодекстің 47-бабына сәйкес бұл, тараптардың және үшінші тұлғалардың түсініктемелері, куәгерлердің көрсетімдері, жазбаша дәлелдер, заттай дәлелдер, сарапшылардың қорытындылары. Талапкердің денесіне жарақат түскендігі немесе адамдық жәбір көргендігі жайында

түсініктемесі моральдық зиян келтіргеннің тікелей дәлелі болып табылады. Бұл жағдайда қарама-қарсы тікелей дәлелдерді жауапкер бере алмайды. Куәгерлердің көрсетімдері моральдық зиян келтіргеннің жанама дәлелі ғана (куәгер жәбірленушінің жылағанын, қиналып ыңырсығанын көрді деген сияқты және т.б.). Сондай-ақ, сарапшылардың қорытындылары да моральдық зиян келтіргеннің жанама дәлелі болып табылады.

Моральдық зиян келтіру жауапкершілігінің екінші шарты – құқыққа қарсылықты қарастырайық. Халықтың заң қатысындағы сауатсыздығын ескере отырып, көп жағдайларда жәбірленуші болған мән-жайды құқық бұзушылық ретінде қарастыра алмайтындықтан және тиісті түрде шағымданбайтындықтан құқық бұзушы моральдық зиянның жауапкершілігін мойнына алмайды деп болжауға болады. Мәселен, көп жағдайда әкімшілік органдарының заңға сәйкес кез келген мүдделі тұлғаға ұсынуы міндетті ақпараттарды ұсынудан бас тартумен байланысты олардың заңсыз әрекеттерінің беті қайтарылмайды.

Қандай әрекеттер жәбірленушінің моральдық зиян өтемақысын алу құқығын тудырады? Мұндай әрекеттердің қажетті көрсетімі олармен азаматтардың мүліктік құқығын және амандығын бұзу болып табылады. Өйткені, мұндай құқықтар мен амандықтар шеттетуге және басқа тәсілмен беруге жатпайды, олар мәміле мәні бола алмайды, сондықтан көбінесе моральдық зиянды өтеу міндеттемелері тараптар арасында азаматтық-құқықтық келісушілік қатынастар болмаған жағдайда туындайды.

Егер заңсыз әрекеттер азаматтың мүліктік құқықтарын бұзатын болса және мұндай әрекет моральдық зиян келтірсе, ол үшін өтемақы алу құқығы заңмен арнайы қарастырылған жағдайларда туындайды.

Моральдық зиян келтіргені үшін жауапкершіліктің үшінші

шарты – құқыққа қарсы әрекеттер мен моральдық зиян арасындағы себепті байланыс. Бұл жасалған заңсыз әрекет моральдық зиянның басты себебі болып табылады. Былай қарағанда бәрі оп-оңай секілді, бірақ себепті байланысты анықтау қиынға түседі.

Моральдық зиянның жауапкершілігі көбінесе зиян келтірушінің кінәсі болған жағдайда туындайды – бұл төртінші шарт. Кінә қасақана жасалуы да, кездейсоқтықтан да болуы мүмкін. Қасақана әрекет заңсыз мінез-құлықтың зиянды салдарынан алдын ала білу және оның туындауына ниетті (тікелей пиғылмен) немесе саналы түрде (жанама пиғыл) жол беруі болып табылады. Пиғыл түрлерін дұрыс анықтау келтірілген моральдық зиянның өтемақы мөлшерін белгілеу үшін қажет. Кездейсоқтық өзіне-өзі сенушіліктен немесе ұқыпсыздықтан болуы мүмкін. Бұл кездейсоқтық түрлерінің айырмашылығы өзіне-өзі сенушілік кезінде құқық бұзушы өзінің заңсыз әрекеттерінің зиянды салдарын алдын ала біледі, бірақ оны жоюға жеңіл қарайды, ал ұқыпсыздық жағдайында ол бұл салдарды алдын ала білмейді, дегенмен білуі міндетті және мүмкін. Азаматтық заңнама кездейсоқтықтың түрлерін айырып қарастырмайтындығына қарамастан, кездейсоқтықтың түрлеріне – жәй немесе өрескел кездейсоқтыққа байланысты әртүрлі құқық салдарын қарастырады.

Өтемақы мөлшері туралы талапкердің пікірі «назар аудар-тар өзге оқиғалардың» қатарына жатады. Бұл оқиғаны сот қалай ескереді? Талапкермен талап етілген өтемақы мөлшері оның жәбір көруінің ауырлығын жанама растайды деп қарауға болмайды, бірақ талапкердің пікірі – өте субъективті. Сондықтан, талапкермен талап етілген өтемақы мөлшерінен төмен анықтауға ешқандай кедергі жоқ. Сот талапкердің талап еткен мөлшерінен артық соманы, соның ішінде өтемақының символикалық сомаларын өтеу туралы талап-арызын берген

кезде белгілей алмайды. Моральдық зиянның өзгешелігі және жәбірленуші көтерген жәбірлерді реттеу үшін өтемақы белгілеу, өтемақының символикалық мөлшерін талап ету (көп жағдайларда) келтірілген жәбірлердің маңызды еместігін не талапкердің өзінің құқықтарын моральдық зиянды өндіріп алу арқылы қорғауға ниетінің жоқтығын растайды.

Талап арызда моральдық зиян үшін өтемақының мөлшерін көрсету немесе әлеуетті жауапкермен алдын ала келіссөздер жүргізу барысында осы соманы айту қажеттігі туындаған кезде жәбірленуші салыстырмалы негізделген мөлшерді белгілей алмайтындығын біледі. Егер осы сауалды құқық бұзушылық орын алғаннан кейін жәбірленушіге қойсаң, әлбетте, ол астрономиялық соманы айтады. Бірер уақыттан кейін – одан төмен соманы айтады, дегенмен кейде керісінше де болуы мүмкін. Адам өзінің азаптарын қайта бағалай алады, ал басқаның жәбірін бағалауға жоқ, себебі басқа адамның психикасына терең енудің анық тәсілі жеткілікті зерттелмеген.

Олай болса, моральдық зиян өтемақысының проблемасы, өтемақының мөлшерін ақшалай анықтауға қарағанда, бүгінгі күні көп қиындықтар тудырады. Сондықтан, Қазақстанда моральдық зиянды есептеудің негізгі құралы судьяның тәжірибелігі және адами қасиеті болып отыр.

НЕСИЕЛІК БЮРО

Несиелік бюро – бұл несие алған барлық адамдар мен мекемелер туралы деректерді жинайтын және сақтайтын ұйым. Ол банктер өзінің әлеуетті клиентінің алдыңғы несиелері жайында, өзінің міндеттерін қалай өтегендігін (немесе өтемегендігін) білуі үшін және осы негіздемелерге байланысты оған не-

сие беру керек пе әлде керек емес пе – деген мәселені шешу үшін құрылған. Күнделікті бюроның деректер базасына банктерден және басқа несиелік ұйымдардан ақпарат түседі. Экономикалық белсенді халықтың (несие алуға қабілетті) 36,55% адамдар туралы ақпараттар несиелік бюроның деректер базасында жиналады.

Несиелік бюроның мәні зор – ол банктік салада тәуекелдерді төмендетуге және несие портфельдерінің сапасын маңызды арттыруға мүмкіндік береді. Осылайша банктер өздерін сенімсіз клиенттерден сақтайды. Ал клиенттің өзі үшін несиелік тарихы (немесе несиелік беделі) маңызды болады. Қарызгер кезекті несие алуға ниеті болған жағдайда банктер осы арқылы оның сенімділігін анықтайды. Егер қарызгердің несиелік тарихы жақсы болса, оның несие алуға, тіпті артықшылықты шарттармен несие алуға мүмкіндігі болады.

Қазақстандық несиелік бюро қашан құрылды?

Қазақстанның қаржыгерлер қауымдастығы Ұлттық банк пен Қаржылық қадағалау агенттігімен (ҚҚА) бірігіп, Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаев 2004 жылғы 6 шілдеде бекіткен «Қазақстан Республикасындағы несиелік бюро және несиелік тарихты қалыптастыру туралы» заң әзірледі. Онда Қазақстандағы несиелік бюро туралы негізгі ережелер мазмұндалған: несиелік бюроның қызметін құру және тоқтату туралы; барлық мүдделі тараптардың құқықтары және міндеттері, мемлекеттік қадағалау және реттеу аясы, несиелік бюроның жұмыс істеу механизмдері туралы және т.б. Заңды әзірлеуде несиелік бюроның құрылуына мүдделі коммерциялық банктер үлкен үлес қосты. Осылайша қаржыгерлер несиелік ақпараттармен алмасу жүйесінде «ойын ережелерін» белгілейтін негізгі құжатқа ие болды.

Несиелік бюроның ресми құрылған күні 2004 жылғы 29 шілде. Бюроның құрылтайшылары Қазақстанның жеті ірі банктері болды: БТА, Қазкоммерцбанк, Қазақстанның Халық Банкі, Альянс Банкі, АТФ Банкі, Банк ЦентрКредит және Цеснабанк.

Бүгінгі күні несиелік бюрода 3 млн. жуық несиелік тарих бар. Оның 20 мың тарихы ғана ұйымдарға тиесілі, ал қалғаны – жеке тұлғалардың тарихы. Ал, базадағы келісім-шарттардың саны 6 300 000.

Несиелік бюроның жұмыс істеу схемасы

Несиелік бюро – кірісі ақпарат бергені үшін қаржылық ұйымдардың төлемдерінен құралатын коммерциялық ұйым. Заң бойынша коммерциялық банктер несиелік бюроға ақпараттар ұсынуға міндетті, бірақ ақпаратты ақылы түрде алады.

Бұл жағдайда банк немесе басқа қаржы ұйымы несиелік бюродан ақпарат алу немесе жіберу үшін клиенттің келісімімен жүзеге асырады. Банк клиенттері екі түрлі келісім алады. Біріншісі – несиелік бюродан әлеуетті қарызгер туралы мәліметтер беруін сұрауға, екіншісі (несие берген жағдайда) – несиелік бюродан несиенің өтелу барысы туралы ақпаратты алуға. Екінші шарт несие беру шартында мазмұндалады және қарызгер үшін міндетті шарт болып табылады, яғни бұл келісімсіз сізге несие бермейді.

Банктер несиелік бюроға ақпараттарды жіберуге міндетті, ал қалған ұйымдар (сақтандыру компаниялары, микронесиелік, лизингтік ұйымдар және басқалар) ақпаратты ерікті негізде ұсына алады. Сондай-ақ, бюромен жеке кәсіпкерлер немесе тауарлары мен қызметтерін несиеге ұсынатын немесе төлемдердің мерзімін ұзартатын заңды тұлғалар бірігіп жұмыс істей алады. Оларға коммуникациялық, коммуналды,

спутниктік және кабельдік телевизия қызметтерін ұсынатын компаниялар және басқалар жатады. Сонымен бірге, жылжымайтын мүлікпен байланысты мәмілелерді тіркейтін мемлекеттік кәсіпорындар да болуы мүмкін. Бүгінгі күні несиелік бюрода шамамен 80 клиент – ақпарат алушылар тіркелген.

Егер өзге кәсіпорындар немесе ұйымдар несиелік бюроға ақпарат ұсынбайтын болса, онда олар несиелік бюродан мәліметтер ала алмайды. Мұнда несиелік бюроның жұмыс істеу қағидаты – жүйенің қатысушылары арасында ақпараттармен тең құқылы алмасу маңызды болып табылады. Басқаша айтқанда, кез келген қатысушы жүйенің басқа қатысушыларынан өзі өткізген ақпаратқа шамалас ақпарат алады.

Бюромен ынтымақтасу процесі ҚҚА және АБА-мен реттеледі, себебі ақпаратты алуға шарт жасамас бұрын, барлық қажетті тексеруден өту керек. Жүйенің әрбір әлеуетті қатысушысының қауіпсіздікке, құпияны жария етпеуге қойылатын талаптарды және т.б. қоса алғанда, несиелік ақпараттармен алмасу жүйесінің қатысушыларына қойылатын талаптарға сәйкестігі тексеріледі. Бұл процесс бүгінгі күні екі айға созылады.

Несиелік бюроның жұмыс істеу схемасы қарапайым. Мәселен, адам банкке несие алуға келеді. Қажетті құжаттарға қосымша, одан несиелік бюродан сұрау алуға келісім беруін сұрайды. Клиенттің рұқсатымен банк оның несиелік есебін (несиелік тарихын) сұрап алады. Бұл жағдайда несиелік бюро қарызгер туралы мәлімет, «жақсы» не «жаман» баға бермейді, жай ғана оның несие алғандығын, оны өтеу тәсілін, мерзімінің кешіктірілгенін және т.б. хабарлайды. Осы есеп негізінде банк комиссиясы өзінің несиелік саясатына сүйеніп, несие беру керектігі әлде керек еместігі жайында шешім қабылдайды. Банк несиеге қатысты сақтанымпаз саясатымен несиелік тарихқа қатаң қарайды, ал талаптары төмен банк осындай ақпараттың

барлығына қарамастан оң шешім қабылдауы мүмкін. Сосын несиенің өтелу барысы туралы ақпарат несиелік бюроға ұдайы түсіп отырады.

Несиелік есеп

Несиелік есеп – бұл компаниялардың немесе адамның өткен және ағымдағы несиелері туралы ақпаратты қамтитын құжат. Онда қарызгердің үстінен сотта іс қаралғандығы, қамауға алынғандығы немесе банкроттығы туралы жариялағандығы көрсетілуі мүмкін.

Несиелік есеп клиент туралы – оның дінге көзқарасы, ұлты, саяси жақтаушылығы сияқты және т.б. жеке ақпаратты қамтымайды. Сонымен қатар, онда оның жинақтау шоттары, депозиттері және клиенттің міндеттеріне қатысты емес кез келген басқа ақпараттарды қамтымайды. Есепте келесі ақпарат көрсетіледі:

- Несие немесе қарыз алуға өтініш берушінің жеке ба-сын сәйкестендіруге мүмкіндік беретін ақпарат;
- ТАӘ
- Мекен-жайы.
- Отбасылық жағдайы.
- Асырауындағы жандар саны.
- Жеке басын растайтын құжаттар туралы ақпарат.
- СТН.
- ӘЖК.
- Туылған күні және басқалар.
- Кредитор алдындағы сіздің ағымдағы және бұрынғы міндеттемелеріңіз туралы ақпарат.
- Несие сомасы.
- Несие түрлері.
- Берешектерінің саны және олардың сомасы.

- Төлем бойынша кешіктірулер (мөлшері мен сомасы).
- Несиелік лимиттер туралы ақпарат.
- Өтеу кестесі және басқалар.
- Несиелік бюроға қарызгер туралы қанша сұрау жіберілгендігі және қандай мақсаттармен келіп түскендігі және қазіргі сәтте тапсырыстардың қай дәрежеде қаралатындығы туралы ақпарат. Қарызгердің оның келісімі бойынша түскен ол жайындағы жеке сұраулары және үшінші тұлғалардың сұраулары бөлек ұсынылады.
- Бастапқыда мазмұндалған ақпараттан басқа, мемлекеттік және жеке көздердің қосымша ақпараттары.

Несиелік есепті қарызгердің (немесе ұйымның) өзі де жылына бір рет кез келген уақытта тегін алуға құқылы. Есеп өтінішті жазғаннан кейін 10 жұмыс күннің ішінде әзірленіп, ұсынылады. Осылайша, азаматтар жылына бір рет өзінің несиелік тарихының мониторингін жүргізе алады. Ақылы түрде есепті бірнеше рет алуға болады.

Есеппен таныс болған әрбір адам есепте мазмұндалған ақпаратты даулауға құқылы. Егер несиені өтеу кезінде алынған чектеріңіз немесе төлемдердің жүргізілгендігін дәлелдейтін басқа да құжаттарыңыз сақталған болса, онда сіз өзіңіздің несиелік есебіңізді өзгертуге толық құқығыңыз бар.

Қатені даулаған кезде өзіңіздің аты-жөніңізді, шотыңыздың нөмірін, қарастырылып отырған соманы және ақпараттың дұрыс емес деп санайтын себептеріңізді көрсетіңіз. Өзіңіздің барлық түпнұсқалы құжаттарыңызды, әсіресе сату туралы түбіртектерді және шоттар туралы өтініштерді сақтап қойыңыз. Олар несиені төлегендігіңізді немесе есепті дәлелдеу үшін қажет болады. Көшірмелерді ғана жіберіңіз. Мәселені шешу үшін бір емес бірнеше хат талап етілуі мүмкін.

Бюрода барлық несиелік тарихтар 10 жыл бойына

сақталады. Егер несиелік тарихыңыз жақсы болмаса, 10 жылдан кейін бәрін жаңадан бастауыңызға болады.

2008 жылы несиелік бюроға қосымша қызмет – скоринг жүйесі енгізілген болатын. Оның мәні әрбір адамға оны қарызгер ретінде, оның несиелік қабілетін және несиелік беделін сипаттайтын белгілі балл (баға) беру болып табылады. Бұл несиелік есептерді өңдеу үшін қаржы ұйымдарының жұмысын жеңілдету мақсатында әзірленген. Скоринг жүйесі қарыз беру туралы шешімді қабылдауға кететін уақытты қысқартуға мүмкіндік береді.

Қазақстандық несиелік бюро әлі де даму үстінде, бірақ қазірдің өзінде клиенттер оның қаржы ұйымдарымен шешімді қабылдауға әсер етуін сезініп жатыр. Сондықтан өзіңнің қаржылық тәртібінді ойлап, несиелік беделінді ең бастапқы несиеден бастап сақтауға ұмтылу қажет.

ТҰТЫНУШЫЛАР ҮШІН ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ҚАРЖЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕРГЕ ШОЛУ ЖАСАУ

Банктік қаржы қызметтері



БАНКТЕР (итальян тілінен banco – айырбасқор орындығы, дүкені), ақша қаражаттарын және жинақтарды жинақтайтын, несие беретін, ақша қаражаттарымен есеп-айырысатын, вексельдерді, ақша және бағалы қағаздар эмиссиясын есептейтін, алтынмен, шетел ва-

лютасымен байланысты операцияларды және басқа да функцияларды жүзеге асыратын мекемелер. Несие капиталының қозғалысын жанамалайды. Орындайтын операциялардың функциялары мен сипатына байланысты эмиссиялық, коммерциялық (депозиттік), инвестициялық, экспорттық, ипотекалық, жинақтаушы және басқалар болып бөлінеді. Банктер ақша айналымын және несиелік қатынастарды қамтамасыз етеді, ақшалардың эмиссиясын жүзеге асырады, кәсіпорындардың шаруашылық-қаржылық қызметтерін бақылайды.

Үлкен Энциклопедиялық сөздік

Олай болса, банктер – негізінен іскерлік әріптестік басталатын және аяқталатын орталықтар. Банктердің анық, сауатты қызметіне экономиканың ахуалы байланысты. Сондай-ақ, мұны – қайтарып беру және төлем жүргізу шарттарымен ақша қаражаттарын тарту және орналастыру үшін құрылған жан-жақты несиелік мекеме деп айтсақ та болады. Банктер ақша шаруашылығының бөлінбес сипатын құрайды, олардың қызметі өндірістің сұраныстарымен тығыз байланысты.

Банктер – бұл бөлек алынған экономикалық аймақтың немесе кез келген бір елдің атрибуты емес, олардың қызмет ету саласының географиялық та, ұлттық та шекаралары жоқ, бұл зор қаржы күшіне, маңызды ақша капиталына ие ғаламшарлық құбылыс.

Ақша, несие қоғамға дамуы үшін маңызды ықпал етеді, ерекше қатынастардың, ерекше тәртіптің және ұйымдастырудың жоғары дәрежесінің біріккен жүйесін құрайды. Олардың арқасында адамзат байлыққа кенеледі.

Банктердің арқасында уақытша қолданылмайтын бос ақша қаражаттары жинақталады, олардың қайта таратылуы,

«заттардың алмасуы» жүзеге асырылады, жалпы игілік мүддесі үшін қоршаған ортаның «энергиясы» қолданылады. Ақша мен несиені қоғамдық байлықтың өсу факторы ретінде ұлттарды байытуға қабілетті, бірақ бұл ақшаларды және несиені басқару нақты ережелерге негізделген жағдайда жүзеге асуы, ережелерді бұзу экономикалық өсуді және шаруашылықтық гүлденуін тежеуі мүмкін.

Банктік мекеме қызметтерінің көп түрлілігі соншалық, олардың нақты мәні белгісіз. Қазіргі заманғы қоғамда банктер операциялардың әр түрімен айналысады. Олар ақша айналымын және несиелік қатынастарды ұйымдастырумен қатар, халық шаруашылығын қаржыландыру, сақтандыру, бағалы қағаздарды сатып алу, кейбір жағдайларда делдалдық мәмілелер және мүлікті басқару операцияларын да жүзеге асырады. Несиелік мекемелер кеңесшілер ретінде әрекет етеді, халық шаруашылығын талқылауға қатысады, статистиканы жүргізеді, өздерінің қосалқы кәсіпорындары болады.

Ұлттық банктен олардың негізгі ерекшелігі банкноттарды эмиссиялау құқығының жоқтығы болып табылады. Екінші деңгейлі банктер барлық немесе түгелге жуық банктік операцияларды жүзеге асырады: қысқа мерзімді несиелермен қатар, ұзақ мерзімді несиелер ұсыну, салымдардың барлық түрлерін қабылдау, төлем карталары бойынша қызмет көрсету, валюталық-айырбастау операциялары, ақша аударымдары, халықтан әртүрлі төлемдерді қабылдау, сейфтік сақтау, инвестициялық өнімдерді әзірлеу және басқа да қызметтер.

Банктік шот не үшін қажет

Банктік ағымдық шот деген не? Бұл банк пен клиенттердің ақшалары және олардың қозғалысы тіркелетін шот. Шотты аша отырып, банктер банктік шот шартына сәйкес клиенттің

– шоттың иесінің атына келіп түскен ақша қаражаттарын қабылдауға, клиенттің тиісті сомаларды аудару және беру туралы тапсырмаларын орындауға және шартқа қатысты басқа да операцияларды жүзеге асыруға міндеттенеді. Басқаша айтқанда, шот – бұл клиенттің осы банктегі ақшаларына қатысты барлық операциялардың жазбасы.

Банктегі шот не үшін қажет? Банк клиенттің тапсырмасы бойынша ақшаларды оған қажет орынға жібереді. Қазіргі заманның адамы көптеген қызмет түрлерін қолданады. Мәселен, ай сайын оған пәтерге, телефонға, домофонға, гаражаға, Интернетке, ұялы байланысқа және т.б. төлеу қажет. Бұл жағдайда, тұтынушы осы қызметтермен пайдаланғаннан кейін осы қызметтерді көрсететін ұйымдармен оның тиісті шарттары болады, ал әрбір ұйымның кез келген банкте есептік шоты (заңнама бойынша болуы міндетті) болады. Тұтынушы кез келген банкте шот аша алады (себебі ақшаларды кез келген банктен келесі банкке аударуға болады) және өзінің банктік шотынан қолма-қолсыз ақшаларды аудару арқылы қажет ұйымның төлемін жүргізе алады, осы операциядан кейін оның шотындағы ақшалар банкпен сол ұйымның шотына аударылады. Сондай-ақ, ақшаларды жеке тұлғалардың – достардың, таныстардың, әріптестердің, тауарлар мен қызметтерді жеткізушілердің шотына аударуға да болады.

Өзіңнің ағымдағы шотыңның көмегімен қандай нақты операцияларды орындауға болады? Қазақстандық банктер ағымдағы шот бойынша келесі қызметтерді ұсынады:

- клиенттің шотына қолма-қол ақшалай немесе басқа шоттардан аудару арқылы түсетін ақшаларды шотқа есептейді;
- клиенттің шотынан ақшаларды оның нұсқауы бойынша басқа шоттарға аударыды. Клиенттің тапсырмасымен немесе клиенттің нотариалды куәландырылған тиісті

сенімхатына ие басқа адамның тапсырмасы бойынша клиенттің шотындағы төлемдер жүргізіледі және ақшалар аударылады;

- шоттан клиентке қолма-қол ақша береді;
- клиенттің талабы бойынша шоттан үзінділер (қаржы операциялары туралы есептер) береді;
- клиенттің шотындағы сома шегінде оның өтініші бойынша қолма-қол және қолма-қолсыз валютаны сатып алады және сатады.

Әрине, бұл қызметтердің барлығына ақы алынады. Банк тиісті тарифтерге сәйкес ағымдағы шот бойынша банктік операцияларды жүзеге асырғаны үшін клиенттен комиссиялық сыйақы алады.

Банктік шотты қалай ашу керек

Ағымдағы шотты ашудың ешқандай қиындығы жоқ. Шот ашатын банкті таңдап алып, өзіңнің құжаттарыңды сонда апаруың керек. Әрине, бұл жеке куәлігің (немесе төлқұжатың) және СТН. Резидент еместер үшін – елінде қолданатын төлқұжаты немесе шетел азаматының Қазақстан Республикасында тұрақтау құжаты.

Шот бірнеше минут ішінде ашылады. Бұл қызмет – тегін көрсетіледі.

Төлем карталары

Банктік карта – банктің банктік шотына байланысты дербестелген пластикалық карта. Өзінің ұстаушыларына тауарларды немесе қызметтерді қолма-қолсыз төлеуге және банк бөлімшелерінен және банкоматтардан қолма-қол ақшаларды алуға мүмкіндік береді. «Несиелік карта» немесе «кредитка»

ұғымы жиі қолданылады, бірақ ол барлық банктік карталарға сәйкес емес.

Пластикалық карталарды қолдану артықшылығы орындалатын төлем операцияларының жан-жақтылығы, ақша қаражаттарының қауіпсіз сақталуы, тасымалдауға, пайыздарды есептеуге, қолма-қол ақшаларды алу жеделдігі және қолжетімділігі. Карточка иесі банктен несиені алуға қойылған шектеулер шегінде тауарларды төлеу немесе қолма-қол ақшаларды алу кезінде жеке басын сәйкестендіру арқылы немесе онсыз карточканың осы түрін қабылдайтын тауарлар мен қызметтердің барлық кәсіпорындарында карточканы қолдана алады, банкке сатып алу сомасына байланысты банктік несиенің әрекет ету мерзімі басталмас бұрын сатып алғаннан кейін берешекті төлей алады. Карточканы иелену сатып алған орнына қатыссыз тауарлар (қызметтер) үшін шоттарды төлеуге, әртүрлі дүкендердің тауарларын, қызметтерін, қонақ үйлерге, авиакомпанияларға, мейрамханаларға, турагенттіктерге, автокөліктерді жалдауға, май құю станцияларын, медициналық қызметтерді және басқа да қызметтерді кез келген валютада төлеуге мүмкіндік береді.

Банктік карта халықаралық (бүкіл әлем бойынша көптеген қатысушы-банктерді біріктіретін төлем жүйесі аясында); есептік (дебеттік), несиелік, жалақылық және зейнетақылық түрінде шығарылуы мүмкін. Сондай-ақ, виртуалды карталар да шығарылады.

Халықаралық есептік (дебеттік) карталар

Халықаралық есептік карталар халықаралық төлем жүйесінде қолданылады. Кеңінен таралған төлем жүйелері – Visa мен MasterCard.

Әлемдегі әйгілі карталар Visa Classic пен MasterCard Mass.

Бұл әмбебап төлем карточкалары, тұрақты табысы бар клиенттерге арналған. Карточка деректері бойынша банкоматтардан қолма-қол ақшаларды алуға және Visa немесе MasterCard логотипі бар бүкіл әлемдегі тауарлар мен қызметтерді төлеуге болады. Олар электронды және механикалық құрылғыларда қолданылады. Карточканың осы түрлерімен қонақүйдегі нөмірді, авиабилеттерін брондауға және автокөліктерді жалға алуға болады.

Несиелік карталар

Несиелік (револьверлік) карта өзінің ақшаларын сияқты, банктің ақшаларын да, яғни қарыз ақшаларды пайдалануға мүмкіндік береді. Карточкадан несиені кез келген уақытта өзіңнің банкіңнің банкоматынан револьверлік картаның көмегімен алуға болады. Картаны ұстаушы несиені пайдаланады, міндетті қарыздың ең төменгі төлемін немесе барлық соманы өтейді, бұдан кейін картадағы несиелік лимит, қарызды пайдалану үшін банкпен есептелетін пайыздан басқа, өтеу сомасы шегінде қайта қалпына келеді. Револьверлік карталарды берудің кеңінен таралған сегменті – осы банк арқылы жалақы аударатын ұйымдардың қызметкерлері.

Жалақы карталары

Жалақы карталары – бұл «жалақылы» деп аталатын толық құнды халықаралық төлем карталары, олардың шоттарына жалақы, сыйақылар және басқа да аударымдар аударылады. Жалақы карталарын шығарудың бастамашысы жұмыс беруші болып табылады. Олай болса, кәсіпорын жұмсалатын жұмыс уақытын қысқартады және қолма-қол ақшаларды жеткізу және беру шығындарын азайтады – кассашылардың санын

қысқартады, жұмыс уақытында кассаның алдындағы кезектілікті жояды, жұмыскерлер жалақыларын банкоматтардан жұмыс уақыты немесе демалыс күндері де ала алады. Кәсіпорынның есеп-қисап бөлімі жұмыскерлердің карточкалы шоттарына төлемдерді жүргізу процесін дербес басқара алады.

Зейнетақы карталары

Картаның «зейнетақы» атауы, «жалақылы» картасына ұқсас, халықаралық төлем картасына зейнетақыларды және басқа әлеуметтік төлемдерді жүргізуге негізделген. Карталы шоттар зейнеткерлер үшін тегін ашылады. Мұның бастамашысы зейнеткердің өзі болып табылады. Карточка тегін шығарылады, карточка бойынша қызмет көрсету жылына 300 теңге, қолма-қол ақшаны алу үшін комиссия алынбайды, сауда-сервистік орындарда сатылымдарға төлеу кезінде де комиссия алынбайды.

Виртуалды карталар

Көптеген банкілер виртуалды карталар шығарады. Ол дебетті болып табылады және жай карталарға ұқсас қолданылады, бірақ төлемдер тікелей Интернет арқылы жүргізіледі. Виртуалды карта жәй дүкендерге, банкоматтардан қолма-қол ақшаларды алу үшін, сонымен қатар картаны қолма-қол ұсынуды талап ететін (билеттерді, отельдерді брондау, автокөліктерді жалға алу және т.б.) Интернеттегі сатылымдар үшін қолданылмайды. Мұндай карталардың иелері, банкте картаны жапқан жағдайдан өзге, қолма-қол ақшаларды ала алмайды. Бұл жағдайда, шартпен қарастырылған болса, жабу комиссиясын алып тастағандағы, шоттағы қалдық ақша иесіне қайтарылады.

Банктік карталардың ыңғайлылығы

Банктік карталардың басты ыңғайлылығы – жан-жақты пайдаланылуы. Картаның иесі ірі сомадағы ақшаларды алып жүруіне болады.

Картаның жоғалуы. Карта жоғалған немесе ұрланған жағдайда оның иесі банктің процессингтік орталығына хабарласып, картаға байланысты операцияларды шектеуі тиіс. Картаны тапқан немесе ұрлаған адам картаны шектегеннен кейін оны пайдалана алмайды (бірнеше секундтан бастап бірнеше күнге дейін). Иесіне картаны шектеген сәттен бастап оның қайта шығарылуы үшін алынатын соманы шегеріп, барлық сомасы сақталған күйде оның картасы қайта шығарылады.

Кеденге байланысты проблеманың болмауы. Көптеген елдердің заңнамасы ақша қаражаттарын алып кіруді/шығаруды қатаң бақылайды. Банктік карталар кедендік есепке алынбайды, сәйкесінше олардың көмегімен кез келген соманы алып жүруге болады.

Төлемдер географиясы. Халықаралық төлем жүйелерінің банктік карталары әлемнің көптеген елдеріндегі тауарлар мен қызметтерді, сондай-ақ Интернет арқылы төлеуге мүмкіндік береді. Карта валютасы тұрақты, есеп-айырысу кезінде ресми курс қолданылады + банк комиссиясы алынады. Сондай-ақ, карта иесі валюталарды екі рет айырбастауда ақша айырмашылығын жоғалтпайды.

Төлемдердің жеделдігі. Банкоматтардан немесе сауда терминалдарынан қолма-қол ақшаларды алу немесе тауарлар мен

қызметтер төлемі әлемнің кез келген жерінен жедел орындалады.

Шотты толықтыру. Банктік картаның иесі басқа қалада немесе елде жүріп өзінің шотын жедел әрі пайызсыз толықтыра алады, ал банктік төлем жүргізуде, Western Union арқылы аударымдарды жүргізу және басқа да операцияларды орындау кезінде қызметтерге пайыздар есептеледі.

Кемшіліктер

Анық артықшылықтарымен қатар, кейбір кемшіліктері де бар.

Төлемдерді қабылдау. Әлемнің дамыған елдерінде барлық сауда орындары банктік карталарды қабылдайды, орташа дамыған елдерде – карталар ірі супермаркеттермен ғана қабылданады. Кейбір елдерде дүкендерде кассалық аппарат секілді, кассалық терминалдардың болуы міндетті. Бірақ кеңінен қолданылмауы кейбір проблемалар тудыруы мүмкін, әсіресе түнгі уақытта. Қолма-қол ақшаларды барлық дүкендер қабылдайды.

Шайпұлдар проблемасы. Мейрамханаларда, барларда және т.б. төлем жүргізу кезінде белгілі проблема туындайды. Бұл несиелік картамен төлем жүргізген кезде шайпұл алудың қиындығымен байланысты. Чекте шайпұлдардың сомасын көрсететін осы сауда орындарына қызмет көрсетуге мүмкіндік беретін POS-терминалдар мамандандырылған бағдарламалық қамтамасыз етіледі. Бірақ, шайпұлдар қолма-қол ақша түрінде төленеді. Кейбір елдерде барда картамен төлем жүргізу мүмкін болмайды.

Қауіпсіздік. Интернет арқылы есеп-айырысу және банкоматтар арқылы қолма-қол ақша алу және күмәнді орындардан тауарларға төлеу кезінде техникалық құралдарды қолданып, алаяқтық құрбаны болу ықтималдығы бар. Мұндай жағдайдан микропроцессорлық карталарды қолдану арқылы ішінара шығуға болады. Сондықтан магнитті карталарды пайдалану кезінде абай болу керек, банктер бұл жайында өзінің жадынамаларында үнемі ескертеді.

Қолдану қиындығы. Дегенмен эмитент-банктер банкоматтардың интерфейсін көптеген адамдар, әсіресе қарт адамдар үшін оңайлатуға тырысады, қолма-қол ақшаны алуда, кейде кассалық терминалдарда есеп-айырысу кезінде қиындық тудырады.

Қадағалаушылық – бұл мәртебе де, кемшілік те. Бір жағынан, жеке тұлғаның барлық сатып алулары билік үшін анық болады, екіншіден – барлық мүмкін қаржы есептерді құрастыруды жеңілдетеді.

Банк депозиттері

Депозит – бұл халықтың көпшілігі қолданатын дәстүрлі қаржы құралы. Негізінен, бұл белгілі (нақты) мерзімге белгілі пайызбен банктік депозитке салынған ақшалар. Тұтынушы үшін бұл құралдың механизмі қарапайым әрі түсінікті: ақшаларыңызды банкке апарып, шарттары сізге лайықты депозитті таңдайсыз, белгілі ақша сомасын салып, бірнеше уақыттан кейін (мұны да өзіңіз таңдайсыз) өзіңіздің ақшаларыңызды есептелген пайыздарымен қоса аласыз. Бұл жағдайда мәселен, инвестициялау стратегиясын таңдай алатын және ақшаларыңыз қайда аударылатынын білетін ЖИҚ

ерекшелігі, пайыздардың сізге қай жақтан есептелетіні сізді қызықтырмауы тиіс.

Көп жылғы жарнама мен ликбез өзінің істерін жасап алды – қазір депозит жайында мектеп оқушысы да, тіпті – зейнеткер де біледі. Көптеген адамдар өзінің капиталын сақтаудың және ұлғайтудың дәстүрлі әдісіне - банктік депозитке сеніп тапсырады. Бұл таңқаларлық жағдай емес, себебі бұл құрал халықтың кең ауқымына есептелген және тіпті бай емес салымшыларға да – дәрігерлерге, мұғалімдерге, жай қызметкерлерге де қолжетімді. Бұл салымның ең қарапайым әрі қауіпсіз құралы.

Ең бірінші, ақшаларыңызды апарып салуға болатын банкті тандап алу қажет. Таңдау өте маңызды – Қазақстанда 30-дан астам қаржылық-несиелік мекемелер әрекет етеді және әрқайсының өздеріне тән жетістіктері мен кемшіліктері бар. Ең басты критерий, бұл, әрине сенімділік. Бірақ, сол не өзге банктің сенімді екендігін қалай анықтауға болады?

Көп жылдар бойына оңай емес сынақтан өткен және жеткілікті тәжірибе жинаған банкке оның жас «әріптестеріне» қарағанда, үлкен сенім артуға болады. Оның тұрақтылығы шынайы, жан-жақты ақпараттар негізінде бірқатар критерийлер бойынша объективті қорытындылар жасайтын рейтингтік агенттіктермен бағаланады. Активтері мен меншік капиталы банктің экономикалық әлеуметі мен қаржылық тұрақтылығын білдіреді. Және оның соңғы мәселесі – бұл оның қызметтерін ғана пайдаланатын риза клиент, онда бұл банктің жетістігі мол.

Әртүрлі банктермен ұсынылатын жылдық пайыздық мөлшерлемесін жобалай отырып, салым бойынша мөлшерлемелердің жоғары мөлшері банктің жасырын проблемаларының белгілері екендігін ескеру қажет. Банктер өзінің жеке «жыртық» балансын жедел жамау үшін жоғары мөлшерлеменен тарта бастайтыны белгілі. Егер банк орташа

нарықтық мөлшерлемеден жоғары мөлшерлеме ұсынатын болса, онда тәуекелге бел байлаудың және бұл банктен салым ашудың қажеті жоқ.

Депозитке ақша қаражаттарын қосымша енгізуге болатын салымдар өте тартымды болып табылады, бірақ барлық банктік депозиттер толтырымды болмауы мүмкін. Салымның нақты түрін толтыра алу немесе толтыра алмау банкпен анықталады және банктік салым шартында көрсетіледі.

Депозитті толықтыру салым сомасын ұлғайтатын салымның әрекет ету мерзімі ішінде депозитке қосымша жарналар енгізу мүмкіндігін қарастырады. Қосымша жарна сомасы, салымның бастапқы сомасы секілді, қолданыстағы заңнама бойынша салымшымен кез келген уақытта және толық көлемде талап етіле алады.

Салым бойынша есептелген және салынған пайыздар дереу төленуі мүмкін. Онда салым сомасы ұлғайтылмай, салымның қорытынды кірісі «стандартты» күйде қалады. Бұл жағдайда салымның мерзімі аяқталғанға дейін пайыз түрінде тұрақты кіріс алуыңызға болады.

Пайыздарды есептеудің тиімді схемасы – капиталдандыру қолданылады. Мұндай схемада есептелген пайыздар депозит ұстаушысына үздіксіз төленбей, салым сомасына қосылады. Пайыздардың келесі есептелуінде олар бұрын есептелген пайыздарды ескеріп, салымның барлық сомасына есептеледі. Нәтижесінде ұқсас пайыздық мөлшерлеме кезінде капиталсыз салыммен салыстырғанда, капиталданған салым бойынша кіріс жоғары болады.

Одан әрі салымның мерзімін ұзарту (қайта инвестициялау) мүмкіндігіне назар аудару қажет. Мерзімін ұзарту – бұл банктік салым шартының әрекет ету мерзімі аяқталғаннан кейін клиенттің банкке келмей, осы шарт мерзімінің автоматты түрде ұзартылуы.

Салым шартының мерзімін ұзарту алдыңғы шарттармен, сол мерзіммен жүзеге асырылады, бірақ салымды ұзарту кезінде әрекет ететін осы салымның пайыздық мөлшерлемесімен жүзеге асырылады. Яғни, егер банк шарттың бірінші әрекет ету мерзімі кезінде сіздің депозитіңіз бойынша пайыздық мөлшерлемені төмендететін болса, онда мерзімін ұзарту бастапқы шартта көрсетілген мөлшерлеменен емес, осы пайыздық мөлшерлеменің шарттарымен жүзеге асырылады. Мұны ескеру қажет.

Ақшаларды банктегі депозитке салғаннан кейін клиент өзінің жеке меншік ақшаларын ұзақ мерзімге беретіндігін естен шығармауы тиіс. Осы кезеңде өзінің және оның отбасының өмірінде талай нәрсе болуы мүмкін. Сондықтан салым түрін таңдаған кезде жеңілдігі бар мерзімінен бұрын алуға болатын салымдарды таңдау қажет.

Салымшы өзінің салымын мерзімінен бұрын талап еткен жағдайда, ол салымның бастапқы сомасын, сонымен бірге төмен мөлшерлеме бойынша есептелген пайыздарды алуы мүмкін (және келесі салымдары болса да). Бірақ бұл жағдайдан шығуға болады. Кейбір банктер шарттары салымды мерзімінен бұрын талап еткенде де негізгі мөлшерлеме бойынша есептелген пайыздарын сақтайтын депозит түрлерін ұсынады. Жеңілдікті мерзімінен бұрын талап етілетін салым бойынша, банктер одан ақшаларды мерзімінен бұрын талап еткен жағдайда, салым бойынша пайыздары есептелетін пайыздық мөлшерлемелердің мөлшерін келіседі. Бұл мөлшер клиент қаражаттары салымда қанша мерзім жатқанына байланысты.

Депозиттің әрбір валютасы бойынша банк бөлек пайыздық мөлшерлеме белгілейді. Салым валютасы – маңызды фактор. Мәселен, қазір депозитті теңгемен жылдық 13,5% ашу тиімдірек болуы мүмкін, ал жарты жылдан соң – доллар-

мен жылдық 10 пайыз болып қалуы мүмкін. Сондықтан нарықтың конъюнктурасын ескеру және сол сәтте тиімдіре-гін тандау қажет. Тәуекелдерді азайтуға мүмкіндік беретін мультивалюталық депозиттер де бар.

Депозиттердің жоғары сенімділігі Қазақстанның салым-дарды кепілдендіру қорымен қамтамасыз етіледі. Бұл отандық жинақтарды сақтандыру жүйесі болып табылады, оның құрамына республиканың отыздан астам банктері кіреді. Қордың міндеті кез келген банк «таратылған» жағдайда де-позиттерді өндіріп береді. Өтемақының ең жоғары мөлшері бүгінгі күні 5 миллион теңгені құрайды.

Несие сомасын, пайызын, мерзімін және басқа да шарт-тарын анықтап алып, банктік салым шартын жасауға банкке баруға болады. Салым ашуға қандай құжаттар талап етіледі?

Депозитті ашу үшін жеке куәлігіңізді (төлқұжатыңызды) және СТН-ін банктің кез келген бөлімшесіне апарсаңыз жет-кілікті.

Басқа қаржы институттары алдында банктік депозиттің артықшылықтары

Тұрақтылық	Депозит қаржы құралдарының ауытқуына тәуелді емес. Салымшы өзінің кірістерін кез келген жағдайда белгі-ленген пайыздық мөлшерлеме бойынша алады.
Ай сайынғы кірістер	Салымшы әр айда аталмыш кезеңнің есептелген пайыздарын ала алады
Ішінара алу	Кез келген уақытта ақшаларды ішінара алуға болады.
Кепіл	Депозит салымшы несие алған кезде кепіл ретінде қолданыла алады. Бұл жағдайда кепіл затын бағалауға және ресімдеуге уақыт және ақша жұмсалмайды. Сон-дай-ақ, банк қарызгерге белгілі бір артықшылықтарды ұсынуы мүмкін, мәселен, егер ол осы банкте депозиті болса, несиенің пайыздық мөлшерлемесіне жеңілдік алуы мүмкін.

Қосымша жарналарды енгізу	Кез келген мөлшерде кез келген уақытта қосымша жарналарды енгізуге болады және осылайша өзінің салымын, сәйкесінше ол бойынша кірісін ұлғайта алады.
Салымдарға кепілдік беру	Банктік депозитте ақшалардың сақталуын Қазақстанның салымдарды кепілдендіру қорының атынан мемлекет кепілдендіреді.

Несиелер

Банктік несие – банкпен белгілі пайызбен және белгілі мерзімге берілетін және қарызгермен шартта көрсетілген ақша сомасын толығымен қайтаратын ақшалар. Бұл талап етілетін қаржы қызметтерінің бірі. Банктер әртүрлі мақсаттарға арналған әртүрлі несиелер береді.

Әрине, алынған несие үшін банкке сыйақы төлеу қажет. Өзінің сыйақысының мөлшерін банкті өзі қарыздың белгіленген пайыздық мөлшерлемесі, сондай-ақ, несие беру кезінде: несиелік тапсырысты қарау, қолма-қол ақшаларды беру, несие шоттарын жүргізу, кепіл затын бағалау, кепілді сақтандыру және т.б. қосымша қызметтерге төленетін әртүрлі комиссия түрінде белгілейді.

Банк комиссиялары несие алудың ең жағымсыз шарты болып табылады, ол жайында клиент ең соңында ойлайды (көбінесе – ол туралы күмәнданбайды да). Ірі қарыз кезінде аз ғана пайыздар маңызды сомаларға айналады, нәтижесінде несие ойлағандай емес, одан қымбатырақ болуы мүмкін.

Банктермен алынатын комиссиялардың үлгілі тізімі:

- банктік қарыз беру;
- несиелік тапсырысты қарау;
- қолма-қол ақша беру;
- мерзімінен бұрын өтеу;
- несие бойынша берешекті қайтару мерзімін ұзарту үшін комиссия;

- шотты жүргізу үшін;
- бастапқы шарттарды өзгерту үшін;
- несие беру валютасын өзгерту;
- аннуитетті өтеу кестесін қайта қарау;
- несиелік линияны ұйымдастыру үшін;
- карт-шотқа қолма-қол ақшаны есептеу үшін.

Комиссияның алғашқы үш түрі, жеңілдетілген шарттан немесе арнайы бағдарламадан басқасы, несие берудің барлық түрлерінен алынады.

Шартта қарызды өтейтін несие мерзімі көрсетіледі. Бұл мерзім ұзақ болған сайын, несие бойынша ай сайынғы төлем мөлшері де соғұрлым төмен болады, бірақ ол кезде банкке төленетін соңғы сома айтарлықтай ұлғаяды.

Көптеген банктерде несие беру шарттары икемдірек. Егер банк оның тәуекелі айтарлықтай төмен екендігін байқаса, мәселен, қарызгер өтімді кепіл затын ұсынатын болса және/немесе бастапқы жарнасы жоғары болса және т.б., негізгі пайыздық мөлшерлемені азайтуы мүмкін.


Несие алу үшін қандай құжаттар тапсырылады?

Қағаз жұмысы өте қарапайым немесе күрделі, несиенің түріне, мөлшеріне және басқа жағдайларға байланысты болуы мүмкін. Егер несие банк үшін тәуекелді болса, барлық мүмкін анықтамалардың ауқымды пакетін жинауды талап етуі мүмкін. Кепіл затын да ұмытпау керек.

Несие сомасы және мерзімі көп болған сайын, рәсімдеу құжаттарының тізімі де соншалық көп болады. Ең «оңай» алынатын несие – жедел несие – аз ғана құжаттарды талап етеді: ӘЖК, СТН, жеке куәлік (кейбір банктерде алты айдан кем емес кіріс туралы анықтаманы немесе зейнетақы қорынан үзіндіні талап етеді). Одан кейін – көбейе береді. Ірі несиені

рәсімдеу кезінде кірісіңізді растауды – қызметіңіз және жалақы мөлшері туралы анықтаманы, зейнетақы қорынан үзіндіні, еңбек кітапшасының немесе еңбек шартының көшірмесін, тіркелген мекен-жайыңыз туралы анықтаманы талап етеді. Автокөлікке несие бергенде жұбайыңыздың да құжаттары: жеке куәлігі, СТН, неке туралы куәлік (немесе некені бұзу туралы куәлікті), балалардың туу туралы куәліктері, кәмелетке толған балалардың жеке куәліктері және т.б. талап етіледі.

Несие рәсімдеуге қажетті құжаттар



Жалақы немесе кіріс ретінде ескеріледі:

- негізгі жұмысы бойынша жалақысы;
- қосымша жұмыстың кірісі;
- кәсіпкерлік қызметтің кірісі;
- салым бойынша пайыз түріндегі кіріс;
- жылжымайтын мүлікті жалға беруден түсетін кіріс және басқалар.

Сонымен қатар, жақын туыстардың және азаматтық жұбайының кірістері де ескеріледі.

Барлық несие беру түрлерінде оңайлатылған немесе жеке рәсімдеу схемалары болады. Оны несиелік линиялары бар тұлғалар мен банкпен үлестес компаниялардың клиенттері қолдана алады (мысалы, зейнетақы қорының салымдары немесе сақтандыру компаниясының клиенттері). Сонымен қатар, осы компаниялардың немесе банктің қызметкерлеріне несие

алу оңайға соғады. Барлық қажетті құжаттардың тізімі банктің сайтында жарияланған, қажет жағдайда қосымша құжаттар талап етілетіндігі де ескертілген.

Несиелердің пайдасы: несиені қажет жағдайда немесе сол сәтте ақша жетпейтін сатылымды сатып алу үшін (немесе ниетің болған кезде) алған ыңғайлы.

Несиелердің зияны: несиенің мақсатына байланысты оның шарты өзгереді: қарызгерге қойылатын талаптар, пайыздық мөлшерлеме және несиені төлеу мерзімдері, келісім-шарттың басқа да шарттары.

Кеңінен таралғаны және танымалы автонесиелер және тұтынушылар несиесі болып табылады.

Автонесие

Автонесиенің ерекшелігі несие сатып алынатын автокөлікке берілуі болып табылады. Бұл жағдайда барлық банктер осы банктің бағдарламасы бойынша несиеге автокөлік сатып алуға болатын автосалондармен ынтымақтасады.

Артықшылықтары: автонесие бойынша пайыздық мөлшерлеме тұтынушылар несиесімен салыстырғанда төмен болады, себебі банк сіздің жұмсаған ақшаларыңызды толығымен бақылайды: несие сатып алынатын көлік кепілімен беріледі, автокөлік төлем жүргізу барысында сақтандырылады. Автонесие сомалары тұтынушылар несиесінің сомаларынан жоғары болады.

Кемшіліктері: қарызгерге автонесиені рәсімдеу кезінде сатып алынатын автокөлікті несиені төлеу мерзіміне

сақтандыруды міндеттейді (КАСКО сақтандыру). Сонымен қатар автокөлік берешекті толығымен өтегенге дейін банктің меншігінде қалады. Егер ол қарызгердің атына рәсімделетін болса, төлемдерді кешіктірген жағдайда көлік тәркіленуі мүмкін.

Тұтынушылар несиесі

Тұтынушылар несиесі тұрмыстық техникалар немесе жиһаздар сатып алу, пәтерді жөндеу, саяхаттау және көптеген басқа да мақсаттарға қолданылады.

Артықшылықтары: мұндай несиені кез келген тұтынушылық шығындар үшін алуға болады. Бұл жағдайда банктер жұмсалған ақшалар туралы есепті талап етпейді.

Тұтынушылар несиесін алу үшін қарызгерге қойылатын талаптар банктен банкке түрленіп отырады. Бұл жағдайда талаптар қатаң әрі қажетті құжаттар көп талап етілген сайын, несие бойынша пайыздық мөлшерлеме – қатаң іріктеу кезінде банктер өзінің тәуекелдерін төмендетеді.

Жедел-несие

Жедел-несиені санаулы минуттарда дүкендердің өзінде рәсімдеуге болады.

Артықшылықтар: құжаттарға қойылатын талаптар төмен. Банкке клиентпен ұсынылатын құжаттар жеке куәлікпен (немесе төлқұжатпен), СТН және ӘЖК шектеледі.

Кемшіліктер: мұндай несиелердің пайыздық мөлшерлемесі салыстырмалы түрде жоғары, банк үшін өте жоғары

тәуекелділікпен негізделген, себебі бірнеше минут ішінде қарызгерді сапалы бағалау мүмкін емес. Сондықтан барлық тәуекелдер (мысалы, кейбір адамдар несиені өтемеуі мүмкін) барлық қарызгердің төлемдеріне негізделеді.

Ипотека

Ипотека – бұл жылжымайтын мүлікті сатып алудың ұзақ мерзімді несие беру жүйесі. Несиелік ұйым сізге ақшалай қаражаттар ұсынады, ал сіз несиені пайдаланғаныңыз үшін белгілі пайыздарды төлеп, оны белгілі мерзімде қайтаруға міндеттісіз.

Қазақстанда ипотекалық несие 1 жылдан 20 жыл мерзімге сатып алынатын тұрғын үйдің 70 пайызына дейінгі сомада беріледі. Кейбір банктерде 3–5 жыл мерзімге несиені мерзімінен бұрын өтеу мораторийі әрекет етеді. Ипотекалық несие Қазақстан Республикасының 21 жасынан 56 жасқа дейінгі азаматтарға беріледі. Бұл жағдайда несиенің аяқталу мерзімінде қарызгердің жасы зейнеткер жасына дейін болуы шарт. Қарызгердің тұрақты табысы немесе кірісі болуы тиіс. Несиенің мөлшері кіріске, несие беру мерзіміне, отбасының құрамындағы асыраушылардың санына байланысты болады. Банкке төленетін ай сайынғы төлем кірістің 40–60 пайызынан артық болмағанда несие беріледі.

Кепіл заты қарызгердің меншігі болып табылатын пәтер болып табылады. Несие пайызды және негізгі қарыздың бөлігін құрайтын ай сайын төлем жүргізу арқылы өтеледі.

Ипотекалық несие көмегімен екіншілік нарықтан пәтер, тұрғын үй, (жеке тұлғаның меншігіне рәсімделген тұрғын үй), жеке тұрғын үйлер, коттеждер (жыл бойына тұруға жарамды), коммерциялық жылжымайтын мүліктер, жер телімін сатып алуға болады.

Білу пайдалы!

- Ипотекалық несиелер беретін барлық банктің сайттарында ипотека сомаларын есептеу бойынша калькуляторлар бар. Осы калькуляторлардың көмегімен өзіңіздің қаржы жағдайыңызды ескеріп, ипотеканың қолжетімділігін есептеуге болады.

- несиені ішінара және толығымен мерзімінен бұрын өтеуге болады. Бұл жағдайда банк ай сайынғы төлемдердің мөлшерін қайта санайды. Кейбір банктерде мерзімінен бұрын өтеуге айыппұл алады, ал басқалары несиені бойынша пайыздық мөлшерлемені төмендетеді.

- Ипотекалық несиені ресімдеу кезінде қарызгер қосымша шығындарды да есептеуі тиіс: несиені тапсырысты қарастыру, несиені бергені үшін комиссия, жылжымайтын мүлікті бағалау, кешенді сақтандыру төлемі (қарызгердің өмірі мен еңбекке қабілеттілігін сақтандыру, сатып алынатын жылжымайтын мүлікті зақымданудан сақтандыру және т.б.). Қосымша шығындар сомасы несиені сомасының 3–4% құрайды.

- Банк банкрот болған жағдайда бұл қарызгерге ешқандай қатысы болмайды. Ипотекалық қаражаттарды қолдану арқылы сатып алынған жылжымайтын мүлік қарызгердің меншігінде болады, несиені алынды, ал несиелік шарттың талаптары өзгертуге жатпайды.

Несие бойынша өзекті сауалдар

Қажет жағдайда кірісті қалай растауға болады?

Банк клиентінің кірістер деңгейін растау үшін көбінесе кіріс туралы анықтаманы өткізуді талап етеді. Егер жұмыс беруші «конвертте» жалақы төлейтін болса, одан банк сұраған (нақты тұжырымдамасын банкте анықтап алған жөн) үлгіде нақты

жалақыңызды көрсетіп анықтама беруін сұрауға болады. Көп жағдайда мұндай анықтамада ұйымның толық атауын, сонымен бірге клиенттің соңғы жарты жылда немесе бір жылдағы жалақысын көрсетуді сұрайды. Анықтамаға ұйымның директоры және бас бухгалтері қол қойып, осы ұйымның мөрімен куәландырылады. Көптеген банктер мұндай анықтамаларды қабылдайды, бірақ алдын ала анықтап алған дұрыс, өйткені шарттар мен талаптар әр жерде әртүрлі.

«Жасырын» жалақы туралы анықтама алған жағдайда, қарызгердің жұмыс берушімен проблемасы туындауы мүмкін – себебі бұл қағаз бөтен біреудің қолына түссе, оған зиян болады. Осы себептен көп ұйымдар мұндай анықтамаларды беруге келіспейді. Дегенмен, банктер бұл ақпараттың жария болуына мүдделі емес (тіпті, мұны істеуге олардың құқығы жоқ), сондықтан банктен бұл қағазды бақылау органдарына беру ықтималдығы жоғары емес.

Кепілгер болмаса не істеуге болады (ал, банк ережелері бойынша олар талап етіледі)?

Кейде несие бойынша кепілгерді табу қиынға соғады: қарым-қатынастарың сенімді туыстарың біреуге кепілгер немесе банктің талаптарына сәйкес келмеуі мүмкін. Мәселен, қажетті жалақы деңгейін растайтын анықтаманы ұсына алмайды. Кепілгердің орнын кепілмен толтыру қажет. Банктер кепілдікке кез келген мүлікті ала бермейді. Әдетте, олар кепілге пәтерлерді, қала сыртындағы үйлерді және жерді, автокөлікті, бағалы қағаздарды, бағалы металдардың өлшемді құймаларын алады. Дегенмен, әрбір банктің өзінің артықшылықтары бар. Қолма-қол бағалы қағаздар және өлшемді құймалар көбінесе банкте сақталады (кепілде қалады) және бұл үшін клиенттен ешқандай төлем алынбайды.

Кепіл мүлігінің құны оның сатылымы банкке барлық пайыздарымен, сонымен қатар кешіктірілген төлемдердің есептелген айыппұлдарымен несие сомасын өтейтіндей болуы тиіс. Көз жеткізу үшін банк кепіл затын бағалауды талап етеді – бұл қарызгердің қосымша шығындары.

Қарызгердің міндетті шығындарының бірі – кепіл затын сақтандыру. Банкте сақталатын мүлік (бағалы металдардың күймалары, қолма-қол бағалы қағаздар) қана сақтандырылмайды. Кепілдікке барлық қалған мүлікті қабылдап, банктер өзінің пайдасы үшін оның жойылудан және зақымданудан сақтандыруды талап етеді. Полистің құны орташа есеппен қарызгерге несие сомасының 5–10% сәйкес келеді.

Ерекше талаптар кепілге берілетін мүліктің сапасына қойылады. Мәселен, пәтер тұруға дайын болуы шарт: онда жарықтың, судың болуы, бөлме әрленген болуы тиіс. Ал, пәтер орналасқан үй қаланың бұзып тастау немесе қайта салу жоспарына кірмеуі керек. Егер пәтерде кәмелетке толмаған балалар немесе еңбекке қабілетсіз азаматтар тіркелген болса, банк мұндай пәтерді кепілге алмауы мүмкін.

Баспананы сатып алу схемасы

- Қарызгер банкке несие алуға барады. Банк оның кірістерін, мүлкін, несиелік тарихын анықтайды және алынған деректер негізінде оған несие беру мүмкіндігі (немесе мүмкін еместігі), оның мөлшері, сонымен қатар ай сайынғы төлем мөлшері туралы шешім қабылдайды. Әдетте, несиенің параметрлері төлем қарызгердің салықты төлегеннен кейінгі ай сайынғы кірісінің 35–40% аспайтындай таңдап алынады.

- риэлтордың көмегімен қарызгер өзіне пәтер іздейді. Өйткені, оның жартысынан астам бөлігін банкке төлей-

тіндіктен, оның заңды «анықтылығын» тексереді және оның нақты нарық бағасымен салыстырады. Егер бәрі дұрыс болса, онда...

- ...қарызгер банкпен несиелік шарт жасайды. Бұл шартта берілетін несиенің параметрлері, оны өтеу шарттары, сонымен қатар сатып алынатын пәтер көрсетіледі. Бұл шарт бойынша қарызгер қолма-қол ақшаларды алмайтындығын білу қажет. Банк беретін қаражаттар тікелей сатушының қолына тиеді.

- Банкпен және сатушымен қарызгер сатып алу-сатудың және ипотеканың үш тараптық шартын жасайды. Осы шарт бойынша қарызгер ақшаларды аударғаннан кейін пәтердің – расында, ипотекамен ауырлатылған меншік иесі болады. Бұл қарызгер несиені өтегенге дейін онда тұра алады, бірақ бұл баспананың толыққанды иесі емес деген сөз.

- Қарызгер өзінің жаңа пәтеріне бастапқы жарнаны енгізеді (әйтпесе, несие мөлшері мен пәтер құны арасындағы айырма соманы қосымша төлейді).

- Соңғы кезең – бұл сақтандыру. Пәтер меншік құқығын жоғалтудан және зақымданудан сақтандырылады, қарызгер өмірін және уақытша еңбекке қабілетсіздігін жоғалтудан сақтандырылады.

- Осы сәттен бастап мерзім аяқталғанға дейін қарызгер әрбір ай сайын белгілі бір соманы төлеп отырады. Несиені алғаннан кейін бірнеше айдан соң қарызгер несиені мерзімінен бұрын өтей алады.

- Несие өтелгеннен кейін банк жылжымайтын мүлік құқығын мемлекеттік тіркейтін органға қарызгердің міндеттемелерді орындағандығы және мүлікті кепілден босату туралы хабарлама жібереді. Осы кезеңнен бастап қарызгер өзі сатып алған пәтердің толық құқылы меншік иесі атанады.



ИПОТЕКА АЛАТЫН ОЙЫҢИЗ БОЛСА БЛУИИИЗ ҚАЖЕТ:

1. Банкті таңдау өте маңызды. Әрқайсысында несиелер берудің шарттары әртүрлі. Жарнама шырмауына түсіп қалмаңыз – «ең төменгі пайыздар» дегеннің «су астындағы тас» болуы мүмкін. Несие беру схемасымен мұқият танысып алыңыз, банк қызметкерінен кеңес алып, барлық ұсақ-түйектерді анықтап алыңыз.
2. Несие беру мерзімі ұзақ болған сайын, соғұрлым пайыздар да жоғары болады. Осы мерзімді есептеп, «Ұзақ болған сайын жақсы» және «Қосымша уақыт» тұжырымдарына аса берілмеңіз. Нәтижесінде сіз алған несиенің екі-үш есе, тіпті төрт есе артық төлеуіңіз мүмкін.
3. Банктің сыйақы мөлшерлемесінің мөлшеріне бастапқы жарна әсер етуі мүмкін. Ол көп болған сайын, пайыздар да төмен болады. Егер бастапқы сома төмен болса, онда жылжымайтын мүлкіңізді кепілге қойсаңыз болады. Осылайша, сіз банкке төлейтін пайыздарыңызды үнемдей аласыз.
4. Сұралатын несиенің мөлшерін есептеп алған дұрыс, себебі несиені рәсімдеу кезінде комиссиялық алымдарды төлеуге мәжбүр боласыз. Қолыңызға қажетті сома түсу үшін алдын ала шығындарды есептеп алыңыз.
5. Егер сізге несиелер берудің ұсақ-түйегін анықтау қиынға соқса немесе бұл әуре-сарсаңға уақытыңыз болмаса, кеңес бере алатын немесе сіз үшін несиені рәсімдеудің барлық жұмыстарын атқара алатын арнайы фирмалардың (жылжымайтын мүлік жөніндегі агенттіктің, ипотекалық компаниялардың), кәсіпқойлардың – ипотекалық брокерлердің қызметтерін пайдалансаңыз болады. Беделі бар жылжымайтын мүлік жөніндегі агенттіктегі несиелік

брокерінің қызметтері шамамен 95 мың теңге тұрады. Басқа фирмаларда – арзан, комиссия мөлшері жұмыстың көлеміне және несие сомасына байланысты.

б. Егер сіздің қаржылық жағдайыңыз қиын болса және пайыздарды уақытында төлей алмасаңыз, банкпен үйіңізді жалға беру үшін жөндеуге қаражат бөлуді келісіңіз (ипотека тарихында мұндай жағдайлар болған). Несиелік мекеме қарызгермен бірге өзара тиімді шешім қабылдауға мүдделі, сондықтан қосымша қаржылық қолдаудың нақты мүмкіндігі бар.

Тиімді пайыздық мөлшерлеме

Тиімді пайыздық **мөлшерлеме** – бұл банктің барлық мүмкін комиссияларын ескергендегі (несие шотын ашу комиссиясы, несие шотына қызмет көрсету және басқалар) жылдық пайыздық мөлшерлеме. Ол қарызгер банкке алған несиесі үшін төлейтін нақты соманы құрайды.

Сарапшылардың есебі бойынша комиссия түріндегі қосымша жинақтар банктерге тұтынушылар несиесінің сыйақылық нақты мөлшерлемесін жылдық 20–30%-дан 50%-ға дейін ұлғайтуға мүмкіндік береді. Көп жағдайларда, белгілі бір соманы төлеуді жоспарлаған тұтынушы қосымша шығындар жайында кейінірек біледі, бірақ кейін қайтуға жол жоқ.

Кейде клиенттердің өзі несие беруге жеңіл-желпі қарайды. Қаржы секторының нақты ұсақ-түйектерін білмеу олардың қалталарын теседі. Заңгерлердің кеңесі бойынша, банктер жарнамаларда, буклеттерде және брошюраларда нақты несиелік мөлшерлемені көрсетеді де, ал шындығында әртүрлі алымдар мен комиссияларды қоса алғандағы несиелік ресурстардың құны әрдайым жоғары болады.

Сондықтан 2007 жылғы 1 қаңтардан бастап Қаржылық

қадағалау агенттігінің қаулысымен қабылданған Қазақстан Республикасында екінші деңгейлі банктерінің қаржы қызметтерінің сыйақылы мөлшері туралы ақпаратты тарату кезінде сыйақы мөлшерлемелерінің деңгейін есептеу ережелері қолданысқа енгізілді. Осы құжатқа сәйкес банктер ақпаратты тарату барысында, соның ішінде оны жариялау кезінде, клиенттердің ауызша және жазбаша сұраулары бойынша, сонымен қатар клиенттермен жасалатын шарттарда сыйақының тиімді мөлшерлемесін көрсетуі тиіс.

Қайғылы болғанымен тәжірибе көрсетіп отырғандай, банктің елуден бір клиенті ғана тиімді пайыздық мөлшерлеменің нақты мөлшерін біле алады және мұның не екенін түсінеді. Бұл қоғамның қаржылық сауатсыздығымен қатар, банктер көп жағдайда мөлшерлеме мөлшерін жасыратындығын білдіреді. Несиелік шарттың мәтіні ұсақ шрифтпен басылған, жарнамада банк тиімді пайыздық мөлшерлемелердің орташа мөлшерін айтпайды, ал банктік менеджерлер тиімді пайыздық мөлшерлемені сұраған қарызгермен сөйлесу этикасына жақсы оқытылған.

Сондықтан банкпен шартқа қол қояр кезде бұл құжатпен мұқият таныс болыңыз. Ипотекалық несие беру шартында банк комиссия алатын және тиімді мөлшерлеменің мөлшеріне әсер ететін барлық операциялар мазмұндалған, сонымен қатар оны анықтау тәртібіне және мөлшерлемелерді өзгерту мерзімдеріне сілтемелер берілген.



*Анықтама
Алдады ма? Арыз жаз!*

Мария Белозерская, Қазақстанның ұлттық тұтыну-

шылар одағының заң бөлімінің бастығы:

«Банктер жарнамада бір пайыздық мөлшерлемені жарнамалап, ал шындығында басқа мөлшерлемені қолданған жағдайда – бұл тұтынушыны жаңылыстыру және кіріс алу мақсатында оған шынайы емес ақпаратты ұсынуы. Адам жарнамамен банкке келгеннен кейін, несие алу үшін сонда қалып қояды.

Мұндай жағдайларға қатысты шағымдар бізде өте көп. Өйткені, адамдар тауарларды – көбінесе тұрмыстық техниканы – несиеге сатып алады, ал екі-үш жылда олар қарыз мөлшерін екі есе сомада қайтаруларына тура келеді! Тұрмыстық техника күннен-күнге арзандап жатқанда, бұл сезінерлік жәйт.

Сатып алуды несиеге жарнамасы сияқты, мұндай әрекеттер біздің заңнамамен реттелмейді. Мұндай компанияларды әкімшіліктік жауапкершілікке тартуға болады, бірақ мұны сот арқылы дәлелдеу қажет. Қандай адам өзінің жүйкесін, уақытын, ақшасын бостан босқа кетіретінін біле тұра, мұндай компанияға қарсы шағымданады дейсің, нәтижесінде ешқандай шешім қабылданбайды.

Тұтынушылар одағы өзінен-өзі мұндай оқиғалармен жалғыз күресе алмайды. Кез келген азамат біздің қызметтерге мұқтаждығы жайында жазбаша өтініш жазған жағдайда ғана, біз өзіміздің жұмысымызды бастаймыз. Бірақ мұндайлар жоқ – бізге тек телефонмен хабарласады. Кез келген азамат жазбаша шағым жазбайынша, бостан босқа наразылық білдіргенмен, одан ештеңе өзгере қоймайды».

Интернет-банкинг

Өмір бір орында тұрмайды, озық технологиялар кезеңі біздің өмірімізді барынша жеңілдетіп, күннен күнге адамзатқа

ыңғайлылық пен мүмкіндіктерді сыйлап жатыр. Кешегі күндері көршілес қалаға хат жазу үшін қағазға қаламмен жазып, конвертті поштаға барып оны жеткізу үшін бірнеше күнді алға салып есептеп жіберетін. Бүгінгі, E-mail мен ұялы телефондар бар заманда, тіпті орындықтан тұрудың қажеті жоқ, бар болғаны басқышты басу ғана – хат алушыға, тіпті ол мұхиттың арғы жағында болғанның өзінде бірнеше секундтан кейін жетеді.

Егер дүкенге бару қажет болып, бірақ барғың келмесе, виртуалды сауда орнының сайтына кіріп, тапсырыс берсең болғаны – тауарды үйіңе алып келеді. Ұялы телефоныңның балансын жедел толтыру үшін жүктеу карточкасын сатып алуға мүмкіндік болмаған жағдайда – тиісті сайтқа кіріп, ақшасын төлесен – қажет пин-кодыңды аласың.

Банкке бару – бұл кешегінің күні. Қаржы мекемелерінің операциялық бөлімшелерінде кезекте тұрғандар – бұл егде жастағылар не озық технологиялардың мүмкіндігі жайында тіпті күмәні жоқтар. Интернет-банкинг (формальды мұны Интернет арқылы жеке тұлғалардың шоттарын алыстан басқару деп атайды) бар кезде, бекер уақыт кетірудің қажеті жоқ.

Жалпы интернет-банкинг жүйесі деген не? Өрескел айтқанда, бұл - кез келген адамның кез келген уақытта әлемнің кез келген бұрышынан Интернет арқылы өзінің банктік шоттарын басқаруы. Бүгінгі күні интернет-банкинг – бұл банктік қызмет түрлерін пайдалануды барынша жеңілдететін кеңінен таралған және қолайлы қаржы интернет-шешімдердің бірі.

Коммуналдық қызметтерге, ұялы байланысқа, кабельдік телевизияға, Интернетке және кез келген басқа тауарлар мен қызметтерге төлем жүргізуге, ақшаларды аударуға, өзіңнің шотыңдағы қаражаттарды айырбастауға болады, төлем карточкасын толықтыруға, жеке тұлғалар несиесін алуға тапсырысты рәсімдеуге және қарызды өтеуге, өзіңнің шотыңның жай-

күйін және ол бойынша операцияларды қадағалауға болады және тағы басқалар.

Интернет-банкингтің маңызды артықшылықтары оның көмегімен банктік ақпараттарды кез келген уақытта жедел алуға, банк кеңсесіне келетін және операциялық залда кезекте тұру уақытыңызды үнемдеуге мүмкіндік береді – мұның бәрі ыңғайлы әрі қарапайым.

Интернет-банкингтің барлық артықшылықтарын пайдалану үшін мамандандырылған бағдарламаны орнату міндетті емес. Бар болғаны, Интернет желісіне қосылған USB-порты бар дербес компьютер талап етіледі. Талап етілетін операциялық жүйе де қарапайым – ол PC (жеке компьютер) бар барлық қазақстандықтармен қолданылады.

Қалай қосылу қажет? Өте қарапайым. Банкке барып, интернет-банкинг жүйесіне қызмет көрсету шартын жасау қажет. Жүйеге кіру үшін атауы мен парольді және сәйкестендірудің және қауіпсіздіктің басқа да қажетті элементтерін алу керек. Сосын жүйені тіркеу және жалғау талап етіледі.

Батыста банктік қызметтердің бұл түрі кеңінен таралған және айналысты дамытуға ұмтылуда – интернет-банкинг жүйесінің пайдаланушылар саны жылдан жылға артып келеді.

Интернет-банкинг Қазақстанда жемісті жұмыс істейді. Бұл қызмет бізде бірнеше банктермен ұсынылады. Жоғары технологиялық жаңа енгізулердің пайдаланушылары қазақстандықтар арасында салыстырмалы аз, бірақ олардың өсу темптері өзінің динамикасымен таң қалдырады. Интернет-банкинг жүйесін пайдалану үшін алынатын комиссия көп емес және ай сайынғы абоненттік төлеммен шектелген.

Сейфтік сақтау

Шаңырағыңды бар болғаны бір-екі аптаға тастап кетсең,

жақында бос қалған бөлменің тыныш атмосферасына кімнің болса да бас сұққысы келеді. Ал, кейде дәл осылай, бірақ керісінше болатыны бар емес пе. Бұл күндері, пәтерлерді тонау қажетті сақтық шараларын сақтау белгісіне айналды. Сондықтан өзіңнің құндылықтарыңды уақытша банктік сейфке орналастыру дәл осындай уақытта қажет.

Қазақстандықтар енді ғана батыстың өміріне ауыса бастады, онда әрбір өзін-өзі сыйлайтын адам маңызды қағаздарын, ақшаларын, құндылықтарын банктің бақылауына беруге тырысады. Мұны банктік тонаулар туралы көптеген шетелдің римейктері растайды. Бізде бұл өте танымал болғанымен, шындап қолданылмайды. Біздің біреулер қазақстандық банктің тоналуы жайында: сақтаудағы ірі валюта сомаларының немесе асыл металдардың жоғалуын, қазып алуын ойламайды. Қазақстанда дара айырбастау пункттерін алумен ғана шектеледі, онда да ол жемісті аяқталмауы мүмкін. Банктік сейфтер туралы тіпті айтпаса да болады.

Жоғарыда аталғандарға сүйеніп, демалысқа немесе ұзақ жолсапарға кеткенде, маңдай теріңмен тапқан құндылықтарыңды сейфке орналастырған жөн. Қарапайым азаматтар өзінің мүліктерін банкке сақтауға өткізеді. Банк өкілдерінің айтуынша, банк сейфтерін жалға алушылардың 90% жеке тұлғалар. Соңғы жылдары жеке сейфтерді жалға алу жоғары сұранысқа ие. Бұл пәтерге (үйге) күзетті жалдауға немесе сигналды орнатуды талап ететін үй сейфін сатып алуға қарағанда, қауіпсіз әрі арзан.

Депозит ұяшықтары құндылықтарды немесе құжаттарды сақтау үшін қолданылады. Құндылықтарды сақтау үшін ұяшықтарды жалдаумен қатар, соңғы кезде қаржы дағдарысына байланысты банктік шоттарда ақшаларын сақтауға қауіптенген қарапайым азаматтар ақшаларын сейфтерде сақтайтын болды. Бұл заңнама базасына байланысты: өйткені, банк банкротқа

ұшыраған жағдайда жәбірленген салымшыға – Қазақстандық азаматтардың салымдарын кепілдендіру қорының беретіні бар болғаны 5 млн. теңге. Осыған байланысты ұяшықтары бар банктер ерікті әрекет етеді: банкті таратушылар банкке қандай қауіп төніп тұрғанына қарамастан, олардың депозиттік сейфтеріндегі барлық заттарды қайтаруға міндетті.

Депозиттік ұяшықтардың тағы бір қолданылуы – пәтерлерді сатып алу немесе сату бойынша мәмілелерді рәсімдеу. Азаматтар сейфте сақталатын ақшаларды пәтердің құқы беретін құжаттарына, жалға алынған ұяшыққа айырбастау қауіпсіз екендігін түсінді. Бұл жағдайда мәміле банктің күзетуімен рәсімделеді. Банкирлер ұяшықтар осы мақсаттарға жиі қолданатындығын атап көрсетіп отыр. Мұндай жағдайларда сейф бір күнге жалға алынады.

Банк клиентке «сенімді орынды» пайдалануға өткізу үшін тиісті шарт жасайды және жалға алу құнын төлейді. Құнды мүліктің көлеміне байланысты сейфтің тиісті мөлшерін таңдау қажет. Банк қызметкерлерінің айтуынша, жеке тұлғалар арасында кішігірім де, үлкен де ұяшық кеңінен қолданылады. Алғашқылар құндылықтарды, ақшаларды, құжаттарды сақтауға, екіншілері – өнер туындыларын немесе қолма-қол ақшаларды сақтау үшін қолданады.

Қазақстанда байқалған ұяшықтың төменгі биіктігі бес сантиметр. Мұндай қораптарда құжат папкаларына, құнды заттар салынған кішігірім қобдишаларға немесе банктік метал кесектеріне орын жетеді.

Сонымен бірге қазақстандық банктік жүйе биіктігі 75, 100, 125, 175, 300, 475 және 600 мм сейфтерді ұсынады. Ал, егер клиенттің «байлығына» мұндай өлшем сәйкес келмесе, онда ірі өлшемді заттарға арналған арнайы сейфтік бөлмені сұрай алады.

Әрбір сейфтің екі құлпы және екі кілттің болатындығын

ұмытпау керек, оның біреуін банк клиентке өткізеді, ал екіншісін – өзіне қалдырады. Жеке сейфті жалдау туралы шартты кез келген қажетті мерзімге жасауға болады.

Маңызды қағаздарды, ақшаларды және құнды заттарды сақтау шығындалатын іс емес. Банктік сейфті жалдау құны таңдап алған ұяшықтың өлшеміне және оны жалға алу мерзіміне байланысты. Сейф үлкен болған сайын, құны да соғұрлым жоғары болады. Ақпарат үшін: жалға алу мерзімі ұзақ болған сайын, мүлікті сейфте сақтаудың әрбір күні арзанырақ болады. Кейбір банктерде жеңілдіктің икемді жүйесі қарастырылған. Жалдау ұзақтығына байланысты оның құны 5–20% дейін төмендейді. Жеке тұлғалар арасында кеңінен қолданылатын ұяшық (биіктігі 5 см) үшін барлығы айына шамамен 3200 теңге, ал үлкен ұяшыққа (биіктігі 60 см) – шамамен 8 700 теңге төлеу ұсынылады.

Мұндай қызметті демалушы-клиенттер үшін жазғы уақытта банк дайындап отырған арнайы ұсыныстар арзандата алады. Олар символикалық бағалар бойынша өзінің салымшыларына ұяшықты жалға алу құқығын ұсынады. Мәселен, банк ұяшығының кілтін бергені үшін банк кепілге ақша алады, жалға алу мерзімі аяқталғанда бұл ақша кілтке айырбастау арқылы клиентке қайтарылады. Кілтті жоғалтқан жағдайда, сәйкесінше сейфті бұзу үшін пайдаланушыға айыппұл белгіленеді.

Банктер клиенттерге кілттерді үшінші тұлғаларға бермеу керектігін ескертеді. Егер сейфке әлдекімнің кіруі қажет болса, онда қаржыгерлер тиісті сенімхатты рәсімдеуді талап етеді. «Бұл отбасылар, іскер әріптестері, бір компанияның директоры және бухгалтері, ата-аналар мен балалар үшін өте ыңғайлы» – деп кеңес береді мамандар.

Банктік ұяшықтарға бәрін сала алмайсың – бұл сенімді орын, бірақ жеткіліксіз. Сейфтерді зақымдауы немесе бұзуы мүмкін заттарды – жарылуға қауіпті және жеңіл тұтанатын заттарды, со-

нымен қатар заңмен тыйым салынған барлық заттарды сақтауға шектеу қойылады. Жалға алу шартын жасаған кезде «сақтауға қару-жарақтарды, жарылғыш, жеңіл тұтанатын, радиоактивті, есірткілі, тез бұзылатын және адам мен қоршаған ортаға зиян келтіретін басқа да заттарды сақтауға тыйым салынатындығы клиентке ескертіледі. Клиентті ашық түрде тексермейді, бірақ сақтау қоймасының кіре берісіндегі анықтағыштар тыйым салынған элементтерді анықтауы мүмкін.

Банк жұмыскерлері ұяшықты толтыру кезінде жанында болмайтындығына және клиентті қолма-қол ұстап алмағанына қарамастан, бұзушылықты анықтаған жағдайда, оған айыппұл төлеттіреді. «Клиентке айыппұлды белгілеу мүмкін емес. Дегенмен, егер сейфтің құрамындағы заттардың табиғи қасиеттері банкке, көрші ұяшықтарға, олардың құрамына, банк персоналына моральдық зиян келтірген жағдайда – шартқа сәйкес біз зиянды өтеу мүмкіндігіне ие боламыз – деп түсіндірді қазақстандық банктердің біріндегі сейф қызметтері жөніндегі бөлім».

Ұяшықты мәжбүрлі ашу және онда сақталған мүліктерді тәркілеу прокурордың рұқсаты немесе соттың шешімі бойынша жүзеге асырылады. Сонымен қатар, клиентке банк қажетті құжаттарды ұсынған құқық қорғау органдарымен ұяшықты ашу жауапкершілігін көтермейтіндігін ескертеді.

Клиенттердің «қазынасын» бөтен адамдардан сақтау үшін банктер сейфке, оның иесінен басқа, кез келген адамның кіруіне жол бермейтін күрделі қауіпсіздік жүйесін қолданады.

Өрт немесе су тасқыны сияқты оқиғалар туындаған жағдайда және клиенттің мүлігіне қауіп төнгенде, банк ұяшықты қолмен ашуға құқылы болады. Сондай-ақ, ұяшық иелері жалға алу мерзімі аяқталғаннан кейін бірнеше апта ішінде банкке келмеген жағдайда, ұяшықтар ашылады.

Өз құндылықтарын банктік сейфке сенуді не сенбеуді

әрбір адам дербес шешеді. Бірақ, есіңізде болсын, жеке меншік үйге қарағанда, қаржы мекемелерде өрт, су тасқыны және тонаушылардың келуі өте сирек.

Салым құпиясы

Салым құпиясы – бұл салымшыларға ұсынылған негізгі құқықтардың бірі. Қаржы мекемелері салымшылар, олармен жасалатын операциялар және салым бойынша шоттарды құрастыру туралы мәліметтерді құпияда сақтайды. Мұндай мәліметтер заңмен бекітілген жағдайларда, салымшылардың өздері мен олардың өкілдерінен басқа, сот-тергеу органдарының және жауап алу органдарының жазбаша сұрауы бойынша беріледі. Салым құпиясын бұзған қаржы ұйымдары тиісті жауапкершілікке тартылады.

Қазақстанда осы қағидат «Қазақстан Республикасындағы банктер және банктік қызметтер туралы» заңында толығырақ мазмұндалған. 50-бапта «Банк құпиясы» мазмұндалған: Банк құпиясына банк депозиторлары, клиенттері мен корреспонденттері банк шоттарының бар-жоғы, олардың иелері мен нөмірлері туралы, сол шоттар мен банкінің өз шоттарындағы ақшаның қалдығы мен қозғалысы туралы, банк операциялары туралы (банк операцияларын жүргізудің жалпы шарттарынан басқа), сондай-ақ банкінің сейф жәшіктерінде, шкафтары мен үй-жайларында сақтаулы жатқан клиенттер мүліктерінің бар-жоғы, олардың иелері, сипаты мен құны туралы мәліметтер кіреді».

Қазақстандық банктер өзінің клиенттерінің операциялары мен депозиттері бойынша құпияларға кепілдік береді.

Егер кез келген лауазымды тұлға немесе банк қызметкері өзінің қызметтік міндеттемелерін орындау барысында құ-

пиялы ақпаратқа қол жеткізіп, оны жария етсе, онда ол осы үшін қылмыстық жауапкершілікке тартылады.

Дегенмен, ерекше жағдайлар қарастырылады.

Банктік құпия шот (мүлік) иесінің банкке, несиелік бюроға өзі келген уақытында жазбаша келісім негізінде үшінші тұлғаға (шоттың немесе мүліктің иесінен басқа) ашылуы мүмкін.

Банк құпиясын ашқан деп саналмайды:

– банкпен салық органдарына заңды тұлғаға немесе кәсіпкерлік қызметпен айналысатын жеке тұлғаға банктік шоттар ашу туралы міндетті хабарлағанда;

– валюталық заңнамаға сәйкес экспортты-импортты валюталық бақылауды жүзеге асыру үшін клиенттердің экспортты және (немесе) импортты операциялары бойынша мәліметтерді кеден органдарына ұсынғанда;

– мәжбүрлі таратылатын банктің тарату комиссиясымен жеке тұлғалардың банктік шоттардағы ақша қалдықтары туралы мәліметтерді депозиттерді міндетті кепілдендірумен айналысатын ұйымға және салымшыларға ақшаларды қайтарумен байланысты шараларды жүзеге асыру үшін банк-агенттерге ұсынуда.

Сонымен бірге, банктік шоттардың болуы және нөмірлері туралы анықтамалар шот иесі қарызгер, гарант, кепілгер немесе кепілдік беруші ретінде әрекет ететін банкке ұсынылады. Банк басқармасымен немесе оның орынбасарымен қол қойылған жазбаша сұрау, сондай-ақ, несиені алғандығын растайтын ұсынылған құжат осының негіздемесі бола алады.

Клиенттің банктік шоттары туралы, осы шоттардағы ақша қалдықтары және олардың қозғалысы туралы, банктің сейфтік жәшіктерінде, шкафтарында және бөлмелерінде сақталған оның мүлкі туралы анықтамалар беріледі:

а) нотариалды куәландырылған сенімхат негізінде клиент өкіліне;

б) егер клиентке немесе оның ақшаларына немесе банктің шоттарындағы немесе сақтауда жатқан басқа да мүліктерге қатысты қылмыстық іс қозғалса, арест қойылса, мүлікті өтеу немесе тәркілеу қолданылса, жауап алу немесе алдын ала тергеу органының мөрімен куәландырылған бірінші басшымен немесе тергеушімен қол қойылған және прокурормен рұқсат етілген жазбаша сұрау негізінде құқық қорғау органдарына;

в) клиенттің банктік шотындағы немесе сақтаудағы ақшаларына және басқа да мүліктеріне арест қойылғанда, өтеу немесе тәркілеу жағдайларында судьяның шешімі, үкімі негізінде соттарға;

г) прокурорға: тексеруді жүргізу туралы қаулы негізінде, оның құзыреті шегінде оның қарауында жатқан материал бойынша...

Егер клиент қайтыс болса, оның шоттары туралы құпиялы ақпарат клиент өзінің өсиетхатында көрсеткен тұлғаларға, сонымен қатар соттың қаулысы немесе нотариустың мөрімен куәландырылған оның жазбаша сұрауы негізінде соттарға және нотариустарға ұсынылуы мүмкін. Нотариустың жазбаша сұрауына шот иесінің қаза болуы туралы куәліктің көшірмесі қоса беріледі.

НЕСИЕ ТӨЛЕМЕЙТІН ҚАРЫЗГЕРЛЕР ҚАТЫСЫНДАҒЫ БАНКТІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ

Коллекторлық агенттіктер

Коллекторлық қызмет деген не? Мамандар коллекторлық қызметті даусыз бір типті берешектерді жаппай өндіріп алады айтады. Коллекторлар даусыз қарыздармен жұмыс істе-

уді қажет етеді. Бұл шартқа сәйкес туындайтын кредитордың қарызды талап ету құқығы сотта жүз пайыз қабылданады. Мұндай шарттардың қатарына несиені немесе қарыз (олар ақшалармен байланысты болғандықтан) шарттары жатады, ал жеткізу, қызмет көрсету, коммерциялық несиені шарттарын жарамды деп тану көп проблема тудыруы мүмкін.

Коллекторлық бизнес Америка Құрама Штаттарында алпысыншы жылдары пайда болған. Бүгінгі күні АҚШ-та шамамен 6,5 мың коллекторлық агенттіктер жұмыс істейді, сондықтан да АҚШ-тың ешбір банкі борышкерлерімен дербес жұмыс істемейді – мұндай істер коллекторларға тапсырылады. Батыс Еуропада коллекторлық агенттіктер сексенінші жылдардың басында пайда болды, ал Ресейде - 2003-2004 жылдары проблемалық несиелермен кәсіби жұмыс істей бастады.

Қазақстанда коллекторлық бизнес өткен жылдың көктемінен дами бастады. Осы күнге дейін коллекторлардың жұмысы мүлде талап етілмеген болатын, себебі кепілсіз тұтынушыларға несиені беру біздің өмірімізге жақында ғана белсенді ене бастады.

Бүгінгі күні нарықта бірнеше коллекторлық компаниялар жұмыс істейді. Олардың ішіндегі ең ірі компаниялар – «ТАУ-КАПИТАЛ агенттігі», «Тайм Инвест», Борышкерлермен жұмыс істеу бюросы және «Қазақстан Коллектор». Мұндай компаниялардың қызметтерінің негізгі пайдаланушылары банктер болып табылады.

Коллекторлар қалай жұмыс істейді?

Коллекторлық компанияларға қандай борыштарды беру керектігін банктің өзі шешеді. Мерзімі бір-екі ай кешіктірілген борыштарды банк өздерінің ішкі ресурстарының көмегімен шешеді, ал егер несиені өтеу төлемі бес айдан кешіктірілсе,

берешек коллекторлық агенттікке өткізіледі. Борыштармен жұмыс істеу тиімділігі банк құрылымында проблемалық несиелерді қайтаруға жауап беретін арнайы бөлімшенің болуына байланысты. Олар барлық банкте бола бермейді, мұндай жағдайда мерзімі кешіктірілген төлеммен қарыз берген несиелік офицерлер айналысады. Өзінің лауазымына сәйкес емес қызметті атқаратын мұндай қызметкер жетістікке жете бермейді. Сотқа дейін борышкермен жұмыс істеу мерзімі орташа алғанда жарты жылды құрайды. Дегенмен борышкермен жұмыс істеу уақытын кредитор белгілейді. Ол жарты жыл, бір жыл, тіпті коллекторға бір ғана ай беруі мүмкін. Борышты қайтару уақыты әрдайым мерзімін кешіктіруге байланысты.

Қаржы нарығының қатысушылары банктің функциясы несиелер ұсыну болғандықтан, қарыздарды өндіріп алу кәсіпқой, яғни коллекторлық компанияларға тапсырылуы тиіс деп санайды.

Борыштармен жұмыс істеу департаменті әрекет ететін әрбір банктің және әрбір коллекторлық агенттіктің проблемалы несиелер алушылармен жұмыс істеудің қолданымды механизмдері бар: хабарласу, борышқорға хабарлау, талап-арыз беру, сот орындаушыларымен жұмыс істеу. Берешекті өндіру кезінде белгілі әрекет ету тәртібі, мысалы, кепіл мүлігін саудалауды жариялау, соттық іс жүргізу және т.б. қарастырылады.

Коллекторлар ең алдымен, «баға-тәуекел» қатынасымен проблемалық несиені сатып алуға, сосын жұмыстарды жасағаннан кейін мүмкіндігінше борышты қайтаруға, сәйкесінше ол үшін комиссия алуға мүдделі. Мерзімі кешіктірілген несиелерді коллекторлық агенттіктерге өткізу банкілерге ақшаларын қайтаруға, проблемалық несиелер үлесін азайтуға, персоналдың жұмыс уақытын үнемдеуге және клиенттер алдында өзінің беделін сақтауға мүмкіндік береді. Берешекті қайтарғаннан кейін коллекторлық агенттіктің ала-

тын сыйақы сомасы борыштың кешіктірілген мерзімі, берешек сомасы және несие беру мақсаттары (ипотека, автонесиелеу, кепілсіз тұтынушыларға несие беру) сияқты бірнеше факторлардың жиынтығына байланысты. Әрине, нақты соманы не қайтарылған ақшаның пайызын ешқандай коллекторлық агенттік жария етпейді – бұл коммерциялық құпия.

Коллекторлардың негізгі мәселесі өзінің клиентіне борыштың мүмкін болатын ең жоғары мөлшерін қайтарып беру болып табылады. Ал, Қазақстанда коллекторлардың әрекеттерін шектейтін заңдар жоқ (мысалы, АҚШ-та борышқорды кешкі сағат 8-ден кейін мазалауға тыйым салынған), яғни коллектор қарызгерді кез келген уақытта, күндіз, түнде, үйде және жұмыста есіне салып отырады. Қарызгер несие бойынша берешегін төлемеген жағдайда, коллекторлық агенттік оны төлеу керектігін есіне салып, шетелге шығу мүмкіндігін шектеу, басқа қарыз алуды шектеу және басқа да шараларды қоса алғанда, қолдан келген барлық әрекетті жасайды.

Борыштарды өндіріп алу кезінде бірнеше кезеңдер қарастырылады. Көптеген коллекторлық агенттіктер бірдей циклден өтеді. Бірінші кезең – софт-коллектинг, немесе борышкерге хабарласу. Нарық қатысушыларының бағалауы бойынша, осы кезеңде мерзімі кешіктірілген берешектің 30% жуығы қайтарылады екен. Екінші – хард-коллектинг – борышкерге жеке бару. Алғашқы екі әдіс бойынша қайтарылмаған борыштар лигал-коллектингке, яғни сотқа беріледі. Софт-, хард- және лигал-коллектингтер міндетті түрде бірінен соң бірі кезекпен жүзеге асырылмайды. Борышты қайтару процесін жеделдету үшін кейбір агенттіктер біруақытта бірнеше процедураларды қолданады. Көптеген коллекторлық компаниялар, борыштарды «мәжбүрлеп алудың» тексерілген және жақсы іске асатын әдістерін негізге алып, өзінің қызметінде белсенді қолданатын өзінің жеке схемасын құрастырады. Классикалық

схема мерзімі кешіктірілген борыш бойынша жүзпайыздық оң нәтиже беретін үш кезеңнен тұрады.

Коллекторлық агенттіктердің жұмыс істеу механизмі

КЕЗЕҢ	ӘРЕКЕТТЕР	НӘТИЖЕЛЕР
Софт-коллектинг	Борышкерлермен хабарласу	Мерзімін кешіктіру себебін анықтау
Хард-коллектинг	Коллектордың борышкерге (үйіне, жұмысына және т.б.) немесе кепілгерге жеке баруы	Борышты өтеудің жаңа кестесін құрастыру, төлем мерзімін ұзарту, айыппұлдарды немесе пайыздарды дисконттау (банктің алдын ала келісімі бойынша)
Лигал-коллектинг	Істі сотқа беру. Сот процесін толық жүргізу, істің жүргізілу барысын бақылау	Банкке борышты, ең болмағанда – қарыздың көп бөлігін қайтару



Борышкерлер санаты

«Тайм-Инвест» Коллекторлық компаниясы борышкерлерді ұмытшақтар, «солдат», банкротқа ұшырағандар және алаяқтар деп бөледі. Бірінші түрі оның аты айтып тұрғандай, шындығында, өзінің борышы туралы ұмытып, осы себепке байланысты төлемейді. Мұндай борышкер несие жайында бірінші еске салған сәттен бастап борышын қайтарады. «Солдаттар» – бұл қызмет бабына байланысты жиі көшіп жүретіндіктен борышкерлер тізіміне ілігетін әскери қызметкерлер. Банкроттар – бұл әлеуметтік және материалдық жағдайы кенет өзгерген адамдар. Олар ниеті болғанның өзінде борышты төлеуге қабілетсіз. Қазақстанда жеке тұлғалардың банкроттығы туралы заң жоқ, бірақ банк мұндай борышкердің

мүлігіне арест қою талабымен сотқа шағымдана алады. Төртінші санаты – бұл кәдімгі алаяқтар. Олар жайында айтудың қажеті жоқ, мұндай борышкерлердің кім екендігін айтпаса да түсінікті. Әрине, бөліп қарау бұл шартты, сондай-ақ, коллекторлардың өзінің жұмысын қаншалықты бөліп қарайтындығына да байланысты. Өйткені, борышкерлерді бөлек буынға бөле отырып, коллектор мұндай борышкерлермен жұмыс істеудің белгілі әдістерін таңдайды. Егер маман төрт санатты бөліп қарайтын болса, онда ол борышты қайтарудың төрт әдісін әзірлеуі керек, 10 бөліп қарайтын болса – борышкерге 10 амал қолдануы тиіс.

Қызмет географиясы

Борышкерлермен тиімді жұмыс істеу үшін коллектордың дамыған филиал желісі болу керек. Бірақ оны құруға бір ай емес, коллекторлық компанияның өзінің дамуымен іске асуы мүмкін. Мұнда Қазақстанның кейбір ерекшеліктерін ескеру қажет. Біріншіден, бұл еліміздің аумағының үлкендігі, екіншіден, халықтың көшіп қонуының қарқындылығы. Оңтүстік Қазақстан облысының көптеген тұрғындары Астана құрылыстарында және мұнай өндіретін аймақтарда жұмыс істейді. Сондықтан әрбір коллекторлық компания борышкерді жылдам табу үшін өзінің өкілдік желісін дамытуға мүдделі. Компанияларға аймақтарда бөлмелерді сатып алуға немесе жалдауға, техника сатып алуға, персоналдардың жалақысын төлеуге қаражаттар қажет. Осы ақшаларға қол жеткізу үшін шығындарды маржаға салуға тура келеді. Рентабельділікке шығу үшін белгілі көлем талап етіледі. Егер келешекте бүкіл нарықты (банктік қана емес) коллекторлық компаниялардың қызметі жаулап алса, олар борыштарды сатып ала алады. Нарық

қатысушыларының пікірінше, бірыңғай орталықтандырылған коллекторлық жүйе ғана тиімді жұмыс істей алады.

Болашақта мамандар коллекторлық бизнесті одан әрі дамыту үшін заңнама базасын құруды болжайды. Олардың пікірінше, коллекторлық компаниялар өзінің мақсатты аудиториясын кеңейтіп, банктерді ғана емес, басқаларға да қызмет көрсететін болады. Біздің нарық Ресей компанияларын да белсенді игере бастайтындығы жоққа шықпайды. Олар үшін ол – жыртылмаған алқап.



«Алдап кету» мүмкін емес

Сауалдарға «БанкЦентрКредит» АҚ коллекторлық қызмет бөлімінің бастығы Нұрлан Ниязбеков жауап береді.

– Коллекторлар борышкерлерден борыштарды мәжбүрлеп алады деген сыбыс бар ...

– Бұл өтірік. Өйткені, біз банктің атынан жұмыс істейміз және де бедел кез келген ақшадан маңыздырақ. Барлық нәрсені заңды түрде алуға болады. Сондай-ақ, қауіпсіздік қызметінің жұмысын Банктің Басқарма Төрағасының бірінші орынбасары тікелей басқарады.

– Коллекторлық қызмет – Қазақстандағы жаңа құбылыс. Сіздердің жұмыс жасағандарыңызға қанша уақыт болды?

– Біздің қызмет өткен жылдың соңында – жедел-несие-лер – «Жеке қолма-қол ақшалар» кезеңінде пайда болды.

Сол уақыттан бері осы линия бойынша несие алған және борыштарын өз уақытында қайтаратын клиенттермен жұмыс істейміз.

– «Төлемеушілер» қатарына негізінен кімдер кіреді?

– Борышкерлердің тұтас типологиясы әрекет етеді. Бұл олардың әрқайсысына қатысты коммуникативті стратегияны дұрыс таңдауға мүмкіндік береді.

а) белгілі жағдайларға байланысты борышкерлер (кіріс көзін, жұмысын жоғалтқандар, ойластырылмаған шығындарға ұшырағандар, туыстарының ауруы, өлімі және басқа да өмірдегі жағдайлар).

б) аңқау борышкерлер (өзінің қаржылық мүмкіндіктерін есептемегендер).

в) өзі үшін емес, туыстарының, достарының және т.б. өтінішімен несие алғандар.

г) алаяқтар.

д) және басқалар.

Бірақ, бұл негізінен уақытша қаржы қиындықтарына ұшырағандар. Бірнеше уақыт өткеннен кейін несиеңі уақытылы өтейді. Дегенмен «ойыншылар» да кездеседі, банктан қарызды алып, казиноға салатын нақты проблемалы қарызгерлер. Мұндайларға олардың туыстарының өзі қарыз бермейді, оларды несиелік бюроға қосуды және т.б. сұрайды.

– Борышкерлермен жұмыс істегенде қандай негізгі әдістер қолданылады?

– Рефрейминг әдісі, яғни тиімді сендіру техникасы. Кейбір қарызгерлер көбісі банктен несие алып, қайтармайды.

Менің басымда ештеңе жоқ, сондықтан менен ештеңе ала алмайды – деп ойлайды. Мұндайларға борышты түбінде төлейтіндігін түсіндіреміз. Нәтижесінде, әрбір қарызгердің достары, туыстары несиеден өтеуге көмектеседі.

– Ешқандай әдіс әсер етпейтін қасақана төлемеушіге қандай шара қолданылады?

– Әрине, біз, түсіндіру жұмыстарын қарқынды жүргізумен істі сотқа жеткізбеуге тырысамыз. Сондай-ақ, екі жылға дейін бас бостандығынан айыру ережесі қарастырылған Қылмыстық кодекстің «Несиедік берешекті өтеуден қасақана бас тарту» 195-бабы бар. Егер клиент берешегі 500 айлық есептік көрсеткіштен (шамамен 550 мың теңге) артық болса, оның тордың ар жағына түсуі әбден мүмкін, оған қатысты тиісті сот актісі бар, осыған байланысты оның төлемдер жүргізуге мүмкіндігінің болып тұрып, қасақана төлемегендігін дәлелдеуге болады. Іс тоқтап тұрмайтындығын, еске салғым келеді. Біздің қауіпсіздік қызмет (кез келген банктегі және коллекторлық агенттіктегі сияқты) құқық қорғау органдарының бұрынғы қызметкерлерінен құралады, олардың сәйкесінше ақпараттар жинауға тәжірибелері жеткілікті, егер де қарызгерде ақша пайда болса, біз міндетті түрде біліп отырамыз және дәлелдей аламыз.

– Ондайлар болды ма?

– Алаяқтық дәлелі анықталды. Қарызгерге проблемалық несие жайында хабарластық, ал ол ешқандай

қарызды алмағандығын және өзінің құжаттарын жоғалтқандығын айтты. Мәселені анықтай бастадық. Расында – оның ақша алмағандығы анықталды. Ал, ақшаны алуға оған ұқсайтын адам келген. Тұрғылықты мекен-жайы, отбасылық жағдайы және жұмысы туралы қажет мәліметтердің барлығын ұсынған. Тура келгендігі соншалық, тіпті оның жалақысына дейін сәйкес болды. Нәтижесінде, оны барлық ақпаратты білетін өзінің жақын адамы алдап кеткен.

– Мәселен, клиент өзінің міндеттерін орындаудан бас тартпайды, бірақ қаражаты болмағандықтан несиені төлей алмайды. Ақша мүлде жоқ! Мұндай жағдайда қандай шара қолданасыздар?

– Әрбір проблема жеке қаралады. Егер қазір ақша болмаса, төлем мерзімін қайта қарауға болады. Қарызгер өмір бойы ақшасыз болуы мүмкін емес қой. Оған азықтану, жанұясын асырау, киіну керек емес пе. Қандай жағдай болмасын, ол табыс табатын болады. Борышын жылдам өтеу үшін ол да мүдделі емес пе, өйткені қалдық сомаға өсімпұл есептеледі. Егер қарызгерде ақша болып, төлем жүргізуге асықпаса, сотқа береміз.

– Қазақстандық банктер түгелімен коллекторлық агенттіктермен жұмыс істейді ме?

– Менің білуімше, несие портфелінің сапасына емес, сатылымын ойлайтын банктер несиелерді қайтармау өсіміне ұшырайды. Мерзімі кешіктірілген берешектерді қайтарумен айналысатын жеке қызметтер мерзімі кешіктірілген борыштардың жиынтығына шамасы

келмейді. Сондықтан олар тараптық коллекторлық агенттіктердің көмегіне жүгінеді. Коллекторлық агенттіктердің жұмыс істеу әдістері банктің жеке қызметтерінің жұмыс істеу әдістерінен ерекшеленбейді. Борыштарды жинаумен айналысатын тараптық агенттіктермен өзара әрекет ету мәселесі несие берешегінің көлеміне және банктің өзінің мамандарының жүктемелеріне байланысты. Коллекторлық агенттіктер банкпен өздеріне қажетті жұмыс көлеміне жинап алу үшін борыштарды қайтару бойынша агенттік келісімдер жасауға ұмтылады. Әзірге, біздің нарық тоқтаған жоқ, агенттік тарапынан борыштар сұранысы банк ұсыныстарынан артық, сондықтан олар банк бергеннің бәрін алуға әзір.

Әрине, кемшіліктер бар – олар ең алдымен борыштың жылдам қайтарылуын қамтамасыз ететін істерді оңдейді. Қалған материалдар жатады, уақыт өткен сайын, олардың келешегі де соғұрлым жоғала береді. Уақыт өте агенттіктер қолдарын бір сілтеп, ештеңе шықпады деген сыңаймен шаңға батқан құжаттарды банкке қайтарады. Олар бұдан ештеңе жоғалтпайды, себебі өздеріне борыштарды қайтару бойынша міндеттерді жүктемейді. Қалай болады, солай... Ең бастысы – мәлшерлі, проблемалы несиелер көп болған сайын, табыс табу мүмкіндігі де соғұрлым көп болады. Ал, біз ішкі «коллекторлар» борыштарды барынша қайтаруға тырысып, барлық жағдайды біруақытта мүмкіндігінше орындаймыз.

Кепілге салынған мүлікті сату

Кепіл затын сату – бұл дебитор несиені төлеу шарттарын орындамаған жағдайда кепіл затына иелік етуге кірісу (дебитор төлеуге қабілетсіз болғанда, несие берілген кепіл затын қайтарып алу).

Былайша айтқанда, қарызгер банктік несие алған кезде өзінің мүлігін (пәтерін, автокөлігін, бағалы қағаздарын...) кепілдікке салып, борышты өтей алмаған жағдайда, банк несиені өтеу үшін кепіл затын сата алады. Кепілге салынған мүлік қандай шарттармен сатылады?

Егер банкке ақша салынса, банк өтелмеген несие сомасын осы ақша қаражаттары есебінен төлейді. Егер кепілге салынған ақша сомасы борышты өтеу сомасынан артық болса, қаражат айырмасы кепіл берушіге, яғни қарызгерге қайтарылады. Егер керісінше кепілге салынған сома несиесін өтеуге жеткіліксіз болса, онда банк кепілге негізделген артықшылықтарды қолданбай, жетпеген соманы борышкердің басқа мүлкінен алуға құқылы.

Егер кепілге басқа мүлік салынса, онда заң бойынша ол жұртшылыққа сатылуы тиіс, ал сатылым қаражаты – несиені өтеуге қолданылады. Алынған ақша қалдығы қарызды өтегеннен кейін қарызгерге қайтарылады.

Кепіл заты келесі тәртіппен сатылады:

1) банктің сенімді тұлғасы негізгі міндеттемені орындамау туралы хабарламаны жасап, егер кепілдік зат және кепілдің өзі мемлекеттік тіркелген болса, хабарламаны кепілдік зат шарты тіркелген органда тіркейді де, кепілдік берушіге ұсынады. Егер кепілдік зат шарты мемлекеттік тіркеуді қажет етпесе, сәйкесінше, хабарламаны да тіркеу қажет емес. Хабарламаны тікелей ұсыну мүмкін болмаған жағдайда ол кепілдік берушіге тапсырыс хатымен кепілдік зат шартында көрсетілген оның мекен-жайына жіберіледі;

2) негізгі міндеттемені орындамау туралы хабарламадан туындайтын талаптар қанағаттандырылмаған жағдайда, аталмыш хабарламаны кепілдік берушіге ұсынылған немесе жіберілген күннен бастап 30 күннен кешіктірмей банктің сенімді тұлғасы кепілге салынған мүлікті саудаластық туралы хабарламаны дайындайды, егер кепілдік зат шарты тіркелген болса, онда оның тіркелген органында осы хабарламаны тіркеп, кепілдік берушіге, сондай-ақ, кепілдік иесіне ұсынады және ресми түрде саудаластық туралы жариялайды;

3) саудаластық туралы хабарлама бірінші жариялаған күннен бастап сатылатын мүлікке қатысты барлық мәмілелерге тыйым салынады, ал егер мәмілелер жасалса, онда сот тәртібімен жарамсыз деп танылады;

4) саудаластық туралы хабарлама бірінші жариялаған күннен бастап оны өткізгенге дейін міндетті түрде 10 күн өтуі тиіс. Саудаластықты банктің сенімді тұлғасы өткізеді.

Банктің сенімді тұлғасы жүзеге асыратын міндетті әрекеттерге ерекше назар аудару керек, соның ішінде: егер жылжымайтын мүлік сатылатын болса, онда хабарлама басылым беттерінде жарияланумен қатар, мүліктің өзінің көрінетін жерінде ілінуі тиіс. Жылжымайтын мүлікті сату бойынша саудаластық оның орналасқан жерінде өткізілуі тиіс.

Кепілдік берушінің (қарызгердің) сұрауы бойынша сот кепіл затының жұртшылыққа сатуды бір жыл мерзімге ұзарта алады. Мерзімін ұзарту кепілді осы мүлікпен қамтамасыз ететін міндеттеме бойынша тараптардың құқықтарын және міндеттерін бұзбайды және борышкерді мерзімін кешіктіргені үшін кредитордың шығындарын және өсімпұл сомаларын қайтарудан босатпайды.

Саудаластыққа кепілдік беруші мен кепілдік иесін қоса есептегенде, кез келген заңды тұлғалар және азаматтар қатысуға құқылы.

Саудалауды жүргізер алдында сот саудаластыққа қатысатын әрбір қатысушыдан кепілді жарнаны енгізуді талап етуге құқылы. Кепілді жарналар саудаластық аяқталғаннан кейін қайтарылады. Саудаластықты жеңіп алған қатысушының кепілді жарнасы соңғы бағаға есептеледі. Саудаластықты жеңіп алған, бірақ соңғы бағаны төлемеген қатысушының кепілді жарнасы қайтарылмайды және соттың билігінде қалады.

Егер саудаластық оған сатып алушылардың қажетті саны қатыспау салдарынан өткізілмеген деп жарияланса, кепілдік иесі (банк) кепілдегі мүлікті бағалаушылардың, яғни мүлікті бағалауға лицензиясы бар жеке немесе заңды тұлғалардың қорытындысы негізінде соттың шешімімен бекітілген ағымдағы бағалау құны бойынша өзінің меншігіне айналдыруға немесе жаңа саудаластықты өткізуді талап етуге құқылы.

Егер кепілдік затты сатқаннан кейін түскен ақша сомасы несиені өтеуге жеткіліксіз болса, банк борышкердің басқа меншігінен жетпеген соманы алуға құқылы. Егер кепілдегі мүлікті сатудан түскен ақша сомасы қалған қарыз сомасынан көп болса, онда оның айырмашылығы қарызгерге қайтарылады.

Борышкер кепілдік заты сатылғанға дейін кез келген уақытта несие бойынша өзінің міндеттемелерін өтеуге және осы арқылы кепілге салынған мүлікті өтеуді тоқтатуға құқылы. Осы құқықты шектейтін келісім жарамсыз болып табылады.

ҚАРЖЫ НАРЫҒЫНДАҒЫ АЛАЯҚТЫҚ

Үшінші мыңжылдықта өмір сүріп жатқан адамзат үшін «велосипедті ойлап табу» қиын. Өйткені, бүкіл эволюциялық өтпелі кезеңде «маймыл – адам» бағыты бойынша homo-sapiens өкілдері, ағаш шоқпар мен балық аулаудан бастап, қазіргі заманғы

компьютер мен «тұнбалы суда балық аулау» процесіне дейін не нәрсе болсын ойлап табатын, қиялдайтын, жаңадан шығаратын.



Тарихқа шолу

Қазіргі заманғы несиелік-қаржылық салада қылмыстық құбылыстардың нысандары мен түрлері жаңалық емес. Бұл Қазақстан, Ресей үшін ғана емес, сонымен қатар бүкіл әлемдік қаржы қоғамдастығына да қатысты. Қылмыстың қазіргі жай-күйінің көптеген белгілері көп жағдайда 19 ғасырдың аяғы мен 20 ғасырдың басында банктік жүйесіне байланысты болды.

Ресейде маңызды қоғамдық жаңғырық болған кәдімгі айла-амалдардың бірі:

Клиенттердің салымдары есебінен биржалық алып-сатуға банкирлердің үйлері мен кеңселерінің қатысуы

Болашақ кірістер қатысында адастыру арқылы халықтың ақша қаражатын тартумен байланысты айла-амалдар.

Жалған банкроттық

1912 жылы екі бірдей жанжалды банкрот орын алды, осыған байланысты Қаржы министрлігі «көбінесе банктік мекемелер клиенттер есебінен әділетсіз бау мақсатында ашылады» деп жариялады.

Бүгінгі күнге дейін ең перспективтілер ғана жетті, дегенмен, тым жаңа әзірлемелер емес. Мысалы, қаржылық-

инвестициялық алаяқтық. Бұған анық мысал, дүрліктерген қаржы пирамидалары болып табылады. Олай болса.

Қаржы пирамидалары



Қаржы пирамидасы – кейбір инвестициялық жобаға инвесторлардан ақша қаражатын тартумен тұындайтын оқиға, жобаның ағымдағы кірісі инвестицияларды тарту мөлшерлемесінен төмен болған жағдайда, инвесторлардың салымдарына қатысты төлемдер жобаның түсімінен (кірісінен) емес, жаңа инвесторлардың қаражаттары есебінен жүргізіледі. Мұндай оқиғаның заңды қорытындысы жобаның банкрот болуы және соңғы инвесторлардың шығындалуы болып табылады.

Қаржылық инвестиция нарығындағы криминалды мінезқұлықтың әйгілі және қауіпті модельдерінің бірі қаржы пирамидасы немесе «Понци» пирамидасы болып табылады. Бұл акционерлердің, салымшылардың және басқа инвесторлардың мүдделеріне қол сұғудың криминалды схемасы көптеген елдерде қаржы нарығының дамуының дағдарысты кезеңінде кеңінен таралған. Криминалды схема деген атауының өзі итальяндық иммигрант Карло Понцидің атымен аталады. Оны ол алғаш рет жұртшылыққа 1920 жылы Бостонда (АҚШ) жариялаған.

ТМД елдеріне алаяқтықтың бұл түрі 1993–1994 жылдары келді. Бұл «МММ», «Хопер-Инвест», «Русский дом Селенга», «Властилина», «Смагулов и Ко» және т.п. әйгілі қаржы

пирамидалары. Олардан зәбір көрген көптеген адамдар осы күнге дейін салымшылар мен акционерлердің құқықтарын қорғайтын ұйымдарға өтемақы алу туралы өтініштермен хабарласады. Өздерінің бүкіл жинақтарын жоғалтып тұрып, олар келесі афераға қатысуға ұмтылатыны қызық. Сондай-ақ, пирамидалық компаниялардың құрамына жеңіл табыстың көзін ойлайтын жаңа аңқау адамдар да кіреді. Қазіргі заманғы пирамида салушылар салымшыларды жылдық 25-тен 100 және одан жоғары пайыздармен алдап тартып, осы адамдардың есебінен әрекет етеді.

90-шы жылдары миллиондаған адам алданған қаржы пирамидалары бүгінгі күні қайта құрылуда. Алаяқтар қайтадан мыңдаған адамдарды тартып, миллиондаған долларды алып, мүлде жоғалып кетеді. Осы күнгі пирамида салушылар салымшылардың ақшаларын жоғары табысты жобаларға немесе бағасы өсіп отыратын ірі компания акцияларын сатып алуға жұмсайды.

2008 жылғы көктем біруақытта өздерінің отандастарымен қатар, мыңдаған қазақстандықтарды ақшасыз қалдырған бірнеше ресейлік ірі пирамидалардың құлдыраған кезеңі болды. Қаржы баспасөзі бұл мәселеге маңызды көңіл аударды. Белді журналдарда ондаған мақалалар аферашылардың қалай әрекет еткендері жайында талқылауға тырысты.

2008 жылғы ақпанда «Бизнес-клуб «Рубин» төлемдерді жүргізуді тоқтатты, Петербургтің өзінде он мыңдаған азаматтар осы жобаға салған өзінің ақшаларын ала алмай жүр. Бизнес-клубты құрған «САН» ЖШҚ басшылары белгісіз бағытта қашып кеткен. Салымшылардың шығындары миллиардтаған рубльдерге бағаланған. Бағалаушылар инвесторлардың қаражаттарын қайтарып алу мүмкін емес деп болжайды.

«Бизнес-клуб «Рубин» ресми сайтында компанияның негізгі қызметі «инвестициялар мен салымдар» екендігі, ал

қаражаттар құрылыс компаниялармен жасалған шарттар бойынша Санкт-Петербургтың құрылыс кешеніне бөлінетіндігі, қаржы нарығында және бағалы қағаздар нарығында жоғары табысқа кепілдік беретін тәжірибелі брокерлердің басқаруына берілетіндігі жайында айтылған». Осыған байланысты олардың Ресей Ұлттық Банкінің немесе ФСФР (Қазақстандық ҚҚА ұқсас) азаматтардың қаражаттарын тартуға және оларды инвестициялауға лицензиясы болмаған. «Рубин» салымшыларына 3 мың рубльден жоғары қаржы салуды ұсынған, сәйкесінше, мұндай салым үшін салым кірісінің жылдық 25%-дан 50%-ға дейін кепілдік берілетіндігі айтылған.

Алаяқтық схемасы бойынша келтірілген зиян болжамды бағалауға сәйкес ондаған миллиард рубльді құрайды, ал зардап шегушілердің саны ресейдің өзінде 100 мыңнан астам адам. Жоғалған пирамидалардан зардап шегушілер саны Қазақстанда да аз емес.

Банкротқа ұшыраған пирамиданың бірі «Гарант Кредит» Тұтынушылар қоғамы. Осы ұйымның көптеген аймақтарда филиалдары болған және үлкен пайыздар ұсыну арқылы ақшаларды жинаумен айналысқан. Кейбіреулеріне, әсіресе сенімді салымшыларға қоғам ақшасына Мәскеуде және басқа қалаларда жаңадан салынып жатқан үйлерден пәтерлер беруге уәде берген.

2005 жылдан бастап афералар: «Гарант Инвест», «Гарант Кредит» және «Регион Центр» сияқты әртүрлі жарнамалармен әрекет еткен. Осы фирмалардың атынан азаматтармен, валютада жылдық 90% дейін кірістілікке уәде беріп, ақшаға сенімді басқарманың шарттарын жасаған. Күмәншілерге пирамида салушылар Мәскеу аймағындағы және Черногорие Республикасында жылжымайтын мүліктің құрылысына ақша саламыз, сәйкесінше, бұл осындай сенгісіз кірістілікті қамтамасыз етеді деп сендірген.

Халықтың ақшасын тонау сұлбасы дөрөкілі және белгілі: комбинаторлар ай сайынғы жоғары төлемдерге уәде беріп, өзінің қызметінің басында «жаңадан қосылған» клиенттердің ақшалары есебінен одан бұрын тіркелген клиенттерге төлеп отырған. Жаңа жарнашылардың ағымы тоқтамас үшін, контора иелері жарнамаға аз ғана қаражаттар бөліп, - Интернетте сайт құрып, корпоративтік журналдарды басып шығарған, өзінің компаниясын мақтап, дәрістер және мастер-класстар жүргізіп, елдерді (тіпті одан тыс жерлерді) аралаған.

Салымдар сомасы 1 мыңнан 100 мың долларды құраған Қоғамның ресми сайтында «Гарант Кредит» ТҚ кеңесінің төрағасы Л.П. Лукина ханыммен қол қойылып, сөйлеген сөзі жарияланған. Онда жарнашылар саны 190 600 адамды құрағандығы айтылған. Өкінішке орай, он миллион доллар ақшаны иемденген айлакер епшілдер бүгінге дейін ұсталған жоқ. Оперативті топ келгенде кеңседе жалданған қызметкерлер болған (қылмыстық істі қозғауға көптеген алданған салымшылардың шағымдары негіз болған). Олар ақшаның қайда екендігін түсіндіре алмаған.

Құқық қорғау органдарының пайымдауынша, аңқаулардан жиналған қаражаттар жалған фирмалар арқылы оффшорларға және батыс банктеріндегі шоттарға аударылған.

«Гарант Кредит» маркетинг желісі бойынша жұмыс істеген: ақша өткізіп, жаңа салымшылар әкелсең, тиесілі сомаға ие боласың. «Ескі салымшылардың» кірісі онымен тартылған жаңа салымшылардың санына байланысты болған: ол шамамен жылдық 25–75% құраған.

Компания тұтынушылар қоғамы түрінде құрылған, оның қатысушылары әрқайсының үлесі есебінен құрылған ортақ мүлікке ие болған.

Сондықтан, біздің адамдарды қаржы қармағына ілу

үшін зор күштің қажеті жоқ. Көп жағдайда, бұған әдемі рәсімделген презентациялар және «сөзшен» болу жеткілікті. Инвестициялық терминдерді өңдей білу маңызды қызмет атқарады - түсініксіз болса, соншалықты тиімдірек. Біздің азаматтарға, тәжірибе көрсетіп отырғандай, ақылға қонбайтын сөздер сиқырлы әсер етеді. Олардың кереметтерге сенгіштігін ешқандай смағұловтар, мавродийлер, серіктестер құрта алмайтын секілді. Ал, жаңа пирамидалардың авторлары осыны қажет етеді.

Іскер қоғамдастықтың кейбір өкілдерінің айтуынша, 21 ғасырдың пирамидалары ТМД аймағындағы жақындағы инвестициялық серпілісті пайдаланып, бүгінгі күні инвестициялау объектілері өзекті адамдарды – перспективті бизнес-жобалармен, жермен, жылжымайтын мүліктермен ... алдап түсіруде.

Негізінен, нағыз инвестициялық компания келесі жұмыстарды атқарады – жеке, заңды тұлғалардың ақшаларын тартады және оларды кепілге салынған құралдарға салады, осылайша өзінің клиенттерінің капиталын ұлғайтады. Осыған байланысты инвестор әрдайым тәуекел дәрежесі әртүрлі және мүмкін кірістілік деңгейімен стратегияны таңдап, тиісті қорға ақшаларды сала алады. Маңызды нәрсе: әжептеуір ұйым кірістілікке кепіл бермейді – оның қаншалықты тиімді жұмыс істейтіндігін клиент алдыңғы кезеңнің көрсеткіштеріне қарап біле алады.

Пирамида ештеңені ешқайда салмайтындығы белгілі. Ал, ерте кезеңде салған «клиенттерге» сыйақыны жаңа қатысушылардың ақшалары есебінен береді. Алғашқылары осы «керемет компания» жайында туыстарына, достарына, таныстарына айтқаннан кейін, олар да өздерінің салымдарын әкеледі. Осылайша пирамида өсіп отырады. Бір күні, соңғы «салымшылар» қатарына қосыла алмағандар дивидендтерін

алу үшін таныс контораға келгенде хаттама жасап жатқан құқық қорғау органдарын және бақытсыз, естері шыққан әріптестер тобын көреді ...



Кенес

Қазіргі заманғы қаржы пирамидаларының бес белгісі

Пирамида тәрізді қаржы құрылымдарының кезеңі баяғыда аяқталған деп ойладыңыздар ма? Олай емес-ау. Қаржы құралдарына жаппай қызығушылық тудырған, «халықтық IPO» айналасындағы айқай-шу кезеңінде жаңа аңшылар сенгіш азаматтардың ақшаларын пайдаланып белсенділік төңкерісін жасады. Олар арнайы дайындалған қармаққа оп-оңай түсуі мүмкін. Біз «күмәнді» компанияларды анықтауға мүмкіндік беретін белгілерді ұсынамыз. Нақты компаниялар төменде ұсынылған барлық тармақтарға сәйкес келмегеннің өзінде, кез келген жағдайда ойланған абзал. Олай болса:

Жылдық 20% астам кепілдендірілген кірістілікке уәде беру

Мұндағы негізгі нәрсе – кірістіліктің нақты кепілдігінің болуы немесе болмауы. Кепілдендірілген кірістің белгілі деңгейі төмен пайыздармен есептеледі: аз болғанымен, сенімді. Біз талқылайтын ұсыныстар дәл және теріс.

Арнайы лицензияларының болмауы, қаражаттарды тарту түрі – қарыз беру шарты

Банк деп аталу және халық салымдарын тарту үшін

Ұлттық банктің лицензиясын алу қажет. Басқарушы компания және жарналы инвестициялық қорлардың қаражаттарын басқару үшін ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу агенттігінің лицензиясының болуы шарт.

Терминдерді және өзгенің беделін бүркемелеу, алыпсату

«Тәртіпті» бола салу оп-оңай – қажет сөздерді ғана қолдану керек: инвестициялық компания, инвестициялық қор, қаржы кеңесшісі, сенімді басқарушы және т.б. Беделіне сілтеме жасап, нарықтағы әйгілі компаниялардың әріптестері екендігін еске салуы кеңінен таралған. Тіпті банкте шот ашу кезінде де «Біз ірі банктермен бірігіп әрекет етеміз» (әрі қарай тізімін ұсынады) деген сияқты хабарламаларының өзі негіз береді.

Ынтымақтастыққа агенттерді шақыру, тартылған қаржының көлеміне байланысты төлемдерді тарту

Бұл - кез келген пирамиданың негізгі көрсеткіштерінің бірі, оның қозғалу күші және даму негізі. Әрбір қатысушыға немесе «әріптеске» жаңа инвесторлар тарту міндеті ұсынылады немесе тіпті міндеттеледі.

«Халыққа арналған апиын»

Бірқатар компаниялар ақшаны жинаумен қатар, үзеңгілестердің қоғамдастығын құрып, баянсыз материалдық мүдделер арқасында рухани-құнды базаны орнатады. Адамдарға қызықты әрі мазмұнды өмір елестеп, олар компания гимнін бірауыздан айта бастайды. Әрбір нақты инвесторды тартудың және маңыздылығының

епті құрылған атмосферасында көп адамдар, өмірінің мәнін табатын сыңайлы.

Қорытындылар

Осыған ұқсас құрылымдардың ауқымды қызметі болмаса, мұның бәрі қызық болар еді – бүгінгі күні мыңдаған адамдар олармен қаржы қатынастарын құрды. Әрине, бірінші инвесторлар «буыны» өз ақшаларын, тіпті үлкен пайызбен қайтарып ала алады. Дегенмен, бір күні жаңа қатысушылардың саны азайған сәтте, не болатынын - өзіңіз ойлап қараңыз.



Сізді қаржы пирамидасына тартып жатқандығын қалай білуге болады?

Сән киіміңізді киюді ұсынып, ештеңе түсіндірместен, сәтті адамдар жұмыс істейтін суперкомпаниямен кездесуге бал-бұл жайнап баратыныңызды ғана айтып, Сізді кешкілік раутқа шақырады. Өзіңізбен бірге 800–1 000 доллар және одан артық мөлшерде ақша ала баруыңызды ұсынуы мүмкін.

Сізге ұсынылған тауар анық олар сұраған бағаға тұрмайды. Осыған орай оның керемет қасиеттері жайындағы әңгімелері де адам нанғысыз болуы мүмкін.

Табыс табу үшін қомақты ақы төлеуіңізді ұсына отырып, сізге заңды күші бар ешқандай тауар да, құжат та (төлем мақсаты көрсетілген түбіртек; сізден белгілі бір сома-

ны алған адамның толық деректері көрсетілген ақшаны алғандығы жөніндегі қолхат; ұйымның елтаңбалы мөрі қойылған кіріс кассалық ордері) берілмейді.

Сізден белгілі бір соманы енгізуге келісіміңіз және ол ақшаның компаниямен басқаруына ешқандай наразылығыңыздың жоқтығы жайында жазбаша жа-зып беруіңізді сұрайды.

Бүгінгі күні желі маркетингінің көптігі байқалады, олардың клиенттерді тарту технологиясы осы қаржы пирамидаларының қызметін еске түсіреді. Әрекет ету схемасы бірдей: алдымен сен компанияға белгілі бір соманы енгізесің, сосын ақша са-латын (біршама бөлімі сенің қалтаңа түсетін) адамдарды тартасың. Содан кейін үшіншілер келеді (олардың салымдары да ішінара сенің қалтаңды толтыруы мүмкін) және т.б.

Барлық тартылған адамдарды, егер олар пирамидалық схеманың жоғарғы қатарын иемденуге үлгерсе (бұл теориялық нәрсе – тәжірибеде мұндай болған емес), айына бірнеше мың доллар табыс табатындықтарына сендіреді, яғни ақшаны дәл қазір әкелу керек, кейінге қалса, кеш болады.

Мұның айырмашылығы, қаржы пирамидалары «инвесторлардың» ақшаларын «айналдырады», ал ата-бабасы «Гербалайф» болып табылатын желілік маркетингтің дәстүрлі компаниялары өзінің схемасын тікелей сату әдісі деп, белгілі тауарларды және қызметтерді сатады. Дегенмен, көбінесе желі тауарлары мен қызметтері таза көзбояушылық, себебі мұндай мәмілелердің негізгі мақсаты жаңа сатып алушыларды тарту арқылы ақшаларын алу – тартқан адам санына қарай, табысың да соғұрлым көп болады. Бұл мәселе өте күрделі, сондықтан өзінің бірінші жарнасынан айырылғандар осы тектес «фирма-лармен» байланысуға қорқады.

Пластикалық карталармен алаяқтық

Сарапшылар ТМД елдерінің ортасына бейімделген бірқатар қаржы алаяқтарын атап көрсетеді. Олардың Қазақстанда қандай ерекшеліктері бар және олармен қалай күресу керектігін қазақстандық банктер мен ұялы байланыс компанияларының өкілдері әңгімелейді.

Картаны сіз көрмеген жағдайда

Әдетте мейрамханаларда карт-ридер арқылы картаны клиенттің көзінше жүргізбейді. Мұндай жағдайда олар бірнеше рет жүргізіп, және төлейтін соманы бірнеше рет шешіп алуы мүмкін. Ең жаманы, клиент картаны көрмей тұрғанда, оны пайдаланушының дербес деректерін анықтау құрылғысы арқылы шотқа кіруге мүмкіндік беретін магниттік жолақтан көшіріп алуы мүмкін. Мұндай құрылғылардың құны 30–50 доллар. Анықталған ақпарат жалған (ақ пластик деп аталатын) картадағы магниттік жолаққа жазылады, кейін мұндай картамен дүкендерде есеп-айырысуға, ал пин-кодты білген жағдайда одан банкомат арқылы ақшаларды шешіп алуға болады.



Кaspi bank Төлем карталар департаментінің директоры Максим Напольских:

«Тауарлар мен қызметтерге карточкамен есеп-айырысқан кезде сауда орнындағы төлем сомасын сауда чегінде басылған сомамен мұқият салыстырыңыз. Сауда орындарындағы кассашылар чектегі қатені дер

кезінде байқамай, қорытынды соманы тергенде (артық нөлді қойған) қателескен жағдайлар кездескен. Карточка ұстаушысы мұндай жағдайды даулай алмайды, өйткені чектегі оның қолы орындалған операцияға келісімі болып саналады.

Ауқымды желіде карточкамен есеп-айырыса отырып, отельден бронь немесе автокөлікті жалға алуға тапсырыс берілетін сайт шындығында халықаралық атауы бар компанияға тиесілі екендігіне көз жеткізіңіз. Карточкамен күмәнді сайттар арқылы есеп-айырысудың қажеті жоқ және танымал емес компаниялардың қызметтерін пайдаланбаңыз.

Ешқандай компания сіздің пин-кодыңызды талап ете алмайды. Осындай ақпарат алу үшін сұрау жіберген сайттар 100 пайыз алаяқтар болып табылады. Интернет арқылы қауіпсіз төлемдер жүргізуге арналған *Virtual* карточкасын пайдалану ұсынылады. Карточканың бұл түрі Интернет арқылы бүкіл әлем бойынша электронды дүкендердегі тауарлар мен қызметтерді, сонымен қатар Интернет провайдерлерінің, туристік фирмалардың қызметтерін төлеуге және т.б. қолданылады.»

Карточканың ПИН-кодын анықтау

Алаяқтықтың жоғары технологиялық тәсілдерінің бірі банкоматқа магниттік жолақтан ақпараттарды анықтайтын бағдарламалар немесе құрылғылар орнатылады. Осыдан кейін шоттың деректері «ақ пластикке» ауыстырылады. Сондай-ақ, банкоматта пин-код сандарын теру кезектілігін жазып алатын кішігірім камера орнатылуы мүмкін. Бұл жағдайда алаяқтар сіздің шотыңыздан барлық қаражатты шешіп алуы мүмкін.

Пин-кодтың бөтен адамдарға белгілі болуына клиенттің өзі кінәлі.



■ **«Қазкоммерцбанк» АҚ қоғамдық байланыс департаменті директорының орынбасары Александр Ляхов:**

«Картчканың магниттік жолағының деректері және пин-код Қазақстаннан тыс жерлерде жария болған және олар бойынша алаяқтық әрекеттер Қазақстаннан тыс жерлерде орындаған жағдайлар да кездескен.

Мұндай алаяқтықпен күресу үшін банкоматтарға, банктік дүмбірішектерге және кассалық қызмет көрсету орындарына бейнебақылау жүргізіледі. Сондай-ақ, мұндай алаяқтық түрінен болған зияндарды азайту үшін сіздің карточкаңыздан қолма-қол ақшаларды шешіп алуға тәуліктік лимиттер қою, күмәнді транзакциялар мониторингі, карточка ұстаушыларына карточканы қауіпсіз пайдалану ережелері туралы хабарлау сияқты шаралар қабылданады».



■ **Бұл маңызды!**

Банктер біздің карточкалы шоттарымыздың қауіпсіздік жүйесін жетілдіруге және оны қалай пайдалану керектігі, ақшамызды сақтау үшін қандай шаралар қолдану керектігі жайында хабарлауға тырысады. Дегенмен өзгенің мүлкін ұнататындар банк қызметкерлері арасында да кездеседі (нақты дәлелдер орын алған), сондықтан

өте сақ болып, өзіңіздің транзакцияларыңызды және картадағы балансыңызды үнемі тексеру (банктен шот қозғалысы бойынша үзіндіні сұрау) керек.

Банкомат картаңызды жұтып қойған жағдайда

Кейде алаяқтар өздерінің жеке «банкоматтарын» адам көп жүретін орындарға қояды. Ол, әрине, ақша бермейді, бірақ карточкадан барлық қажетті деректерді анықтайды. Банкомат (жалған) картаны қайтармайтындай арнайы бағдарлануы мүмкін, бұл жағдайда ешқандай «ақ пластиктің» керегі жоқ. Өйткені, адам оның карточкасын алып беретін топты банкоматтың алдында күтпейді, міндетті түрде ол жерден, ең болмағанда банкке хабарласу үшін бір жаққа кетіп қалады. Осы сәтте қаскүнем кедергісіз картаны алып, оны өзінің керегінше қолданады.

Көп жағдайда алаяқтар карточка туралы мәліметтерді алуға көмектесетін банкоматта орнатылған құрылғыларды қолданады. Мысалы, пернетақтаға сыртқы түрі түпнұсқалы басқыштарға ұқсас арнайы саптамалар орнатылады. Картаның иесі ешқандай кедергісіз шоттан ақшасын алады, осы сәтте жасанды пернетақта барлық басқан басқыштарды және пин-кодты есте сақтайды. Басқа да құрылғы – өлшемі карточканың өлшеміне ұқсас пластикалық конверттер қолданылады. Бұл конверттер банкоматтың саңылауына салынады. Картаның иесі ақшасын алғысы келеді, бірақ банкомат магниттік жолақтан деректерді анықтай алмайды. Сонымен бірге, конверттің орнатылу салдарынан карточканы қайтарып алу мүмкін болмайды. Осы сәтте қаскүнем жаныңа жақындап, екі күн бұрын оның да басынан осы жағдайдың өткенін айтады. Пин-кодты енгізіп, «Cancel» екі рет бассаңыз картаны

кері қайтарып алатыныңызды айтады. Карточканың иесі осы амалды қайталайды, бірақ ештеңе шықпайды. Сол уақытта ол карточканы банкоматта қалдырып, банкке хабарласу үшін кетіп қалады. Осы уақытта алаяқ қолдан жасалған құралдың көмегімен конвертпен бірге карточканы алып, пин-кодын тереді. Осы амалдан кейін оған ақшаны шоттан шешіп алу қиынға соқпайды.



«Альянс Банк» АҚ ақпараттық қауіпсіздік және техникалық қорғау департаментінің директоры Александр Парфеев:

«Бөлек тұрған банкомат жалған операциялар үшін арнайы жабдықталатын да жағдайлар болады. Оның үстіне жасанды алдыңғы панель бекітіледі. Оның негізгі қызметі – банкоматтан ақшаны алуға кедергі болу. Карточканың иесі, өзі терген соманы банкомат неге бермегендігін түсінбейді. Осы жағдайда, олар көбінесе банкоматты бұзылған деп санап, шоттағы қалдықты тексеруге ұмытып кетеді. Ал, алаяқтар панельді шешіп, ақшаны алып кетеді. Тексерілген жерде орнатылған банкоматтарды пайдалану керек, егер банкомат картаны қайтармаса немесе ақша бермесе, жедел банкке хабарласып, банктен кеңес алмайынша сол орныңыздан қозғалмаңыз».

Картаны ұрлаған сәтті сіз байқамаған жағдайда

Кейде, картаның көптігінен оларды жиі қолданбайды. Картаның жоғалғандығын байқамайды. Нәтижесінде: карта да

жоқ, шоттағы ақша да жоқ (немесе сіздің кредитқаңыз арқылы әлдекім банктен қарыз алады).



«Банк ЦентрКредит» АҚ Банктік карточкаларды шығару және қызмет көрсету басқармасының бастығы Светлана Гофман:

«Ұрланған несиелік карточкаларды алаяқтық амалмен қолдану кеңінен таралған қылмыстық іс. Егер алаяқ клиенттің пин-кодын білсе, келтіретін зиян көп болуы мүмкін. Бұл жағдайда, эмитент-банк ұрланған картаны электрондық шектеу-парағына (жарамсыз карталардың тізіміне) енгізгенге дейін электрондық касса-банкоматтарының желісі арқылы клиенттің шотынан ірі соманы шешіп алады.

Карточканы пошта арқылы жіберген кезде оның тоналу жағдайында алаяқтықтың ерекшелігі карточканың иесі карточканың жоғалғандығы жайында білмейді, күмәнданбайды да. Алаяқтықтың бұл амалы кезінде тонауды тоқтату өте қиын. Бұл амал әзірге бізде таралмаған. Егер сіз карточкаңыздың ұрланғанын байқасаңыз, картаны блоктау үшін банктің клиенттік қолдау қызметіне жедел хабарласыңыз».

Тәжірибе көрсетіп отырғандай, кәсіпқой-алаяқтар қазіргі заманғы озық технологиялар мен әдістерді қолданады. Сондықтан санаттылық жүйелер ғана – сандық бейнеге негізделген және әртүрлі күзеттік арнайы құрылғылармен жабдықталған жоғары технологиялық бағдарламалық-

аппараттық кешендер банкоматтарды қорғау проблемаларын шешуге қабілетті.

Банкоматтарды өндіретін әлемдік көшбасшылардың бірі Wincor Nixdorf компаниясының мамандары жақын арада банкоматтардың қауіпсіздік санаттылық жүйесі жаппай ендіріледі, сонымен қатар қаскүнемдердің әрекеттеріне сенімді кедергі бола алатын басқа да арнайы шаралар қолданылады деп болжайды.



Картаны қауіпсіз пайдалану және алаяқтықтан аулақ болу үшін оның ұстаушысына бірнеше пайдалы кеңестер мен ұсыныстар:

- банктен картаны алған кезде міндетті түрде оған қол қойыңыз;*
- картаның нөмірі мен жеке сәйкестендірілген нөмірді (ПИН кодты) басқалардан құпияда ұстаңыз;*
- карталарыңыздың бар екендігін жиі тексеріңіз;*
- өзіңіздің шотыңыздың жай-күйін білу үшін шот жөніндегі менеджермен байланыста болыңыз, шоттың үзінділерін жиі тексеріңіз;*
- өзгерген тұрғылықты мекен-жайыңыз, телефоныңыз, жұмыс орныңыз және т.б. өзгерістер туралы банкке хабарлаңыз;*
- өзіңізбен бірге картаңыздың нөмірі мен банк телефонын алып жүріңіз;*
- слип және қол қойылған касса чектерін үш ай бойына сақтаңыз;*
- картаңыздың нөмірі көрсетілген қажет емес кез келген құжаттарды жойыңыз;*
- пин-кодты басқалардың қолы жететін жерде сақтамаңыз, пин-кодты есте сақтау міндетті;*

- пин-кодты бөтен тұлғаларға көрсетпей және көрінбейтіндей теріңіз;
 - картаны басқа тұлғаға бермеңіз, сауда және сервис кәсіпорындарында картаға қатысты барлық операциялар сіздің қатысуыңызбен орындалуын қадағалаңыз;
 - тұтынушыларды қорғау жергілікті ұйымдарынан таныс емес компаниялар жайында анықтама жинаңыз;
 - алаяқтарға жария болуы мүмкін ақпараттарды басқаларға таратпаңыз;
 - Интернет арқылы кіретін өзіңіздің шотыңыздың паролін ешкімге бермеңіз;
 - осы шотты қолданып, тауарды немесе қызметті сатып алғыңыз келетін жағдайдан басқа, өзіңіздің шотыңыз туралы ақпаратты ешкімге бермеңіз;
 - қосымша карталарды сіздің отбасыңыздың мүшелерімен (жұбайыңыздың, балаларыңыздың, ата-аналарыңыздың) қолданылуын бақылаңыз. Сіз қосымша карталар бойынша жүргізілетін барлық операцияларға толық жауап бересіз.
-

Интернеттегі алаяқтық

Интернет, сөзсіз, жер бетіндегі адамдарға төңкеріс жасады. Ол коммуникация және ақпарат іздеу үшін шексіз мүмкіндіктер ашты. Орындықтан тұрмастан, кез келген континентте негізделген веб-парақтарды ашып, планетамен виртуалды саяхат жасауға болады. Дегенмен Интернет қауіптерді көбейтті, виртуалды алаяқтардан алданған Остап Бендерлердің жаңа түрін алып келді.

1998 жылы нигериялық диктатор генерал Сани Абачи қайтыс болды. Билік басында жүріп ол қазынадан 4 миллиард

доллар ұрлаған деген болжам бар. Кейін, оның жесір әйелінен бүкіл әлем бойынша электронды хаттар тарай бастады. Онда жесір әйел осы хатты алушыға елден осы ақшаларды алып кету қызметтерін көрсетуді жалбарынып сұраған және диктатор ұрлаған осы миллиардтың 25 миллионын беретіндігі айтылған. Осы ұсынысқа келіскендерге, «жесір әйелдің» шотына алдын ала төлем жүргізуді ұсынған. Басында ол «заңгердің қызметіне», сосын – «аударымға комиссия» және т.б. төлеуі тиіс болатын. Бейшара уәделі миллионды әрине алмаған. Шындығында, жесір әйел атынан біріккен алаяқтар тобы әрекет еткен. Басында, негізінде бұл – нигериялықтар болған, ал кейінірек жаман әдет секілді жұқпалы осы алаяқтықты басқа елдердің киберқылмыскерлері жасаған. Алаяқтар ойлап тапқан аңыздардың саны біртіндеп көбейе бастады. Жалпы, теориялық жағынан, әрқайсымыз төменде ұсынылған хаттарды алуымыз мүмкін.

«Заңсыз ақшалардың ағылуы» – қылмыстық амалмен алынған ақшаларды заңдастыруға көмек бергеніңіз үшін мол ақша беруге уәде береді, ол үшін американдық банктерден шоттар ашуға немесе бұрын ашылған шоттарыңызға рұқсат беруді ұсынады, кейде – тіпті Нигерияға өздері ұшып баруға да келіседі.

«Мұрагерлік» – кенет анықталған қайтыс болған бай туысыңыздың мұрасын алу процесіне тартады, өз үлесіңізді алу үшін «тасымалдау шығындарын» төлеуді ұсынады».

«Nigerian National Petroleum Co.» – нигериялық мұнай фирмасының атынан арзан мұнайдың көп мөлшерін жеткізуге уәде береді – сізден «тасымалдау шығындарын» және «параға» ақша сұрайды».

«Бас тартуға болмайтын жұмыс» – «мұнай компаниясы» жалақысы жоғары және шарттары керемет тартымды жұмыс орнын ұсынады, бірақ «визаны және жұмысқа орна-

ласу үшін басқа да қажетті құжаттарды рәсімдеу» үшін төлем жүргізуіңізді талап етеді».

«Лотерея ұтысы» – жәбірленуші бұрын-соңды қатыспаған лотереяның ірі ұтысы туралы хабарлама алады. «Гринкардс» деп аталатын әйгілі тақырыбы АҚШ Мемдеп сізден дербес деректеріңізді жіберуіңізді, сосын сақтандыру мен бажды төлеуіңізді сұрайды.

«Тауқыметтегі әйел» – чатта әлдебір келбетті америкалық немесе нигериялық әйел пайда болады да, өзіне құрбанын тауып, онымен белгілі бір уақытқа дейін «интимдік хат жазысады», кенет «тауқыметке түсіп қалады да», оған көмек ретінде ақша жіберуіңізді сұрайды.

«Саддам алтыны» – әлдебір америкалық полковник Ирак диктаторына тиесілі алтынды іздеу операциясына қатысадымыс. Алтынды көріп жолдан тайған ол, қазынаны – доллар пачкасы мен алтын кесектерін ұрлайды. Осы үшін тұтқындалып, соттың үкімін күтіп, түрмеде қамауда отыр. Өзінің хатының соңында, табысқа кенелгісі келетін барлығына, оның шотына ақша сомасын аударуды сұрайды, өйткені қазынаны басқа шотқа аудару үшін банк ақшалай кепілдік сұрайтындығын айтады.

«Ходорковский миллиондары» – жаңа кезеңнің Ресей жаңалығы екені анық. Аңыздың екі нұсқасы белгілі. Ходорковский өкілі кез келген адамның шетелдегі шотына «олигархтың ақшасын» – 450 миллион долларды жедел аударуға көмек сұрайды. Алушыдан өзінің электрондық поштасын, телефон нөмірін, сондай-ақ, банктік шоттың нөмірі мен оның паролін хабарлауды талап етеді. Сосын «Ходорковский өкілі» алушыға мәміленің толық мәліметтері туралы хабар беретініне уәде береді. Егер мәміле сәтті аяқталса, адресатқа соманың 4% беруге уәделеседі. Ал, басқа хаттар Ходорковскийдің жеке хатшысы-мыс, Людмила Кимаевадан келеді. Ол белгілі бір

банктік шотта тоқтап қалған 45 миллион долларды иемденуге көмек сұрайды. ЮКОС-тың бас бухгалтерімен бәрі келісілгендігін, кез келген біреу ресейлік емес банктің бірінен шот ашуын, және осы соманың сол шотқа аударылатындығын айтады. Көмек үшін соманың 10% беруге уәде етеді, бірақ алдымен ортадағы адамға «тасымалдау шығындарын өтеу» үшін осы шотқа белгілі бір соманы аударуды сұрайды.

Әртүрлі «орамасына» карамастан, барлық хаттардың ішіндегі мазмұны бір – алдын ала төлем алу не құрбандардан оның банктік шотына кіруді қамтамасыз ететін деректерді сұрап алу. Бұл түсінікті, сенгіш аңқау адамдар – өзінің ақшаларының жоғалуына тап болады. Алаяқтықтың бұл түрлері «нигериялық хаттар» немесе «419-айла» (осы қылмыс түріне қарастырылған нигериялық заңнамадағы баптың нөмірі) деп аталып жүр. Мұның барлығы интернет-технологиялардың білгірлері, банктік операциялардың мамандары, жасанды құжаттар, жасанды төлқұжат жасайтын адамдар, жалған адвокаттар, әлеуметтік инженерия ептілері және әдебиет саласы бойынша антинобель сыйлығының иегерлері атанған хаттарды ойлап тапқыштар. Олардың жіберілімдерінде көбінесе лотерея, мұнай компанияларының, банктер мен мемлекеттік мекемелердің сайттарын бүркемелейтін жалған интернет-сайттар көрсетіледі. Кейде алаяқтар құрбандар Британияға хабарласты деп ойлау үшін Лондонның коды бар телефон нөмірлерін қолданады. Лондонның телефондары көрсетілген, Ұлттық британиялық лотереяны ұтып алған 250 мың фунт стерлинг туралы осы тектес хаттардың үлгілері редакция топтамасында сақталған. Мұндай бірнеше хаттарды өткен күзде алдық. Шіркін-ай, осының бәрі шындық болса ғой, егер осы «ұтып алынған» сомаларды жинасаң – сол Ходорковскийдің өзі біздің байлағымызға қызығар еді!

Жақында сомасы төмен (шындыққа жанасу үшін) лотерея ұтысы жайындағы ресейлік ертегі-хат пайда болды. Мұндай хаттың мазмұны мынадай:

«Құттықтаймыз!!! Сіз e-mail адресстер конкурсының жеңімпазы атандыңыз. Конкурс абоненттің e-mail адресстер базасынан таңдау және оған «Жеңімпаз» атағы берілу негізінде өткізілді. Барлық жеңіске жеткен абоненттер саны 845. Өрқайсысының ұтыс сомасы 25 000 рубльді құрады. Ұтыс барлық ірі E-mail серверлер иелерінің ықпалымен өткізілді. Ұтысты алу үшін мемлекеттік баж төлейсіз. Ол құжаттарды рәсімдеу және шотты ашу үшін қажет. Төлем сомасы 194 рубль».

Мұндай ұтыс туралы хабарландыруға мүлдем сенуге болмайды, себебі ешбір лотерея алдын ала билет сатып алмай тұрып өткізілмейді. Теорияда мұндай алдаудың одан да күрделі формалары кездеседі. Кейбір отандық банктер өз клиенттерінің банктік шоттары арасында да ұтыстар өткізіп жатады. Осыған байланысты алаяқтар қандай-да бір банк атынан салымшыларды «жеңімпаз» атандырып, пайда көргісі келуі әбден мүмкін.

Мұндағы ең қызықтысы, «нигериялық хаттарға» сенетін адамдар қазірдің өзінде жоқ емес. Американдықтардың статистикасына сүйенетін болсақ аталған хатты алған миллиондаған Интернет желісін пайдаланушылардың 1%-ы алаяқтардың қармауына ілігіп қалады екен. Мұндай алаяқтықтың құрбанына әдетте сенгіш және әсершіл адамдар айналады. Себебі мұндай хаттардың мәтіні өте аянышты сипатта жазылады. Ауқатты елдердің тұрғындары көбінесе адамның 700-1000 АҚШ доллары үшін бірнеше ай бойы хат жазысуы мүмкін емес деген ойлары үшін алданып қалады. Олардың ақша жіберген елдерде бірнеше жүз доллардың да айтарлықтай қомақты сома екендігі олардың

ойына кіріп те шықпайды. Әсіресе, мұндай мүшкіл жағдай Нигерияда диктаторлық экономикалық саясаттың жүргізілуі нәтижесінде орнаған.

Сонымен қатар, адамдардың алдануға дайын екінші тобы бар. Естеріңізде болса баршаға танымал МММ жарнама-сында екі ағайындылар дастархан басында әңгімелеседі: «Федя, мен МММ акцияларын сатып алдым!» - «Вася, сен жатып ішерсің!» - «Жоқ, Федя, мен жатып ішер емеспін, мен әріптеспін!» Бірақ уақыттың көрсетуінше Вася сияқтылар шынымен де жатып ішер болып шықты және мыңдаған басқа адамдар сияқты ақшаларынан қағылып қалды. «Нигериялық хаттарға» алданатын адамдар да, жеңіл жолды таңдай отырып қомақты ақшаға қол жеткізгісі келетін адамдар. Көбінесе олар «Тегін ірімшік тек қақпанда болады» деген накыл сөзді ұмытып жатады.

Африканың босқынға айналған миллионерлерінен келетін хаттарды әдетте, танысу сайттарына тіркелгендер алады. Себебі ондай адамдар, шындығында да хаттарды танысқысы келетін бейтаныс адамдардан күтетіндіктен, қолдарына түскен хаттарды бастан аяқ оқып шығады. Сондықтан да оларды хаттың қара нәсілді жігіттен немесе қыздан келіп түскені таңқалдырмайды. Ал, шындығында, алғашқы хаттарды жіберумен пошталық робот айналысады. Алғашқы хаттың өзі күдік туғызуы тиіс: ондай хаттарда бірінші жолдарынан бастап арайлы сезімді мойындаулар кездесіп жатады. Өзіңізге сауал қоя біліңіз: «Бұл сезім қайдан пайда бола қалды?!» Себебі мұндай хаттар сіз суретіңізді орналастырмай тұрып келуі де мүмкін. «Нигериялық хаттардың» авторлары өз құрбандарын ерлердің де әйелдердің де арасынан табуда. Әйелдерге қатысында олардың табысқа жетуінің өкінішке қарай, мүмкіндігі мольрақ. Отандастарымыздың бір бөлігі шетелден бай күйеу тапқысы келетіні ешкімге де құпия емес, бұдан шығатын қорытынды: олар аталған интернет-

аялақтарының құрбаны ретінде «пісіп-жетіліп отырған» адамдар.

Орыс тілді интернет сайттарын пайдаланушылардың «кибералаяқтар ТМД елдері азаматтарына оларды аңқау адамдар ретінде таңдайды» деген ойы шындыққа жанаспайды. «Нигериялық хаттар» бүкіл әлем бойынша тарауда. Бірақ бүтіндей алғанда алаяқтар бай және аңғал адамдар ретінде американдықтарға бағдар алады. Нигериялықтар өз қылмыстарын өз құрбандарының құрбан еместігімен ақтауға тырысады: олардың ойынша алданатын адамдар тойымсыз және өтірікші магхалар. Магха деген сөз йоруба тілінен аударғанда – «ақымақ» дегенді білдіреді. Шындығында да, АҚШ консулдығының өкілдеріне 200 мың доллар сомасындағы ақшасынан айрылған адамдармен сөйлесуге тура келеді. Оларды аптасына бірнеше рет түн уақытында оятып қиын жағдайда көмек көрсетуін сұрайды, мысалы: өз «ғашықтарын» нигериялық түрмеден шығару ісінде көмек көрсетуін сұрайды. Қаншама дипломаттар ешқандай ғашықтарының жоқ екенін түсіндіруге мәжбүр болады.

Тексерілмеген мәліметтерге сәйкес орташа «нигериялық хат» жазушысының табысы алданған адамдардың жіберген ақшасының 20% құрайды екен. Аталған 20% толығымен алынбаған күннің өзінде ондай хат жазғыштардың табысы айына 900 доллардан кем түспейді, ал кейде 6-7 мың долларға да жетіп жатады. Алданған адамдар саны айына шамамен 25-40 адамды құрайды.

Интернеттің орыс тілді пайдаланушылары да «нигериялық хаттардан» тыс қалып жатқан жоқ. Антиспамерлік форумдардағы хабарландырулармен жақсылап танысатын болсақ кейбір орыс тілді азаматтар да аталған хаттарға жауап беріп, бірнеше жүз доллардан, ал кейде бірнеше мың долларларынан да қағылып жатады. Ал бүтіндей алатын болсақ,

«нигериялық хат» жазушыларға бұрынғы кеңестік адамдарды алдау қиынға соғатын көрінеді. Біріншіден олар біздегі ахуалды жақсы біле бермегендіктен хаттарын ағылшын тілінде жазады. Мұндай хаттарды алушылардың басым бөлігі тілді білмегендіктен оларға жауап жазу былай тұрсын, оқымайды да. Екіншіден, талап етілетін «үстеме шығындар» көптеген ТМД елдерінің өкілдері үшін қомақты сома болып көрінеді, себебі олардың арасында әл-ауқаты бойынша нигериялық азаматтардан асып кете алмағандары да бар. Сонымен қатар, арзан тұрмайтын халықаралық байланыс үшін шығындалу қандай да байланыс орнатуға деген ниетті жоққа шығарады. Шетелдегі банктік шотының нөмірін жіберу де азаматтардың көпшілігі үшін мазақ сияқты естіледі. Және де нарықтық қатынаста 15 жыл бойы өмір сүру халықты көп нәрсеге үйреткен сияқты. Біздің халықтың негізгі бөлігі қазіргі уақытта «жарқын болашақ» пен «алтын таулар» туралы әңгімеге сенбейтін болды.

Бірақ сарапшылардың берген кеңестерін ешқашан ұмытпаған жөн: байытудың жеңіл жолдарын ұсынатын электронды хаттарға жауап бермеу (аз уақыт ішінде ақша табу мен лоторея ұтысы сынды). Теміржол вагонын лотореядан ұтып алу, уәде берілген ақшаны алудан жеңілге түседі деген сөздің жаны бар.

Миллионер-сымақ

«Нигериялық хаттар» біздің де электрондық жәшіктерімізге күнделікті түсіп, бір мезетте олигархқа айналуы ұсынуда. Біздің де бір отандасымыз, «Курсивъ» газетінің қызметкері Марат Қайырбеков те осындай қақпандардың біріне түсіп қала жаздапты.

Тамыз айының тамаша бір күні өз хаттарын қарап отырған

Марат, қуаныштан орындығынан құлап қала жаздайды. Шалғай Испаниядан келген электронды хат Маратқа Испандық Халықаралық Лоторея “The Euromillions Int’l Lotto” ұтқанын хабарлау үшін жіберіліпті. Азды-көпті жүлденің сомасы – 1 390 000 евроны құрайды екен. Хабарландыруға сәйкес жеңімпаз кездейсоқ электронды адресті таңдау арқылы анықталған екен. Өз көзіне сенбеген Марат қалайша хат жіберушілермен хат жазыса бастағанын білмей қалады. Марат хат алмаса бастаған лотореялық ұйымның уәкілі Дон Педро Бустаманте ретінде танысады.

Дон Педро «жеңімпазды» құттықтап, оның жеке мәліметтерін қайта тексерген болып, ұтыс сомасын аудару мақсатында Мараттың банктік шотының нөмірін нақтылап алады. Марат ұйым өкіліне өз паспортының көшірмесі мен өзінің тұлғасын куәләндіру мақсатында берілген, қол қойылған қағазды жібереді. Бустаманте өз кезегінде «Үкіметпен үйлестіріледі» деген мөр басылған Лоторея комиссиясының сертификатын жолдайды.

Рәсімдеудің соңғы кезеңдерінде қиындықтар туындай бастайды. Ақшалық ұтысты нотариалды түрде куәләндыру, легализация рәсімі мен идентификация мақсатында 1 935 евро қажет екені анықталады. Әрине, бұл ақша Мараттың қалтасынан шығуы тиіс. Марат «таза қазақша» іс-әрекет жасай бастайды. Ол Дон Педроға қағаздардың сәйкестігін шешуі үшін ұтыстың 10 пайызын ұсынады. Ең қызықтысы, Дон Педромыз бірден келісіп, нақты әңгімелесу үшін Испаниядан телефон шалады.

Мадридтен келген келесі хатпен «Бәрі де ойдағыдай, Ақшаны аудардық күтіңіз!» деген хабарлама келеді. Бірақ белгіленген күні Марат миллионерге айналмады. Оның орнына Дон Педромыздан келесі хат келіп түсті, онда: «Испанияның Қаржы министрлігі ақша аударымына соманың 3 пайыздық

мөлшерінде салық төленбейінше тиым салды», - делінген. Бұстаманте Маратқа қол қусырып отыра бермеуге кеңес беріп өз атынан кең пейілмен 25 000 евро қосатынын айтты. Алматылық Марат өз шартын қойды: Кез-келген ақша аудару – ақшаның негізгі бөлігі келгеннен кейін ғана жүзеге асырылады. Хат жазысу хикаясы осымен аяқталды.

Интернет-алаяқтарының торына түсіп қалмаудың жолы

Компьютеріңізде міндетті түрде вирустардан қауіпсіздік үшін жауап беретін арнайы бағдарламалар орнатылуы тиіс. Антивирустық базаны кем дегенде аптасына бір рет жаңартып тұру қажет.

Күдікті мазмұнды сайттарға кіруден бас тартсаңыз өз жеке компьютеріңіздің вирусқа шалдығу мүмкіндігін айтарлықтай төмендететін боласыз. Мұндай сайттар қатарын негізінен контрафактілі аудио- және бейнематериалдарды тегін жүктеуді ұсынатын және порносайттар құрайды. Мұндай ресурстарда орналасқан файлдар әдетте зиянды бағдарламалармен қатар жүреді.

Сізге белгісіз мекен-жайлардан келіп түсетін хаттарға күдікпен қарап үйреніңіз. Мұндай хаттардың ішінде көбінесе «трояндар», «құрттар» мен зиянды вирустар болады.

Электронды поштаңызға келіп түсетін банктердің хабарландыру бланктерін, шоттардың көшірмелері мен басқа да ақпараттарды ұқыптылықпен оқып шығуға дағдыланыңыз. Мұндай ақпараттар күдік туғызатын болса өзіңіздің банкпен хабарласыңыз. Келесі ережені қатаң сақтаңыз: Желіде жеке мәліметтерді ешкімге беруге болмайды – шоттардың нөмірлері, web-әмияныңыздың нөмірі, парольдер мен басқа да ақпараттар.

Есіңізде болсын, алаяқтар адамдардың ең қарапайым

сезімдерін пайдаланады – сараңдық, көкіректік, «құлпынайға» деген әуестік, жалқаулық. Егер сіз осы сезімдердің біріне бағытталған күдікті хат алатын болсаңыз – өзіңізге бұл сізді алдау мақсатында жасалып отырған айла-шарғы емес пе деген сауал қоя біліңіз! Егер сізге табыстылығына сену қиын мәмілелер ұсынылса, бұл нағыз алдау екенін біліңіз.

Несиелермен байланысты алаяқтықтар

Қазақстандағы несиелік серпіліс алаяқтардың белсенді әрекет етуіне жол ашты. Несие алу ісінде көмек көрсетеміз деп арбайтын алаяқтар қомақты ақша сомаларына қол жеткізуде. Алаяқтықтың бұл түрі 2007 жылы кең етек жайды. «Өз» клиенттеріне аталған алаяқтар құжаттардың ең негізгі деген түрлерін пайдалана отырып несиені алып беруге уәде береді. Әрине олардың қызметтері ақша үшін жасалады, және олар талап ететін ақша сомасының көлемі аз емес. Қолға беріледі деген несиелер әдетте клиенттерге дейін жетпей жатады.

Жеке алғанда, Астанада сенгіш азаматтарға несиені немесе жер телімін алып беруге уәде беретін алаяқтар қолға түсіп жатады. Дүрлікпені пайдалана отырып алаяқтар жарнаманы ашық түрде береді және өз құрбандарын нотариусқа алып барып, несиені келісімшартын рәсімдеп, қолхаттар береді. Мұндай алаяқтықтардан жапа шеккендердің саны ондықтармен, ал келтірілген нұқсан көлемі миллиондармен есептеледі. Ал ақшаға құныққан пысықтарды сот шешімі де тоқтата алмауда.

Қазақстандық нарық уақыт өткен сайын алаяқтық жасауға ыңғайлы болып келе жатыр. Астаналықтар енді ғана сенімсіз құрылысшылармен байланыспау қажет екенін түсініп келе жатыр еді «лохотрон»-дардың жаңа формалары пайда бола қалды. Махинациялардың саны кемімеуде, ал алаяқтардың шеберлігі күннен күнге шындалуда.

Несие алушыларға банктер тарапынан қойылатын талаптарды қатаңдату да өз кезегінде алаяқтар санының артуына алып келді. «Бастапқы жарна мен табысты растаусыз ипотека рәсімдеуге көмектесемін» деген сияқты хабарландырулардың кездеспейтін жері жоқ. Әдетте делдал, несиенің табысты түрде рәсімдеудің себебін – банкте «өз адамым» бар деп түсіндіреді. Мадина Ж. мен Асия Р. мысалын келтіруге болады. Делдалдар Астана банктерінің бірінің филиалынан ипотекалық несие рәсімдеуге көмектесеміз деп уәде береді. Ал несие алынатын банк шындығында пәтер құнының 15-30% бастапқы жарнасы бар болған жағдайда ғана несие беретін болған.

Көмек көрсету үшін алынатын сома мөлшері әр клиентпен жеке түрде белгіленетін болған, ал клиенттерді сендіру үшін жеке куәлік, СТН мен ӘЖК көшірмелері талап етіліп, несие алу туралы келісім рәсімделетін болған. Үш жәбірленушіден шамамен 2 млн. теңге ақша алған делдалдар пәтер сатып алу үшін несиені рәсімдеу ісімен мүлдем шұғылданбаған. Жеңіл ақшаға құныққан делдалдар жер телімінің мемлекеттік актын жалған рәсімдеумен айналысып, ол жер теліміне төртінші клиенттері үй тұрғызып үлгерген. Салынған үйдің сенгіш қожайыны осы жер телімі үшін 555 мың теңге берген болып шықты.

Мұндай істердің саны Астананың соттарында бір немесе бірнеше емес. 26 жасар Астана тұрғыны Махаббат Ж. қаржылық алаяқтықпен кеңінен айналыса бастайды. Біріншіден ол әділет органдарында жұмыссыз ағасының атына ЖК тіркейді, кейіннен өзінің бір танысының атына ЖШС тіркеп екеуінен де кәсіпкерлік қызмет атқару бойынша сенімхат алады. Бұдан кейін аталған әйел бұқаралық ақпарат құралдарында Астана қаласында әр түрлі банктік несиелер алуға көмек көрсететендігі туралы хабарландыру береді. Келген клиенттер

тапсырыс келісімдеріне отырып өз ақшаларымен оңайлықпен қоштаса береді. Схема бойынша талай адам алданады. «Кәсіпкерлік» барлық мәселені шешумен айналыса бастайды, пәтер, коттедж, дүкен, машина сатып алу мақсатында ипотека мен несие рәсімдейміз деп уәде етеді.

Тергеу мәліметтеріне жүгінетін болсақ алаяқ қармауына 27 адам іліккен. Олардың әр қайсысы 2-7 мың доллары көлеміндегі сомаларын ауа үшін төлеген. Олардың бір бөлігінің қолында кіріс-кассалық ордері болса, екінші жартысында ақша төлегені туралы ешбір құжат жоқ. Аталған алаяқ әйел бір жанұяны екі рет алдап үлгеріпті: олар алғашында ипотека рәсімдеу үшін 4 мың доллар берсе, кейіннен аукционнан сатылатын пәтер үшін 16 мың доллар төлепті. Тергеу мәліметтері бойынша Махаббат оларға пәтерді басқа адамдармен қосылып сатып алуды ұсынған көрінеді. Нәтижесінде отбасы 2,2 млн теңгеден айырылды.

Алаяқтардың қармауына әдетте, қомақты капитал жинақтаған, есі кірген, тәжірибелі адамдар түсіп жатады. Олардың алаяқтарға деген сенгіштігі кейде таң қалдырады. Астаналық прокуратура басқармасының бастығы Біржан Мажреновтың сөзі бойынша, алаяқтардың құрбанына айналмаудың жолы бар. Ол үшін бірнеше ережені ұстану жеткілікті. Біріншіден, ешбір жағдайда делдалдарға несие алу немесе меншік құқығын рәсімдеп болмай тұрып ақша бермеу. Екіншіден, көмек көрсетуші туралы ақпарат жинақтау. Жеке түрде мекен-жай, төлқұжат мәліметтері мен телефондардың тіркелген және шындыққа сай екенін тексеру. Және соңғысы: тегін ірімшік тек қана қақпанда болатыны туралы ұмытпау. Және де, сіз қалаулы затыңызды заңдарды орындай отырып ала алмасаңыз, оны заңсыз жолмен ала алуыңыз екіталай.

Бірақ, несиелермен байланысты алаяқтықтардың көбі-

сі жалған төлқұжаттармен жасалады. Алаяқтар сенгіш азаматтардың төлқұжаттарын қолға түсіреді де, басқа сурет жабыстырып әр түрлі жерлерден бір уақытта бірнеше несие алуға тырысады. Өкінішке қарай адамдар өз сенгіштігінің арқасында төлқұжаттарды өз еркімен беріп қойып жатады. Сонымен қатар айта кететін жайт, мұндай алаяқтықпен жалғыз, жекелеген адамдар емес, ұйымдасқан топтар да айналысады. Олардың өз «еңбек бөлінісі» болады. Олардың бір бөлігі төлқұжаттар табу мен оларды жинақтаумен айналысса, басқалары құжаттарды сәйкестікке келтірумен айналысады. Олар төлқұжат иесінің келбеті мен жасына сәйкес келетін адамдарды тауып, суреттерді ауыстырып жабыстырады. Үшіншілері несие алумен айналысады.

Мұндай жолмен ипотекалық несие алу мүмкін емес, себебі ондай клиенттерді ұқыптылықпен тексерістен өткізеді. Сондай-ақ несиеге берілген пәтерді банк проблемалар туындаған жағдайда сатып жіберуге құқылы. Автокөлік несиеcін рәсімдеуге де бірнеше күн қажет болғандықтан клиентті жан-жақты тексеруге мүмкіндік бар.

Сондықтан да, алаяқтарды бір мезетте берілетін несиелер мен тұрмыстық техника мен электроника сатып алуға берілетін несиелер көбірек қызықтырады. Себебі аталған несиелер өте аз уақыт ішінде берілетіндіктен, бір-екі сағаттан кейін клиент техниканы болмаса ақшаны алып кете береді. Мұндай несиелердің сомасы бірнеше мың доллардан аспайды.

Сондықтан мұндайда алаяқтар, өзіне қажет емес болып қалған құжаттарды бірден лақтырып тастайды. Ал біраз уақыт өтіп несие бойынша ақша түспеген уақыттан бастап банк несие рәсімделген адамды төлқұжатының көшірмесіндегі мәліметтер бойынша іздестіре бастайды. Төлқұжаты арқылы несие алған адам ол туралы еш нәрсе білмесе банк алдында борышкерге айналады.

Басқа біреудің құжатын қолға түсірудің ең оңай әдісі жұмысқа қабылдау бойынша сұхбат өткізу. Мұндай технологиялар туралы келесі мысал арқылы танысуға болады. Кәсіби көлік жүргізуші хабарландыру арқылы жұмысқа орналасу үшін көрсетілген телефон номері бойынша байланысады. Телефоннан оған ер адам жауап беріп, кафеде кездесу туралы келіседі. Кездесу кезінде аталған ер кісі «үлкен бастықты, керемет көлікте тасу қажет» деп, қомақты жалақы ұсынады. Әңгіме соңында құжаттарды жедел рәсімдеу мақсатында төлқұжатын алып бірер күннен кейін өзі телефон арқылы хабарласатынын айтады. Азамат қайта хабарласпады, ал аталған адам жарты жылдан кейін өзінің құжаты бойынша несиеге нотбук алынғандығы туралы банк арқылы біледі.

Мұндай алаяқтықтың ауқымы кең болып табылады. Бір хабарландыруға жүздеген адам хабарласады. Олардың барлығына кездесу белгілейді және үміттендіріп алған соң төлқұжатын сұрайды. Осылайша, көп құжатқа қол жеткізіп, кейін солардың әрбіреуіне несие рәсімделеді.

Банк жұмысшылары сәйкес құжаттады заң қорғау органдарына жіберіп, кейінгілері алаяқтарды қылмыстық жауапкершілікке тартып жатады. Осыдан кейін ғана қылмыскерлер сот шешімі бойынша банкке келтірілген нұқсанды төлейтін болады.

Жиі адамдар өз таныстары мен туысқандарының құрбанына айналып жатады. Өзі үшін несие рәсімдеп беруді сұрайтын адамдар жиі кездеседі. Әдетте мұндай өтініші бар адамдардың қатары банк келісімін бермеген адамдардан құралады. Мұндай адамдар танысынан немесе туысынан өзіне несие рәсімдеп, өзім төлеп тұрамын деп уәде береді.

Бірақ әдетте, тауарға қол жеткізген адам төлем жасауды ұмытып та кетеді, сөйтіп сенгіш азамат өзіне рәсімдеген несие бойынша борыш өтеуге мәжбүр болып шығады.

Жылжымайтын мүлік нарығындағы алаяқтық

Жылжымайтын мүлік нарығындағы нақты мәмілелер сатып алушымен қатар, сатушыға да тиімсіз болып шығып жатады (жалған құжаттардан бастап адам өлтіруге дейін). Өз құқықтарын білмеу, алаңғасарлық пен шексіз сенгіштік қылмыскерлерге ешқандай жазалаусыз заңға қайшы әрекеттермен айналысуына жол береді.

Алаяқтықтың ең қауіпті түріне иелерін өз қалауынсыз меншік құқығынан айырып пәтерлері мен үйлерін сату жатады. Бұл үшін потенциалды объектілер болып саналатыны – жалғыз адамдар (зейнеткерлер), маскүнемдер, нашақорлар және психикалық денсаулығы жоқ азаматтар. Оларды әдетте өлтіреді немесе қала сыртына шығарып тастайды. Мұндай тұрғын үйлер бірден сатылымға қойылмайды. Ол «кірін кетіру» рәсімінен өткізіліп, адал азаматтарға сатылмастан бұрын сатып алу-сату бойынша бірнеше мәмілелерден өткізіледі.

Қазіргі уақытта «мемлекеттік бағдарлама» бойынша пәтер не жер телімін алып берумен байланысты алаяқтықтар кең етек жаюда. Алаяқтар қала әкімшілігінің, жер комитеттерінің және басқа да мемлекеттік органдардың қызметкерлері немесе олардың таныстары мен туыстары ретінде танысып, қандай-да бір ақы үшін пәтер не жер телімін алуға көмек көрсете алатынын айтады. Олар өздеріне алған міндеттемелерге ешқандай кепілдеме бермейді. Ақшаны қолға түсіре салып мұндай алаяқтар алданған адамдардың көзіне түспейтін жерлерге қашып кетеді.

Біреудің пәтерін жалға беру мен сату да кең тараған алаяқтық түріне жатады. Алаяқтықтың бұл түрі үй қожайыны жоқ кезде іске асырылады. Алаяқтар біріншіден үйді өздері жалға алады, олардың келесі міндеті – үй құжаттарына қол жеткізу немесе олардың жалған көшірмесін жасау. Осыдан

кейін олар өзін үйдің иесі ретінде таныстыра отырып сатып алушылармен келіссөздер жүргізе бастайды. Бұдан әрі жалған рәсімдеу немесе бірнеше потенциалды сатып алушыдан аванс алынған соң алаяқтарды табу өте қиын шаруаға айналады.

Пәтерлерді жалға алып, оны көптеген басқа жалға алушыларға беруге уәде етіп, міндетті түрде алдын ала бірнеше айға ақша алып алдап кету де аталған схемаға жатады. Пәтер сатып алу кезінде алаяқтық жасау дайындықты және жалған құжат дайындығын талап етсе, жалға алумен байланысты алаяқтықты жүзеге асыру жеңілге түседі. Пәтерді жалға алуға ниеттенген адамдар әдетте жалға алу туралы келісімшарт жасасу туралы ойланбайды да, ал жалға берушінің жеке куәлігін сұрау өз алдына ұмытылып жатады. Егер де жалға беруші жеке куәлігі мен пәтердің құжаттарын көрсетуден бас тартса, онда бұл адам алаяқ болып шығуы әбден мүмкін.

Жалған сенімхаттармен байланысты алаяқтықтар да кең тарап отыр. Мұндай алаяқтар пәтер иесін алдап одан сенімхат алып, иесінің қатысуынсыз сату-сатып алу туралы келісімшарт рәсімдейді. Пәтер иесі тірі бола тұрып оның өлуі туралы жалған куәлік жасаушылар да аз емес. Алаяқтар мұндайда, жалған немесе нағыз өлу туралы куәліктер сатып алып, онда қожайынның аты-жөнін жазып, өз қолдарымен өсиетхат жазып мұрагерлік құқығын рәсімдеу мақсатында нотариусқа барады.

Аванстармен жасалынатын алаяқтықтар да кездесіп жатады. Жалған сатушы сатып алушының ақшасын ала салып көзден ғайып болып кетеді. Әдетте мұндай алаяқтық жасауда адамның сараңдық сияқты сезіміне бағдар алынады. Мұндай пәтерлердің құны әрқашан нарықтағы орташа бағалармен салыстырғанда төмен болады. Сатушы әдетте пәтер басқа адамдарға сатылуы мүмкін екенін түсіндіріп клиентті

асықтыра бастайды. Алдын ала берілетін жарна төленгеннен кейін мәміле белгісіз себептермен жасалынбайтын болып шығады және осыдан кейін алаяқтар жәбірленушіден алдыңғы ақшадан көп мөлшерде ақша талап ете бастайды.

Бірнеше тұлғалардың келісуі арқылы жасалынатын алаяқтық түрлері де болады. Егер мәміленің бір тарабы ретінде қабілетсіз немесе қабілеттіліктері шектеулі адам көрініс беретін болса, мүдделі тұлғалар мәміле жасауға бастама беріп кейіннен сату-сатып алу мәмілесінің заңсыз жасалынуы туралы сотқа шағым беріп, соттан жеңіп шығуы да ықтимал. Мұндай жағдайлар кәметке толмағандар мен жұбайының құқықтары бұзылған жағдайда да орын алуы мүмкін. Тіпті сатушыға зорлық көрсетілді деп дәлелденсе де мәмілелер күші жойылған болып танылады.

Жыл өткен сайын жылжымайтын мүлік нарығында алдаудың жаңа формалары пайда болуда. Мұнда адамдардың қарапайым сенімі кеңінен және белсенді түрде пайдаланылады. Кез-келген алдау формасы қылмыскердің жәбірленушіні мәміленің толық заңды жасалуына сендіруіне негізделеді. Алдау нәтижесінде жәбірленуші алаяқтарға мүлкі мен ақшаларын өз еркімен табыстайды. Әрине, мұндағы мүлікті табыстаудың еріктілігі шындыққа сәйкес келмейді, себебі ол алдаумен шарттанған.

Жылжымайтын мүлік нарығындағы алаяқтықтан сақтану үшін әр пәтер немесе үйдің құрылыс сәтінен басталатын жеке тарихы болатынын білу қажет. Кейіннен ол азаматтық-құқықтық мәмілелердің объектісіне айналады, басқаша айтқанда оны сатады, сыйлайды, мұраға қалдырады немесе кепілдікке салады. Бұл мәмілелердің барлығы заңдастырылған түрде жүзеге асырылуы тиіс. Бұл контексте «тұрғын үйдің заңды тазалығы» деген термин пайдаланылады. Тұрғын үймен жасалынатын мәмілілер кезінде үшінші тұлғалардың мүдделері бұзылмауы

тиіс, бұл шарт сақталмағанда аталған тұлғалар мәміленің күшін жою мақсатында сотқа шағымдануына болады.

Тұрғын үй нарығындағы көптеген алаяқтықтардан келесі ережелерді білу арқылы сақтануға болады:

- Құжаттарды ешбір жағдайда басқа адамдарға бермеу.
- Тұрғын үй сатып алу кезінде сенімхат бойынша жұмыс істейтін адаммен жұмыс істейтін болсаңыз тексеру мақсатында сенімгермен кездесуді талап етіңіз.
- Авансты келісім жасасатын адамыңыздың сенімді екеніне көзіңіз жеткенде ғана беру.
- Сату-сатып алу келісін жасау кезінде мәміленің сомасын кемітіп жазбау қажет, себебі егер сіз ақша қайтарылуы туралы шағымданатын болсаңыз құжатта көрсетілген ақшаны ғана қайтарып алатын боласыз.
- Тұрғын үйді жалға беру немесе алу кезінде міндетті түрде тараптар мен олардың құжаттарының мәліметтері көрсетілуі тиіс.
- Меншігінде тұрғын үйі бар жалғыз тұратын туысқаныңыз немесе танысыңыз болса, олардан таныс емес адамдар пәтерді айырбастау немесе сатуы туралы сұрап біліп жүр ме соны біліп жүргеніңіз дұрыс, себебі, алданған қожайынның құқықтарын қайтарудан алаяқтықтың алдын алу жеңілге түседі.
- Мәмілені жасау процессінде күдік туатын болса ерінбей пәтердің нағыз қожайыны кім, бұл үйге тіркелген басқа адамдар бар ма, пәтер кепілдікке берілмеген бе деген сияқты сұрақтардың жауабын алыңыз. Тұрғын үйдің бұрынғы тұрғындары мен көршілерімен әңгімелесіңіз. Егер олар әлеуметтік азғындаған немесе психикалық бұзылыстары бар адамдар болып шықса күдіктенуге себеп бар.
- Күрделі мәселелер туындаса міндетті түрде көмек пен түсіндірмелер үшін мамандарға жүгініңіз немесе мәміледен бас тартыңыз.

Қосымша

